



МОСКОВСКИЙ
ПОЛИТЕХ



ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА
ПРОЕКТНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



«ТУРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТИ/УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН-АСТАНА»/ «TURAN-
ASTANA» UNIVERSITY
МӘСКЕУ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ / МОСКОВСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ/ MOSCOW POLYTECHNIC UNIVERSITY



Қазақ ағартушысы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұовтың 150 жылдығына арналған
«ЖАСТАР, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР, ЖЕТІСТІКТЕР МЕН
ИННОВАЦИЯЛАР»

атты докторанттар, магистранттар және студенттердің XIII Халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

ТОМ II

МАТЕРИАЛЫ

XIII Международной научно-практической конференции докторантов, магистрантов и
студентов

«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА, ОБРАЗОВАНИЕ: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, ДОСТИЖЕНИЯ И
ИННОВАЦИИ»,

посвященной 150-летию со дня рождения казахского просветителя и общественного деятеля
Ахмета Байтұрсынова

ТОМ II

THE MATERIALS

XIII International Scientific and Practical Conference of doctoral students, undergraduates and
students

"YOUTH, SCIENCE, EDUCATION: TOPICAL ISSUES, ACHIEVEMENTS AND INNOVATIONS"
dedicated to the 150th anniversary of the birth of the famous Kazakh educator and public figure

Akhmet Baitursynov

VOLUME II

НҮР-СУЛТАН-2022

УДК 629.7

Б 55

- Б 56 *«Жастар, білім, ғылым: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар»:* Қазақ ағартушысы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған халықаралық ғыл.-практ. конф. мат. Нур-Султана: «Тұран-Астана» университеті, 2022.-342 б.

ISBN 978-601-7871-16-1

Жинаққа 2022 жылы 21-22 сәуірде «Тұран-Астана» университетінде өткізілген Қазақ ағартушысы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған *«Жастар, білім, ғылым: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар»* атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары енген. Конференция материалдары ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистранттар және студенттерге арналған.

В сборник вошли материалы Международной научно-практической конференции *«Молодежь, наука, образование: актуальные вопросы, достижения и инновации»*, посвященной 150-летию со дня рождения казахского просветителя и общественного деятеля Ахмета Байтурсынова, проходившей 21-22 апреля 2022 года в университете «Туран-Астана». Сборник рекомендован для научных работников, докторантов, магистрантов и студентов вузов.

УДК 629.7

Редакционная коллегия:

Джапарова Г.А., к.э.н., профессор; Алиев У.Ж., д.э.н., профессор; Баяндин М.А., к.э.н., профессор; Смоилов С.Ж., доктор PhD, доцент; Капенова А.З., к.э.н., профессор; Нарбинова М.М., к.ю.н., доцент; Умирзакова Л.А., к.ф.н., профессор Искаков Б.М., к.э.н., доцент; Капсалямпов К.Ж., к. ю. н., профессор; Абишева К. М., д.ф.н., профессор; Нагымжанова К. М., д.пед.н., профессор; Барсукова Р.А., к.ю.н., профессор; Бекбусинова Г.К., к.э.н., доцент; Шнайдер В.А. к.фил.н., доцент; Барлыков Е.К. к.э.н., доцент; Есымханова З.К. к.э.н., профессор; Жантیکеев С.К. к.пс.н., профессор;

ISBN 978-601-7871-16-1

университеті,

© «Тұран-Астана»

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫ

LITERARY AND ARTISTIC WORKS OF MAGZHAN ZHUMABAYEV

ЛИТЕРАТУРНО-ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ МАГЖАНА
ЖУМАБАЕВА

Аннотация. М.Жұмабаевтың шығармашылығының әдеби үдерісте алатын орнын бағамдалып, ақын поэзиясының тарих беттерінде ғасырлар бойы сақталып, әр дәуір үніне ілесіп, ұлтының мәдениетімен, әдебиетімен бірге жасаудағы өзіндік ерекшелігі айқындалды. Ақын поэзиясы туралы айтылған тұжырымды ойлар мен зерттеу еңбектер негізінді ақынның шығармашылық портретті жасалды.

Түйінді сөздер. Мағжан, ақын, поэзия, әдебиет, романтизм, өлең, символизм, тарих.

Аннотация. Оценивая место творчества М. Жумабаева в литературном процессе, была выявлена самобытность поэзии поэта, сохранявшаяся на страницах истории на протяжении веков, сопровождающая звучание каждой эпохи, вместе с культурой и литературой нации. В основе заключительных размышлений и исследовательских работ о поэзии поэта лежит создание творческого портрета поэта.

Ключевые слова. Мағжан, поэт, поэзия, литература, романтизм, поэзия, символизм, история.

Abstract. The role of M. Zhumabayev's works for the literary heritage of the Kazakh nation was assessed and the originality of his poetry, for centuries preserved on the pages of history and accompanied by the sounds of each epoch along with Kazakh culture and literature was revealed. On the grounds of final reflections and research works on the poet's poetry lies his creative portrait.

Keywords. Magzhan, poet, poetry, literature, romanticism, poetry, symbolism, history

Мағжанның ақындығын сөз еткенде, алдымен Жүсіпбек Аймауытовтың 1923 жылы айтқан мына пікірлерін есте ұстаған жөн: «Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті. Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттемей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбені көрініп тұрады. Қай өлеңін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз, бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді. Шер батса кім іздемес туған елің? Тұлпар да көздей ме туған жерін. Арқаның ардагері қалың алаш! Тұран да біле білсең, сенің жерің, – деген тәрізді сөздер еріксіз бір сезімді тудырады. Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі қытықтап, жыбырлатып қана қоймайды, түбімен суырып мейіріңді қандырады. Еркін балуан қан майдан да жарық еткізіп шалып соққанда, «Па, сабаз-ай!» деп отырған жұрттың айызы қанбай ма? Кейде Мағжан

желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де «Па, сабаз-ай!» дегің келеді. Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады. Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп атауға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге ауыз барады. Міне ашуланған батырдың суреті: Түкті қабақ жауып түскен көзіне Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде. Қырлы мұрын, қырмызы ерін, қап-қара Тікенектей түк шығып тұр жүзіне. Міне Көкшетаудың суреті: Көкшені күндіз, түнде мұнар басқан, Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан, Алдында бұйра жалды Бөлек тау тұр Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан. Мөп-мөлдір дөп-дөңгелек көл ортада, Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан. Мұндай айқын сурет қазақ ақындарында болып көрген жоқ... Мұндай суреттер толып жатыр... Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ».[7,34]

Мағжан поэзиясының алғашқы адымы ағартушы реализммен байланысты. 1911 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жатыр...» атты тырнақалды өлеңдерінің бірі бұл айтылғанға толық дәлел. Үлкен бір әдістің үлгісі ретінде және оқушының түсінігіне қолайлы болуы үшін өлең тексті келтіруді ұйғардық. Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр, Кілтін де өнер-білім ашып жатыр. Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп, Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр. Таласып өнер-білім алып жатыр, Күнбе-күн алға-қарай барып жатыр. Ойламай біздің қазақ текке жатыр, Бір іске жанаса алмай шетте жатыр. Байлары мыңды айдаған шалқып жатыр, Бар малын болыстыққа сарқып жатыр. Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс – Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр. Мағжан «Айқап» журналында және «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағында (1912) жарияланған туындыларында білімді, көзі ашық қазақ қана елін артта қалушылық апанынан алып шығады деген түйінді пікірін сан қайталайды. Оны «Қарасаң сонда қазақ арасына» («Айқап»1911,№12) өлеңінде «Баласын оқытумен жұмысы жоқ» деп елге ренішін жалаң публицистика тілімен жеткізеді. «Шолпан» жинағында жарық көрген «Ләззәт қайда?», «Жазғы таң», «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылады», «Балалық шақ», 20 «Қазағым», «Қарағым», «Күз күні», «Мен сорлы» өлеңдерінде біздің қазіргі түсінігімізде тіпті балаң жаса – 18-19 жасында «Оқу оқы, өнер қу» деп, сақалы сапсыған кісінің сөзін сөйлеп бір таңғалдырса, бұл тақырыпты талдауға басқа қырларынан келіп, биік өрелерден табылып екі таңғалдырады.

Абай эстетикалық мұраты – ақыл, жүрек, қайратты бірге ұстайтын толық адам. Жас Мағжанның бұл жөніндегі түсінігі тіпті қызық. Өзінің «Дала, қала» атты «Айқап» журналында жарияланған мақаласында (1912,мамыр) ол эстетикалық мұрат ұғымын қала мен деревня арасындағы ежелгі қайшылықты туындатады. Сайып келгенде, Абайдың толық адам хақындағы тұжырымына қосылады. Мағжан ақын мен білімді бір синонимдік қатарға жатқызып, білімі жетіспеген жан толық адам емес, жарты адам деген қорытындыға келеді. Ол ойын былай жеткізеді. «Міне, жаз жетсе дала әдемі, көңілді. Жалғыз-ақ сол сүйкімді даланың орасан бір кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз, ойсыз. Ішіп-жеу, ойнау-күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері. Ол – жарты адам». «Айқап» журналында жарияланған өлеңдердің көбінен жас Мағжан поэзиясының еңсесі әлдеқайда биік көрінеді. Ол алған тақырыбын ұтымды жеткізу үшін өзінше бір кілт іздейтін тәрізді. Өзге ақындар Ыбырай Алтынсариннің атақты «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің сарынын сағыздай созып, «қазағым, оқу оқы, босқа жатпа» деп айтылып қойған ойды қайталап, құр дірмәрлыққа салынса, жас ақын бұны ұтымды, әсерлі жеткізудің өзінше бір жолдарын іздейді. Ақынды алғашқы жолдарынан-ақ үйіріп әкеткен азаматтық мақсаттар сан салалы. Оны Мағжанның ағартушылық әдіс жүйесінде туған өлеңдерінің отаншылдық, ұлттық, әлеуметтік, әйел теңдігі мәселелерімен бірге өрілетіндігінен байқауға болады. Ләззәт – адамның ең бір ұшқыр, тәтті сезімдерінің бірі. Шығыс пен Батыс яки күллі әлем поэзиясында бұл – рақат, шаттық, байлық, сауық-сайран, махаббат сияқты тақырыптарды жырлағанда орын табатын сөз. Ал Мағжанның «Ләззәт қайда?» өлеңі мүлде басқаша арнада толқиды. Көңілдің шарқ ұрып іздейтін ләззәтінің бәрі керемет. Бірақ азаматтық мақсат осының бәрінен түңілуге бастайды. Жұртының қамын ойлап, уайым-қайғы жеп жүрсең – соның өзі ләззәт. Яғни құмарлық пен елім деп еңіреген ақыл-парасат тіреске шыққандай. Оның тағдырын

ағартушы демократ пікіріндегі автор шешеді. Құмарлықты ел қамын жеген ақыл-ой жеңеді. Сөйтіп, Мағжан ағартушы реализмі жүйесінде адам құмарлық сезімін ақыл-парасатқа жеңгізеді. Реализмге тән қасиеттің бірі – әлде не құбылыстың себебін іздеуде болса, бұл қасиеттен жас Мағжан поэзиясы ада емес. «Жатыр...» өлеңінде қазақтың мүшкіл халі ғана суреттелмейді. Уақыт тынысы әр жол сайын сезіледі. Көз алдында аянышты процесс жүріп жатыр. Өмір бәйге. Бәйгенің ең соңында шаң жұтқан қазақ. Оның себебін іздегенде ағартушы реализм аясы сәл тарлық еткендей. Артта қалушылық себебін жалғыз білімнен мақұрым қалудан іздемеу керек. Соны қолына жаңа қалам ұстаған автор түсініп үлгірген.[8,295]

«Шолпан» жинағы Мағжан Жұмабайдың ақындығының жас шағына, бірінші бастапқы кезеңіне (1910-1912) нүкте қойып қана қоймайды. Бұл әдебиетіміздің Ыбырай Алтынсарин, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың жарқын есімдерімен тығыз байланысты ағартушылық кезеңінің соңғы бекеті де болатын. Бұдан кейін оқу-білімге шақырған өлеңдер болса, жаңалығы там-тұм, ілгерідегі ағартушылық реализмнің сөзін қайталап, күйіс қайырудан әрі аспайтын. Жас Мағжан Абайға еліктеді, өзі алтын хакім атаған ақынмен бір тақырыпта өлең сөз жарыстырып та көрді. («Жазғытұры», «Күз»). Сонымен бірге бұл кездегі қоғамдық ойдың ұлттық сипаты, орыс империализмінің отаршылдық езгісіне қарсы күресі әсіресе қазақ поэзиясы мен публицистикасында айқын, ашық, басым сипат ала бастаушыларының бірі Мағжан Жұмабай болды. Алғашқы жинағының өзі ұлтшылдық сипат алса, мұның өзі тек кітап сөзіне еліктеуден тумаған. Мағжанның бірден ұлт ақыны боп қалыптасуына өмірдің өзі мәжбүр етті. Әлем әдебиетіндегі ұлы лириктер деп, туған халқымыздың Абай мен Мағжан ақынын алдымен ауызға алсақ, артық айтқандық емес. Мағжан Жұмабаев барша түрік әлемінің көңіл күмбезін көкке көтерерлік ақын.[9,15] Қазақ тірлігіне қатысты өлеңдерге, жалпы «Шолпан» жинағына байланысты атап өтуге тиісті нәрсе, – Мағжан ақындығының келесі сатыларында өрбітілетін және ағартушылық реализм кеңересінен асып төгілетін бірқатар тақырыптар көзі ашылады. Мағжанның жас шағының шындығы. Ол тақырыптар шақтап шиырып айтқанда былайша түзіледі:

– Абай поэзиясы дәстүрлерін ілгері бастыру, байыту мәселелері. («Артында қазақтың жас балалары, Сөзінді көсем қылып жүрер жөнге»).

– Ұлттың әлеуметтік құрамына байланысты проблемалар. Мағжан кедей мен байды ажыратпайды емес. «Кедейлер үсіп-тоңып дір қалтырар, Жылы үйде байлар жатар уайым жемес». («Шын сорлы»).

– Тұтас ұлттың қамын жеу. («Сорлы қазақ», «Қазағым»). Ел бірлігін, берекесін сақтау. («Байларын кедейлерге қарасқан көл»), – дейді Мағжан ақын Сасықкөл жағасындағы ынтымақты жырға қосып. Кедейлер, нашарлар, күшсіздер не істеуі керек? Өзі қойған сұраққа жауабы даяр: «Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» («Бір күні») . Біреуінің мүлкін біреуі тартып алсын, бай мен кедей қырқыссын деген сөздер кездеспейді.

– Әйел бостандығын аңсау. («Жас келін», «Зарлы сұлу», «Тілегім», «Алданған сұлу»). Әлем кеңістігіне қадам басу. Түркішілдік тақырыбы. («Орал тауы»). Мағжанды ақын ретінде, азамат ретінде де ерте пісті. Туып-өскен ортасы, ұяда көргені жасы жиырмаға толмай жатып-ақ туындыларында көркем сөз кестесіне түсін үлгерді. Қазақ басына түскен зұлматты көре, сезіне жүре ұлттық сезімі ерте оянды. «Болар елдің баласы он бесінде баспын дейді» – деген де сөз бар. Сол сөз Мағжанға арнап айтылғандай.

1913 жылы Мағжан өмірі мен шығармагерлігінің жаңа, екінші кезеңі басталады. Мағжан мұсылманша алынуға тиісті білімге жетіккенін сезініп, келесі белеске көтерілуді ойлайды. Орыс әдебиеті мен мәдениетінен нәр алып, осының негізінде батыс, әлем әдебиетімен кеңірек танысуға бел байлайды. Бірсыпыра даярлықтан соң 1914 жылы Омбы мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1917 жылы тәмамдайды. Тәмамдау, жалпы семинариядағы оқу Мағжанға оңайға түскен жоқ.

Екінші кезең Мағжан шығармашылығындағы айрықша бір жемісті, өнімді жылдар болды. Бұл жылдар бедерінде екі бірдей өлеңдер жинағы жарық көрді. Біріншісі – ақын Бернияз Күлеевтің «Бастырушыдан» атты алғы сөзімен 1922 жылы Қазан қаласында

(«Татарстан» матбағасы) жарияланды. Екіншісі – арасына жыл салып, 1923 жылы Ташкент шаһарында «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» деген атпен басылып шықты. Бұл жинақтан тыс 9 «Шолпан» журналында қазақ әдебиетінің асыл қазыналары – «Батыр Баян» атты поэмасы және «Шолпанның күнәсі» деген ұзақ әңгімесі дүниеге келді. Орынбор мен Ташкент баспаханаларында «Педагогика» атты (1922,1923) оқулығы басылып шықты. Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында өрістеген мәдени революция нәтижесінде елде жаппай сауатсыздықты жою науқаны басталды. Мағжан сол науқанға белсене қатысты. «Сауатты бол!» оқулығын жазды. Оқулықтың жұртқа ұнағаны сонша, қатарынан төрт рет басылып шыққан екен. «Сауатты болдың!» соңғы төртінші түзетіліп басылуы Мәскеу қаласында қазақ елінде бұған дейін құлақ естіп көз көрмеген таралыммен – 50 мың тиражбен басылып шықты. Түзетіліп басылды дейтіні оқулықтың соңғы нұсқасына Қазақстанда енгізіле бастаған латын әліппесі берілді. Осы қатарда Альбом ескерткіші түрінде, жастардың сүйіспеншілігіне арналған өзге де лирикасы қосылмақ. («Сен сұлу», «Көңілде қайғы қалдырмас», «Сүйгенім анық», «Жәмила», «Махаббат не?», «3-ға», «Сүйгеніме», «Жас сұлуға», «Н-ға», «Хор сипатты қарындас» т.т.) Мағжанның қазақ поэзиясында ашқан жаңа беттерінен және де айрықша атайтынымыз – ақынның Батыс, күллі әлем поэзиясындағы ауыз тұштитын жаңалықтарға ден қоюы. Осыған байланысты – символисттік ізденістер («От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Мені де өлім, әлдиле», «Бостандық», «Жаралы жан», «Берниязға», т.т.)

Символизм – романтизмнің бір бұтағы болғанда, осы тарапты өлең үлгілері ақын творчествосын қазақ поэзиясының және бір жемісті ағашы етіп бөлекшелеп тұратынын айту керек. Бұлар – «Жазғы жолда», «Қысқы жолда», «Жиіленді қара орман», «Қараңғылық қоюланып келеді» дейтін, т.б. өлеңдер. Символисттік туындыларынан «Шолпы» өлеңі реализм рендес. Тақырыптық жағынан Мағжанның әдебиетімізге, қала берді әлем поэзиясына енгізген жаңалығы – экология тақырыбы. Бұны өмір жыры етіп алғаш жырлағандардың бірі осы өзіміздің қазақ ақыны. («Жазды күні қалады», «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол».) Мағжанның поэзиялық бағынан философиялық лириканың шоң шынарын да кездестіреміз. Ақын біткен болмаса да, даналары өз тағдырын алдын ала сезініп, өлең жолдарына түсіретіні әдебиет тарихында айтылып, жазылып жатады. Мағжанның өз аяулы тағдырының қандай трагедиямен аяқталатынын күні бұрын болжап білгендей 1920 жылы жазған «Жан сөзі» өлеңі бүтін де оқыған жанның сай-сүйегін сырқыратады. «Ой» деген өлеңі атына қарағанда осы психологиялық құбылыстың сырын ашатын толғанис сияқты. Шын мәнісінде өлең ойдың сезімге әсерін суреттеген. Ойы улағанда ақын шетсіз, түпсіз тұңғыыққа батады, көзіне жас оралады, жүрегі көмір болады. Сондай тебіреніп күңіренген кенеулі ой толқындары «Атырау», «Жұлдыздарға», «Сағат», «Шылым», «Блок», т.б. бірқатар өлеңдеріне тән. Осы кезеңде де түрік тақырыбы ұмыт қалған жоқ. («Алыстағы бауырыма», «Орал».)

Жұмыс Шериядан Елеуменов зерттеу еңбегі негізінде жазылды. Мағжан Жұмабай – әлемдік деңгейге көтерілген күшті ақын. Оны мұндай биікке көтерген – негізінен қазақтың ұлттық поэзиясының нәрлі құнары. Ол – өзіне дейінгі, қазақ поэзиясын жақсы білген, керегін алған үздіктерінен үйреніп, оларды әрі қарай дамытқан жаңашыл ақын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. – Алматы: Жазушы, 1989. 416 б.
2. Елеуменов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2012. – 480б.
3. Елеуменов Ш. Мағжан. – Алматы. Санат, 1995. – 384б.
4. Елеуменов Ш. Ғасырмен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 482б.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Білік, 1999. – 273-274 б.
6. Досжанов Д. Абақты. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 260 б.

7. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы, 2005. – 256 бет.
8. Елеукенов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2012. – 480б.
9. Айтбаева А. XX ғасыр басындағы қазақ лирикасы. Диссертациялық жұмыс. – Алматы, 2001. – 118б
10. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары.–Алматы. Жазушы,1989. – 448б.
11. Мағжан Жұмабаев. Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар.–Алматы. Ғылым,1992. – 272 б.

ӘӨЖ 325

Идрисова Айерке

“Туран - Астана” университетінің “Ақпараттық жүйелер”
мамандығының 2 курс студенттері
Ғылыми жетекші: магистр Абдибекова Л.М

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ҒАСЫРЫ

ВЕК ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ

THE AGE OF INFORMATION SYSTEMS

Аннотация. В статье описывается текущее развитие и применение профессии программиста и объясняется роль программирования в наше время. Роль программирования в XXI веке.

Ключевые слова. Программирование, реальность, приложение, система, веб-технология, информатика, интернет, экономика, вклад в развитие, электроника, связь.

Аннотация. Мақалада бағдарламашы мамандығының қазіргі дамуы мен қолданылуы сипатталған және қазіргі уақытта бағдарламалаудың рөлі түсіндірілген. XXI ғасырдағы бағдарламалаудың рөлі.

Түйінді сөздер. Бағдарламалау, шындық, қолдану, жүйе, веб-технология, информатика, интернет, экономика, дамуға үлес, электроника, байланыс.

Abstract. The article describes the current development and application of the programming profession and explains the role of programming in our time. The role of programming in the XXI century.

Keywords. programming, reality, application, system, web technology, informatics, internet, economics, contribution to development, electronics, communications.

Мамандық таңдау өміріміздегі ең күрделі және маңызды шешімдердің бірі. Бұл сізді үлкен өмірге апаратын бірінші саты болып саналады. Тандалған мамандық болашақта бақытты болашақтың кілті болып табылады. Әрбір мамандық адамға көптеген талаптарды қояды. Мамандықпен жұмыс тек табыс табу үшін ғана емес сонымен қатар ол жұмыс сізге ұнауы қажет. Ең бастысы мамандық таңдау мәселесі байыптылықпен ескерілуі керек. Балалар өздерін ересектермен байланыстыра отырып, өздерінің мамандықтарын «үлгі етеді». Қазіргі таңда көбісі бағдарламашы, мұғалім, заңгер, қаржыгер, банкир, дәрігер болғысы келеді және бұл мамандықтар қазіргі кездері жақсы дамыған мамандықтардың бірі. Енді, қазіргі заманға сай және дамыған мамандыққа тоқталайық. Ол — бағдарламашы (информатика) мамандығы. Бағдарламалау мамандығының артықшылығына келетін болсақ:

– Біріншіден, өте танымал мамандық, өйткені біздің қазіргі әлемде жұмыс істемейтін түрлі технологиялардың көбісі бағдарламалау арқылы жұмыс істейді, ал компьютерлер мен интернет заманауи адамның өмірінің барлық салаларына кеңінен енеді.

– Екіншіден, егер бұл мамандық сұранысқа ие болса, онда ол жоғары ақы төленеді, әсіресе мансаптық өсу кезінде жалақы мен төлемдер бірнеше есе артады. Сонымен қатар, компьютерлік бағдарламаларды құру жасаушыға тұрақты табыс әкеледі.

– Үшіншіден, бұл мамандықта жақсы жұмыс шарттары бар. Оларға: тыныш және жайлы кеңсе, онда шу естілмейді. Бұл сіздің ойыңызды жинақтауға және өз жұмысыңызды істеуге кедергі келтірмейді.

– Төртіншіден, сіз қашықтан жұмыс істей аласыз: жұмыс нәтижелерін интернет арқылы жіберуге болады, тіпті егер сіз планетаның басқа жағында болсаңыз да, сізге тек интернет болса болғаны.

– Бесіншіден, бағдарламашы болып жұмыс істеудің өзі қызықты және ерекше міндеттерді шешу, креативті ойлауды талап етеді.

Бірақ, бәрі сияқты, бағдарламашы мамандығының да кемшіліктері бар.

– Біріншіден, сіз компьютерде көп отыруыңыз керек, және бұл денсаулыққа зиянды, сондықтан әр адам табандылықты дамыта бермейді. Яғни көп уақыт компьютер алдында отыруыңыз сіздің көзіңізге үлкен зияның тигізеді.

– Екіншіден, бағдарламашы мамандығы ауыр жұмысты қажет етеді, өйткені кейде сіз ұзақ уақыт және ұзақ уақыт орындалатын тапсырмаларды шешуге тура келеді.

– Үшіншіден, бағдарламалауды ұйымдастырып, жинау керек[3].

Бағдарламалау — бұл тез дамып келе жатқан сала болғандықтан, бағдарламашы қазіргі технологияға тез бейімделіп, жаңа технологияларды үнемі үйреніп отыруы керек. Сондықтан, өздігінен білім алу — бағдарламашының негізгі дағдылардың бірі. Әйтпесе, бірнеше жылдан кейін оның маман ретіндегі бағасы айтарлықтай төмендейді. Сонымен қатар бағдарламашы ағылшын тілін білуі өте маңызды. Себебі информатика мен ағылшын тілі бір бірмен өте тығыз байланысты, яғни көптеген терминдер ағылшын тілінде қолданылады. Тағы бір бағдарламашы үшін маңызды қалып ол - жауапкершілік. Бағдарламашы өзінің орындап жатқан жұмысына жауапкершілікпен және төзімділікпен қарай білу керек. Жоғарыда айтылғандай, бағдарламашы өте пайдалы кәсіп. Алайда, бағдарламашылар қанша табыс табады деген сұрақ көпшілікті қызықтырады. Жалақы маманның деңгейіне, сондай-ақ қайда, қалай жұмыс істейтініне байланысты. Үлкен қалаларда бағдарламашылар жақсы фирмаларда жұмыс істейді, ал шағын қалаларға келетін болсақ, жалақы аз, бірақ олар өмір сүру деңгейіне сәйкес келеді. Жұмыс орнын таңдағанда, бағдарламалаудың компанияда қаншалықты маңызды болатынына назар аудару керек себебі, бұл болашақта бағдарламашының алатын дәрежесіне әсер етеді[1]. IT бөлімінің бастығы болу үшін сіз мықты мінезге ие болуыңыз керек, өзіңіз туралы дұрыс шешім қабылдай алуыңыз, оларды қолдай білуіңіз керек, сонымен қатар шыдамды және мақсатты болуыңыз керек. Осы қасиеттердің барлығы алдыға жылжуға және бірінші дәрежелі бағдарламашы болуға көмектеседі. Енді бағдарламалау мамандығының шығу тарихына тоқталайық. Бағдарламалаудың кәсіп түрі ретінде әсіресе, кәсіби қызмет ретінде пайда болуы әлдеқайда қиындау болған. Бағдарламаланатын құрылғылардың алғашқы аналогтары музыкалық қорап және баррель орган болды және бағдарлама айналмалы білікке жазылды[4]. Алғашқы бағдарламаланатын есептеу құрылғысы аналитикалық қозғалтқышты Чарльз Барб әзірледі. 1843 жылдың 19 шілдесінде ұлы ағылшын ақыны Джордж Байронның қызы Ада Августа Лавлейс адамзат тарихындағы алғашқы бағдарламаны аналитикалық машинаға жазған деп саналады. Бұл бағдарлама қозғалатын сұйықтықтың сақталу заңын білдіретін Бернулли теңдеуін шешті. Ол бірқатар жалпы ойлар білдіретін қазіргі бағдарламалау үшін өзінің маңыздылығын сақтап қалды. Бабельдің материалдары мен Лавлейс түсініктемелерінде 1950 жылдары қолданылған ішкі топтама және кіші кітапханалар, командалық өзгертулер және индекс регистрі сияқты ұғымдар келтірілген. Лавелестің графикасы Ада Августус құрметті алғашқы бағдарламашы болып саналады (бірақ, әрине, қазіргі заманғы стандарттар бойынша бір бағдарламаны жазуды кәсіп немесе кәсіби қызмет деп санауға болмайды). Тарих өзінің атауын әмбебап бағдарламалау тілі «Ада» атауымен сақтап қалды.

Бағдарламалау кәсіптің бір түрі ретінде маманның негізгі кәсіби қызметі бола алады немесе басқа кәсіптік міндеттерді шешуге көмекші қызмет ретінде пайдаланылуы мүмкін немесе кәсіби емес салада қолданылады. «Бағдарламалаушы» термині міндетті түрде кәсіби білім немесе кәсіби қызметті білдірмейді. Бағдарламашы жұмыс істеуіне байланысты 3 топқа бөлінеді. Оларға:

1. Қолданбалы бағдарламашылар. Негігі атқаратын жұмысы бағдарламалар және редакторлар құру болып табылады. Олардың жұмыс аясына сонымен қатар бейне және дыбыстық бақылау жүйелері, SKD және т.б. арналған бағдарламалық жасақтама жасау түрлері кіреді.

2. Жүйелік бағдарламашылар. Олардың атқаратын жұмысы операциялық жүйелерді дамыту, желілермен жұмыс жасау, әртүрлі таратылған мәліметтер базаларына интерфейстерін жазу болып табылады. Бұл санатта жұмыс атқаратын бағдарламашылар аз, бірақтан да айлығы айларлықтай көп.

3. Веб-бағдарламашылар. Бұл санатқа кіретін бағдарламашылар Интернет, сайт жасау және желілермен жұмыс істейді. Олар сайттардың бағдарламалық компоненттерін жазады. 2009 жылы бағдарламашы күні ресми түрде бекітілді, ол жыл сайын 13 қыркүйекте аталып өтіледі[5].

Ақпараттық технологиялар қазіргі әлемде маңызды орындардың бірін алады. Олар барлық қызмет салаларына еніп кетті. Қоғамдық қажеттіліктерге еңбекті автоматтандыру, деректерді сақтау, байланыс, технологиялық прогресті жақсартуға, жеңілдетуге және т.б. Жалпы бағдарламалаудың өзі көптеген адамдар үшін мүлдем мағынасы жоқ ұғым. Әрине, кез-келген адам бұл сөзді естіген, бірақ сонымен бірге көбісі бұл не екенін толық біле бермейді.

Бағдарламалау негіздері бүгінде мектепте информатиканы оқу процесінде оқытылады. Әрине, бұл C++ курстары бастауыш бағдарламашыларға арналған білімнен алыс, бірақ олардың көмегімен бала оның не екенін түсіне бастайды. Атап айтқанда, қазіргі заманғы мектептерде балаларға Паскаль тілінің бағдарламалау тілін үйрену ұсынылады. Айта кету керек, іс жүзінде бағдарламалау қарапайым тақырып емес, өйткені ол көпшілікке бір қарағанда көрінеді, дегенмен кейбіреулер оны хобби ретінде қабылдайды. Оның күрделілігі ойлауды жаттықтыратын, сонымен қатар логиканың дамуына ықпал ететін байыпты психикалық нәтиже беру қажет екендігінде көрінеді[2].

Қазіргі индустриялық дәуірдің орнына жаңа — ақпараттық дәуір еніп жатыр. Дәл осы ақпарат болашақта табысты еңбектің, өмірдің және кез келген қызметтің басты кепілі болады деп сенуде. Бизнесмен, жарнама жасаушы немесе ауыл шаруашылығы қызметкері және т.б. сала қызметкерлері әрдайым ақпаратты меңгеруі тиіс: үлкен пайда табу, тиімді жарнама жасау, жиналған өнімді қайда және қашан сату. Дәл осы бағдарламашылар адамдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуде, әр түрлі мақсаттарға арналған бағдарламаларды жасайды. Бағдарламашы мамандығы жарнамаға мұқтаж емес, себебі ол қазіргіде ең өзекті сала. Бағдарламашылардың айтуынша бұл сала жұмыс процесін оңтайландыру қажет компьютерлер бар жерде, адамның жұмысын жеңілдетіп, бизнестің тиімділігін арттыра отырады. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу-шын мәнінде ауқымды қызмет салаларының бірі. Халықаралық стандарттарға, жаңа өнімдер мен технологиялардың таралуының жеңілдігі мен жылдамдығының арқасында бұл сала өндірістің басқа түрлерін артта қалдыруда. Бағдарламалау қарқынды дамып келе жатқан аймақ болып табылады, сондықтан бағдарламашы технологияның ағымдағы жағдайына тез бейімделіп, жаңа технологияларды үнемі үйренуі тиіс. Әйтпесе, бірнеше жылдан кейін маман ретінде оның құндылығы айтарлықтай төмендейді.

Бағдарламалау біздің өміріміздің барлық салаларында талап етілетін, соның салдарынан оның практикалық пайдасына күмәндануы мүмкін емес. Бірінші кезекте, бағдарламалау негізінен әрбір заманауи адам уақыт өткізетін қазіргі заманғы виртуалды әлемге өмір сүруге мүмкіндік береді. Мысалға: конференциялар, форумдар, әлеуметтік желілер және т. б осының бәрі тек қана кәсіби бағдарламашылар көмегімен қолдау көрсетеді.

Қазіргі уақытта компьютерлер өте кең тараған, бұл қазіргі заманғы экономикада, тауарды өндіру кезеңінен бастап, оны сатуға дейін барлық жерде қолданылады. Компьютерлер мен бағдарламаларды пайдаланбаса, мұның барлығы қалай жұмыс істей алатынын елестету қиын. Осыдан ақ біз осы бағдарламалау саласы ауыр ақыл-ой еңбегін талап ететінін аңғарамыз. Біздің, тез дамып келе жатқан әлем жағдайында, дәл осы ақыл-ой еңбегі адамның қоғамдағы орнын анықтайды. Бағдарламашы маманын кез келген адамнан жасауға болады. Әркім өз ыңғайы, өз қалауы бойынша тапсырма табады. IT-әлемнен тыс, кем дегенде бір бағдарламалау тілін білу дегеніміз бұл деген үлкен плюс болып саналады. Бағдарламашыда қызықты және перспективалы салалардың үлкен таңдауы бар. Бүгінде компьютерлік анимация және графика сияқты бағдарламалаумен аралас мамандықтарға сұраныс артуда. Сондай — ақ, бағдарламашылар сияқты компьютерлік аппараттық қамтамасыз етуді әзірлеушілер қажет болады, өйткені деректерді сақтау мәселесі әлі де өзекті болуда. Қорытындылай келе, бағдарламалау мамандығы қазіргі кездері өте дамыған. Бағдарламалаушы мансапты бағдарламашылар тобының жетекшісіне дейін, компанияның IT директоры, IT жобалар менеджері және тағы басқа да үлкен жетістіктерге кәсіби жетіле алады, яғни өте жақсы мамандықтардың бірі деп атауға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Роберт В. Себест. Программалау тілдерінің негізгі түсініктері.— 5-ші шығарылым
2. Теренс Прэтт. Бағдарламалау тілдері: Әзірлеу және енгізу = Бағдарламалау тілін жобалау және енгізу (PLDI).— 1-ші басылым.—ӘЛЕМ, 1979.
3. Балдин, К.В. Информатика и информационные системы: Учебное пособие 2016. 92 бет 3. Гвоздева, В.А. Информатика, автоматизированные информационные технологии и системы:2016. 112 бет
4. Бодров, О.А. Предметно-ориентированные экономические информационные системы: Учебник для вузов 2017. 12 бет
5. Орел Е.А. Особенности интеллекта профессиональных программистов 2007. 54 бет

ӘӨЖ 328

Махамбетова Еңлік Әмірбекқызы
«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер»
кафедрасының бакалавры
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
аға оқытушы **Ыдырысова М.Ә.**

ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

ПЛЮСЫ И МИНУСЫ ОНЛАЙН-ОБРАЗОВАНИЯ

PROS AND CONS OF ONLINE EDUCATION

Аннотация. Бұл мақалада онлайн оқытудың алғашқы кезеңіндегі жағдайы, оқытушылар мен студенттер арасындағы байланыс, онлайн білім берудің артықшылықтар мен кемшіліктері, онлайн білім беру қандай пайда берді, сабақ өту үшін қандай платформалар қолданылды.

Түйінді сөздер. Онлайн оқыту, артықшылықтары, кемшіліктері, онлайн сабақтар, жаңа дағдылар.

Аннотация. В этой статье рассказывается о состоянии онлайн-обучения на первых этапах, о взаимоотношениях между преподавателями и студентами, о плюсах и минусах онлайн-образования, какую пользу принесло онлайн-образование, какие платформы использовались для проведения занятий.

Ключевые слова. Онлайн обучение, преимущества, недостатки, онлайн уроки, новые навыки.

Abstract. This article describes the state of online learning at the first stages, the relationship between teachers and students, the pros and cons of online education, what benefits online education has brought, which platforms were used for online education.

Keywords. Online learning, advantages, disadvantages, online lessons, new skills.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізіліп, жаңа оқу жүйелері қолданылып жатыр. Оған бірден бір себеп-Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жариялаған пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу үшін 2020 жылдың 14 наурызынан еліміздегі барлық жоғары оқу орындарында оқу форматының онлайнға көшуі. Оқу жүйесі онлайн форматқа көшкендіктен қазіргі уақытта білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылып жатыр. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп, дамып келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. [1]

Онлайн оқыту дегеніміз-компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беруде қызмет көрсетудің маркетингтік көзқарастарын кеңінен қолданатын ғылыми-технологиялық революцияның жоғары технологиялық өнімі. Бүгінгі таңда онлайн оқыту компьютерлік және интернетте оқыту технологиялары ретінде саналып отыр. Заманауи технологиялар мыңдаған километр бөліп тұрған студенттер мен оқытушы арасын байланыстырушы болып табылады. Оқыту корпоративтік желіде, Интернет желісінде, электрондық пошта арқылы және басқа заманауи байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі.[2]

Ал осы дәстүрлі оқу жүйесінен онлайн оқу жүйесіне өтудің студенттер мен оқытушыларға әсері қандай болды?

Онлайн-білім беруді құру және енгізу бастапқы кезінде университеттер белгілі бір қиындықтарға тап болады, соның ішінде:

- цифрлық ортада тиімді жұмыс істей алатын жаңа формация оқытушыларын даярлау қажеттілігі;

- қажетті деңгейдегі онлайн курстар мен бағдарламаларды құру үшін қажетті бағдарламалық және техникалық құралдардың болуы;

- онлайн білім беруді құқықтық қамтамасыз ету (авторлық құқық мәселелері). онлайн білім беруді енгізу кезінде туындайтын шығындарды азайту үшін теңгерімді баға саясатының қажеттілігі.

Иә, әрине жаңа оқу форматына көшу алғашында студенттерге де, оқытушыларға үлкен әсер етті. Себебі, дәстүрлі оқыту жүйесіне дағдыланып қалғандықтан, тез арада жаңа бағдарламаны түсініп, қолдану қиынға соқты. Пандемияға дейін ешбір технологиясыз сабақ беретін оқытушылар онлайн сабақ беру немесе дәріс үшін жаңа бағдарламаларды үйренді. Ол барлық студенттер мен оқытушылар үшін үлкен жетістік болды. Бірқатар зеттеулер бойынша студенттер офлайнға қарағанда, онлайн оқыту кезінде оқу материалдарын әзірлеуге көбірек көңіл бөлетінін көрсетті.[3]

Онлайн оқу жүйесіне көшу біз оқып отырған университетке қалай әсер етті, бұл сұраққа мен студент ретінде жауап берсем:

Алғаш рет онлайн оқу жүйесіне көшкен кезде, бізде ешқандай тәжірибе болмады. Яғни, онлайн форматта сабақтар қалай өтілетіні бізге беймәлім болды. Кейіннен, сабақтарды

ZOOM және Microsoft Teams платформаларымен өтілетін болды. Онлайн оқу жүйесіне көшу арқылы біз жаңа технологияларды үйрендік. Жаңа форматта сабақ өту әдісін, сабаққа жаңа технологияларды пайдалана отырып, тапсырмаларды өзге форматта жасауды үйрендік. Дәстүрлі оқу кезінде тек қана оқумен, жазумен шектелсек, онлайн кезінде өзіміздің білімді жаңа технологиялық әдестер арқылы ойындар ұйымдастырып, жаңа тақырыптарды видео арқылы көріп, презентация жасау дағдымызды одан әрі дамыттық. Әрине онлайн оқу бізге технологияны үйреткенімен, бізді виртуалды әлемге тығыз байланыстырып қойды. Сабақ барысы қызықты болғанымен, дәстүрлі жүйедегідей байланысты орната алмады. Оқытушылар аудиториядағыдай кері байланыс күтті, дегенмен ол қиынға соқты. Себебі, көптеген студенттерде компьютер немесе интернет желісінің қолжетімсіздігінен көптеген сабақтарды өткізіп алып отырды. Ал енді жалпы осы онлайн оқытудың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар сол жайлы талқыласақ.

Бүгінгі таңда онлайн білім алатындар саны артып келеді. Бұл мамандар бәсекелестерден озып шығу үшін жаңа құралдар мен технологияларды игеруге мәжбүр болатын қатаң бәсекелестік заманының келгендігінің нәтижесі. Осылайша, онлайн оқыту беретін бірқатар артықшылықтарға қарамастан, ол сонымен бірге белгілі бір қиындықтарға әкеледі, олармен жұмыс істей білу керек және максималды нәтиже алу үшін жойылуы керек бірқатар кемшіліктері де бар. Алдымен онлайн оқудың артықшылығына тоқталсақ. Біз үшін онлайн білім берудің артықшылықтары:

1. Қол жетімділік

Онлайн оқу арқылы сіз әлемнің кез келген нүктесінен білім ала аласыз. Сіз үйде немесе саяхаттағанда, кафеде немесе саяжайда - жалпы, Интернет желісі бар жерде оқи аласыз. Дегенмен, сіз елмен немесе континентпен шектелмейсіз. Сіз әлемнің кез келген университетінде білім ала аласыз. Бұл қолжетімділік онлайн оқытудың басты артықшылығы болып табылады.

Онлайн сабақтар екі форматта өткізіледі - бұл алдын ала жазылған бейне сабақ немесе тікелей вебинар. Кәдімгі офлайн кездесулерден еш айырмашылығы жоқ тікелей трансляциялар - мұғалім мен презентацияны көруге, сұрақтар қоюға, топтастармен сөйлесуге болады. Және де кез келген уақытта, өзіміз қалаған курстарға қатыса аламыз.

2. Икемділік

Онлайн оқыту процесінде студент материалдың көп бөлігін өз бетімен меңгереді. Демек, ол сабақ уақытын өзі таңдай алады. Стандартты емес кестеде өмір сүруді қалайтын адамдар үшін қашықтықтан оқыту нағыз олжа болуы мүмкін. Сондай-ақ, оқытудың бұл түрі еңбекпен жақсы үйлеседі. Әдетте, онлайн оқу уақытын кез келген жұмыс кестесіне оңай реттеуге болады. Біз онлайн оқу кезінде сонымен қатар дұрыс жоспар құру арқылы, сабақ оқып сонымен қатар өзімізді тұлғалық жағынан дамытуға үлкен мүмкіндік.

3. Ақша мен уақытты үнемдеу

Онлайн оқытудың маңызды артықшылығы оның салыстырмалы түрде төмен құны болып табылады. Әрине, әртүрлі онлайн курстар мен университеттегі күндізгі бөлімде келісімшарт бойынша оқу құнынан бірнеше есе жоғары болатындар бар. Бірақ бұл ерекше жағдайлар. Көбінесе онлайн оқыту күндізгі оқу түріне қарағанда аз шығын алады. Себебі оқыту қызметін көрсететін ұйымдарға үй-жайды жалға алу, жиһаз бен құрал-жабдық сатып алу, мұғалімдердің тұрақты штатын ұстау қажет емес.

Онлайн оқыту кезінде адам көлікке тәуелді болмайды. Ақшаны үнемдеумен қатар, бұл бос уақытты үнемдейді.

4. Білімнің өзектілігі

Соңғы жылдары дәстүрлі білім берудің беделі айтарлықтай төмендеді. Жоғары білімі барлар өз мамандығы бойынша жұмыс таппай жатады. Техникалық факультеттердің түлектері кеңселерде менеджер, филология факультетінің бұрынғы студенттері сатушы-кеңесші болады. Осының аясында дәстүрлі университеттік білім берудің беделі төмендеп барады.

Ал онлайн оқытудың беделі, керісінше, артып келеді. Бүгінде белгілі бір курсты онлайн оқыған адам жеңімпаз позицияда. Университетте жылдар бойы нақты өмірде қолданылмайтын абстрактілі пәндерді оқыған адамға қарағанда оның білімін іс жүзінде қолдану мүмкіндігі көбірек. Осы онлайн оқу жүйесіне көшкенде, барлық салаларда онлайн форматқа өтті. Ол дегеніміз біз білім аруды ғана емес сонымен қатар онлайн сауда жасауды, табыс табуды үйретті.[4]

Ал келесі кезекте онлайн білім берудің кемшіліктері жайлы айтсақ:

1. Шектеулі таңдау.

Өкінішке орай, барлығын қашықтықтан зерттеу мүмкін емес. Кейбір жағдайларда тәжірибелі тәлімгердің жетекшілігімен практикалық сабақтарсыз өту мүмкін емес. Сіз тарихты немесе әдебиетті қашықтықтан оқи аласыз, сіз тамаша дизайнер немесе бағдарламашы бола аласыз. Бірақ сіз ұшқыш немесе хирург болуды үйрене алмайсыз.

Жақын арада жағдай өзгертін шығар. Бір күні виртуалды шындық технологиясы әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарға бірлескен зертханалық жұмыстарға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл орын алған кезде қашықтан игерілетін кәсіптер мен дағдылардың тізімі айтарлықтай кеңейеді.[4]

2. Жеке қарым-қатынастың болмауы.

Бетпе-бет оқыту тек білім жиынтығымен ғана құнды емес. Офлайн оқытудың маңызды элементі жеке қарым-қатынас болып табылады. Дәстүрлі жоғары білім ала отырып, студент университет өмірінің қайнаған қазанында бірнеше жыл қайнады. Ол мұғалімдермен және топтастарымен бейресми жағдайда араласады. Мұндай байланыс таңғажайып идеяларды тудыруы және адамдардың тағдырын түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Егер Билл Гейтс Гарвардта онлайн немесе қашықтан білім алған болса, ол ешқашан Стив Балмерді кездестірмес еді және Microsoft корпорациясын құрмас еді.[4]

3. Жанама әсерлері.

Онлайн оқытудың адамға белгілі бір білім беруін тек плюс қана емес, сонымен қатар минус деп санауға болады. Қашықтықтан оқу арқылы адам өзін академиялық білімнің көптеген жағымды «жанама әсерлерінен» айырады.

Мысалы, ұзақ дәрістерді конспектілеу процесі жазу жылдамдығын жаттықтырады, механикалық есте сақтауды дамытады және жолда ақпарат ағынынан ең маңызды фрагменттерді оқшаулауға үйретеді. Бұл дағдылардың барлығы күнделікті өмірде өте пайдалы, бірақ онлайн оқыту оларды қамтамасыз етпейді.[4]

4. Әділетсіз жағдайлар.

Онлайн оқыту процесінде сізге кедергі келтіретін күтпеген жағдайларға тап болуыңыз мүмкін. Мысалы, ең сәтсіз сәтте сіздің шамыңыз өшуі немесе компьютеріңіз істен шығуы мүмкін. Маңызды онлайн семинар кезінде Интернет үзілуі мүмкін және сіз бұл туралы ештеңе істей алмайсыз. Онлайн оқыту сізді технологияға тәуелді етеді.

Әрине, университетке барар жолда лифтте тұрып қалуыңыз да мүмкін. Бірақ егер сіз физикалық оқу орнына жеткен болсаңыз, білім алуға кедергі болатын нәрсе аз.

5. Бақылаудың болмауы.

Оқытушы тарапынан тұрақты бақылаудың болмауы плюспен оңай шатастырылатын минус болып табылады. Бірақ бәрі соншалықты қарапайым емес. Алғашында студентке бақылаудың жоқтығы қосымша еркіндік беретіндей көрінуі мүмкін. Шындығында, онлайн оқыту студенттен жоғары ынта мен өзін-өзі реттеудің күшті болуын талап етеді.

Онлайн оқыту процесінде сіз өзіңіздің оқу жоспарларыңызды жасап, содан кейін олардың орындалуын бақылауға, демалуға деген ұмтылыспен үнемі күресіп, жұмысты кейінге қалдыруға тура келеді.[4]

Қорытынды

Онлайн оқытудың қандай кемшілігі болса да, артықшылығы болсада онлайн оқу сізді ең қатал жаумен – өзіңіздің жалқаулығыңызбен күресуге мәжбүрлейді. Ал бұл жекпе-жекке дайын болмасаңыз, жекпе-жекті мүлде бастамағаныңыз жөн. Дегенмен, егер сіз өзіңіздің қабілеттеріңізге сенімді болсаңыз және оқуға бел бусаңыз, онлайн білім беру сізге кәсіби

және тұлғалық даму үшін әртүрлі мүмкіндіктер ұсынады. Ол дегеніміз ең бастыс білімді онлайн немесе офлайн түрде алғанымыз емес сол білімді алған соң, дұрыс пайдалана алғанымызда. Менің ойымша, онлайн оқыту бізді кішкене қоғамдық өмірден алыстатқан секілді. Себебі біз қазір бетпе-бет кездесуден гөрі, интернетте желісіндегі виртуалды хат алмасуларға дағдыланып жатырмыз. Қандай жағдай болмасын, қоғамдық өмірден алыстау бізге үлкен қасірет. Себебі, аудиториядағы оқытушы мен студенттің арасындағы байланыс онлайн оқу кезінде орната алмағандықтан кейде қиынға соқты. Ал жалпы зияны бізді виртуалды әлемге үйреткенімен, бізге жаңа технологияны қолдануды, уақытымызды тиімді пайдалануды, өз-өзімізді қандай жағдай болмасын дамытып отыруды үйретті. Онлайн оқу арқылы қосымша өзіміздің уақыт болғанда, жаңа дағдыларды үйреніп, онлайн оқып әрі жұмыс жасауға болатындығын да үйретті. Қорытындылай келе, онлайн оқыту жүйесін жаман немесе жақсы дегім келмейді. Білім алатын кезде ең бастысы тек бізге керегін алып, өз білімімізді шыңдап, өз-өзімізді дамыта алсақ болғаны.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <https://qazaquni.kz/kogam/157165-qashyqtan-oqytu-kezenindegi-oqu-proce>.
2. <https://www.tarbie.kz/11207>.
3. El Mansour B., Mupinga D.M. Students' positive and negative experiences in hybrid and online classes // College student journal, 2007. Т. 41. № 1. С. 242.
4. <https://the-accel.ru/plyusy-i-minusy-distancionnogo-obucheniya/>.

УДК 333

Муканова Камила

магистрант кафедры «Педагогика и психология»

Университет «Туран-Астана»,

г. Нур-Султан, Республика Казахстан

E-mail: kamila.ks1701@gmail.com

Научный руководитель

кандидат психологических наук, профессор

Жантiekеев Серик Крыкбаевич

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE

Аннотация. В последние десятилетия эмоции и чувства вызывают значительный интерес у многих исследователей. Соответственно, для успешного, гармоничного и целостного развития личности, необходимо рассматривать эмоции и интеллект в совокупности.

Повышенный интерес к эмоциям обусловлен нынешним ускоренным темпом жизни, который полон стрессов, напряжения, ответственности и конкуренций. При таком быстром потоке сменяющихся событий, порой, у нас не хватает времени для расслабления, а это, в свою очередь, может послужить развитием неврозов, психосоматических заболеваний, ослаблением самоконтроля и, в целом, снижением уровня качества жизни.

В статье рассмотрено понятие развития эмоционального интеллекта. Были выявлены, проблемы развития эмоционального интеллекта. Были рассмотрены труды педагогов и психологов, проведен анализ их мнения, определены компоненты развития эмоционального интеллекта.

Ключевые слова. Эмоциональный интеллект, эмоции, EQ, социальные навыки, интеллект, эмоциональная компетентность.

Аннотация. Соңғы онжылдықтарда эмоциялар мен сезімдер көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Тиісінше, жеке тұлғаның сәтті, үйлесімді және тұтас дамуы үшін эмоциялар мен ақыл-ойды жиынтықта қарастыру қажет.

Эмоцияларға деген қызығушылықтың артуы стресс, шиеленіс, жауапкершілік және бәсекелестікке толы өмірдің қазіргі қарқынымен байланысты. Өзгертін оқиғалардың осындай жылдам ағымымен кейде демалуға уақыт жетіспейді, бұл өз кезегінде невроздардың, психосоматикалық аурулардың дамуына, өзін-өзі бақылаудың әлсіреуіне және тұтастай алғанда өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Мақалада эмоционалды интеллекттің даму тұжырымдамасы қарастырылған. Эмоционалды зияткерлікті дамыту мәселелері анықталды. Педагогтар мен психологтардың еңбектері қаралды, олардың пікірлеріне талдау жасалды, зерттеу дағдыларының компоненттері анықталды.

Түйінді сөздер. эмоционалды интеллект, эмоциялар, EQ, әлеуметтік дағдылар, интеллект, эмоционалды құзыреттілік.

Annotation. In recent decades, emotions and feelings have aroused considerable interest among many researchers. Accordingly, for the successful, harmonious and holistic development of personality, it is necessary to consider emotions and intelligence in combination.

The increased interest in emotions is due to the current accelerated pace of life, which is full of stress, tension, responsibility and competition. With such a rapid flow of changing events, sometimes we do not have enough time to relax, and this, in turn, can lead to the development of neuroses, psychosomatic diseases, weakening of self-control and, in general, a decrease in the quality of life.

The article discusses the concept of the development of emotional intelligence. Problems of emotional intelligence development have been identified. The works of teachers and psychologists were reviewed, their opinions were analyzed, and the components of research skills were determined.

Keywords. Emotional intelligence, emotions, EQ, social skills, intelligence, emotional competence.

Введение

Эмоциональный интеллект является важной стороной когнитивных способностей человека. В связи с изменениями способов межличностного общения, меняется и эмоциональная составляющая человеческого контакта. Общение становится все более опосредовано знаками и символами, а каналом передачи выступают технические устройства. Это искажает содержание речи, а также глубину переживаний, которые мы стараемся передать при диалоге.

Эмоциональный интеллект, как отдельная, самостоятельная область исследования, вырос из социального интеллекта, предложенного Торндайком в 1920-м году.

Социальный интеллект он выделял из своей модели структуры интеллекта как «систему интеллектуальных способностей, не зависящих от фактора общего интеллекта и связанных, прежде всего, с познанием поведенческой информации» [1, с 68]. Автором было предложено рассматривать структуру социального интеллекта в пространстве трех переменных: содержание предъявляемой информации, операции по обработке информации и результаты обработки информации.

Классификация интеллекта, разработанная Торндайком, послужила прочной платформой для всех последующих авторов, в области научных работ, посвященных исследованию социального интеллекта.

Действительно, эмоциональный интеллект объединяет в себе принципиально разные сферы – эмоциональную и интеллектуальную. Противопоставление рационального (разума, логики) и нерационального (чувств, эмоций, страстей) наблюдается во многих культурах.

Чувства и эмоции воспринимаются как нечто препятствующее принятию решений и эффективности работы. На самом деле, чувствам необходимо дать центральную роль, так как они необходимы.

Если следовать классическому разделению познавательных и эмоциональных процессов, то к проявлениям эмоционального интеллекта можно отнести феномены когнитивной обработки эмоциональной информации (распознавание и идентификация эмоций, интеллектуальный поиск рациональных способов эмоционального самоконтроля и т. д.).



Рисунок 1 Структура эмоционального интеллекта

Дж. Гоулман проявлял большой интерес к исследованиям мозга и поведения, именно это повлияло на сферу его научных работ, которыми он занимался на базе факультета психологии в Гарвардском университете.

В 1995 г. он публикует научно-популярную книгу «Emotional Intelligence». В данной книге собрана вся история развития эмоционального интеллекта, научные представления, имеющиеся на тот период, а также описана «смешанная модель интеллекта», созданная самим Дж. Гоулманом, где он описывает 5 компонентов эмоционального интеллекта.

Сюда входят [2, с 38]:

- 1) самопознание;
- 2) саморегуляция;
- 3) мотивация;
- 4) эмпатия;
- 5) социальные навыки.

1. Волков Ю.Г., Добреньков В.И., Нечипуренко В.Н., Попов А.В. Социология: учебник/Под ред. проф. Ю.Г. Волкова. - М.: Гардарики, 2003. – 85 с.
2. Сахапова Э.И. Психология семьи и семейного консультирования учебное пособие /Э.И.Сахапова. - Казань: ТГГПУ, 2006. – 9 с.
3. Голод С.И. Семья и брак: историко-социологический анализ. - СПб.: ТООТК «Перополис», 1998. – 55 с.
4. Зверева О.Л., Ганичева А.Н., Кротова Т. Семейная педагогика и домашнее воспитание детей раннего и дошкольного возраста: учеб. пособие. - М.: Сфера, 2009. - 144 с.

УДК ӘӨЖ 318.016

Ержан Асхат Ержанұлы
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ КРЕДИТНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

FORMATION OF STUDENTS EMOTIONAL STABILITY IN CREDIT EDUCATION SYSTEM

Аннотация. Мақалада студенттердің эмоционалды аймағының ерекшеліктері мен тұрақтылы көрсетілген.

Түйінді сөздер. «Эмоциялық көрініс», «кредиттік жүйе» «эмоционалды тұрақтылық»

Аннотация. В статье представлены особенности и устойчивость эмоциональных зон студентов.

Ключевые слова. «Эмоциональное выражение», «кредитная система», «эмоциональная стабильность».

Annotation. The article presents the features and stability of the emotional zones of students.

Keywords. “Emotional expression”, “credit system”, “emotional stability”.

Қаіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандағы білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңестігіне еруге бағытталады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге байланысты студенттердің таным-білім белсенділігін арттыру, жеке шығармашылық қабілетін дамыту жұмыстары ерекше мәнге ие болды. Кредиттік оқу жүйесіне көшудегі басты мақсат – білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіру және өндіріс пен нарықтық жағдайдың өзгеріп тұратын заманында кәсіби мамандардың әлемдік сұранысқа, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесі – студенттердің жоғары оқу орыны қабырғасында білім алуын жеке жоспарлауына беріліп отырған мүмкіндік. Ол білім берудің демократиялығымен сипатталып, әр студенттің жеке ерекшелігі мен қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Тұлғаның эмоционалды аймағы ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік сферасына ықпал етеді. Жоғары оқу орнындағы оқыту формалары, әдістер, интеллектуалдық қызмет мазмұнын бекітетін аса жоғары талаптар студенттердің жүйке жүйесіне шамадан артық күш түсіріп, болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажетті сапаларды дағдылауына өз әсерін тигізеді. Қазіргі таңда студенттердің әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болуы да осыда. Өйткені эмоционалды даму студент тұлғасын толыққанды қалыптастыруға үлкен үлес қосады (Goleman D.2006:172).

Студенттердің эмоционалды ұстамдылығының тиімді қалыптасуына арнайы психофизиологиялық тренингтер мен жаттығулар, ойындар, психодиагностикалық жұмыстар негіз болып келеді. Эмоционалды тұрақтылықты қалыптастырудың негізгі жолы – психологиялық және физикалық деңгейлерде эмоционалдыеріктік реттеу эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін жеке тұлғаның жеке қасиеттері мен ақыл-ой функциялары

болып келеді. Эмоционалды тұрақтылықты оқу үрдісі кезінде қалыптастыру міндетті болып келеді. Эмоционалды тұрақтылықты қалыптастыруда психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстар негізгі орын алады.

Эмоционалды ұстамдылық өте күрделі мәселе болғандықтан, ол терең де арнайы кешенде зерттеуді талап етеді. Эмоционалды ұстамдылық түсінігі: эмоционалды ұстамдылық жайлы түсініктік анықтамасы әрқилы екендігін көптеген әдебиеттер көрсетіп отыр. Бұл жеке тұлғаның эмоционалды аймағына байланысты болатын мінез-құлық (В.М. Писаренко), белсенділік деңгейіндегі эмоцияның оңтайлы деңгейі (О.А. Черникова), эмоционалды күйді реттей білу қабілеті, жарыстар жағдайында оңтайлы эмоционалды шиеленісті сақтау қабілеті (Ю.М. Блудов), стресс жағдайында қажетті психологиялық сапа (А.В. Родионов), психикалық әрекеттегі жоғары деңгей (Н.А. Худадов), эмоция мазмұнының бірқалыптылығы (Н.Д. Левитов), жеке тұлғаның өзіндік мінез-құлқы, темпераменті (В.Д. Небилицын, А.Ю. Ольшанникова, Б.М. Теплов). Эмоционалды ұстамдылық – жеке тұлғаның интегралды қасиеттері ол эмоционалды, ерікті, интеллектуалды, индивид іс-әрекетіндегі мотивацияның психологиялық компоненті, тиімді, мақсатқа жетудегі эмоционалды күрделі жағдайда әлеуметтік-рөлдік мінез-құлықтың тиімділігі мен іс-әрекеттің мақсаты және сәтті болуын жүзеге асырады (Reeves J.,2009:73).

Қазіргі таңда эмоционалды ұстамдылық жайлы көптеген жұмыстар мен зерттеулер жүргізілуде. Өз зерттеулерінде эмоционалды ұстамдылық детерминантының нақты тұрғыда анықталуы жайлы Т.С. Кириленко, М.С. Корольчук, А.Ф. Косенко, В.Л. Марищук, В.М. Писаренко, О.Я. Чебикин қарастырған, олар эмоционалды ұстамдылық деңгейін анықтауға байланысты әдістемелердің жеткіліксіздігін ескерген, себебі эмоционалды ұстамдылықтың қалыптасуы көптеген зерттеулерді талап ететіндігі жайлы ой түйген. Бұл жоғарыда жасалған ғылыми тұжырымдарға сәйкес эмоционалды ұстамдылықты қалыптастыру және зерттеу бағыты өте күрделі және ол әр жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болатындығы жайлы ой түйген болады, дегенмен болашақ психологтардың эмоционалды ұстамдылықтарын студенттік кезеңнен бастап қалыптастыру қажет екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Бұған оқу үрдісіндегі көптеген факторлар өз әсерін тигізеді: өте көп ақпараттың берілуі, атқаратын іс-әрекеттің көбеюі, оқу іс-әрекетіне деген өзіндік жауапкершіліктің жоғарылауы, зияткерлік жүктеменің артуы. Әдебиеттердегі талдауларға сәйкес жас ерекшеліктеріне сай студенттік кезеңде мазасыздықтың жоғары болуы, эмоционалды реакция күшіне дифференциацияның жоғарылауы, осымен қатар эмоционалды қозудың жоғары болуы, психикалық өзін-өзі реттеудің болуы көрініс береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ж.А.Қараев «Кредиттік оқыту жүйесіне арналған педагогикалық технологиялар». - Алматы: 2004. – 182 б.
2. Г.Т.Әбітова «Қаақ тілін оқытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру». – Алматы: 2008. – 253 б.
3. Додонов Б.И. В мире эмоций. – Киев, 1987.
4. David S., Congleton C. Emotional agility. How effective leaders manage their negative thoughts and feelings. Harvard Business Review, 2013. – P. 125–128.
5. Epel E., Blackburn E., Lin J., Dhabhar F., Adler N., Morrow J., Cawthon R. Accelerated telomere shortening in response to life stress. Proceedings of the National Academy of Sciences, – 101 (49), – 2004.
6. Қазақстанда білім беруді дамыту //Егеменді Қазақстан. - 2004. – 22 б.
7. Основы кредитной системы обучения в Казахстане /С.Б.Абдыгаппарова, Г.К.Ахметова, С.Р.Ибатуллин, А.А.Кусаинов, Б.А.Мырзалиев, С.М. Омирбаев; Под общ. ред. Ж.А.Кулекеева, Г.Н.Гамарника, Б.С.Абдрасилова. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.–198 с.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылдың 9 желтоқсанында №753 бұйрығымен бекітілген «Эксперименттік режимде іске асырылатын кредиттік оқыту жүйесі туралы ереже».

УДК ӘӨЖ 318.016

Турлыбекова Айнура Кабидоллаевна
Шет тілдері кафедрасының оқытушысы
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
Семей қаласы, Қазақстан Республикасы

БОЛАШАҚ ШЕТ ТІЛІ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДА КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

Аннотация. Мақалада шет тілі мамандарын дайындаудың ерекшеліктері мен кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру көрсетілген

Түйінді сөздер. «Кәсіби құзіреттілік», «кәсіби лингвистикалық білім»

Аннотация. В статье описывается специфика и формирование профессиональной компетентности специалистов иностранного языка.

Ключевые слова. «Профессиональная компетентность», «профессиональное лингвистическое образование»

Annotation. The article describes the specifics and the formation of professional competence of foreign language specialists.

Keywords. “Professional competence”, “professional linguistic education”

Кәсіби қызметке дайындау үрдісі жүйе ретінде көптеген факторлар әсерінен қалыптасады және кем дегенде үш деңгейде қарастырылады: үрдіс ретінде, қалып ретінде және нәтиже ретінде. Бұл болашақ маман кезекті кәсіби міндеттерді табысты орындау үшін қажетті кәсіби білім мен тәжірибені меңгеру болып табылады.

Кәсіби лингвистикалық білім берудің негізгі мақсаты – деңгей мен бағдарға сәйкес келетін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген және қызметінің сабақтас облысында еркін бейімделетін, үнемі кәсіби тұрғыдан өсуге, әлеуметтік кәсіби мобильділікке дайын білікті маман дайындау. Заманауи білім беру жағдайы кәсіптік дайындық мәселелерін шешуге бағытталған келесі тұжырымдамалармен көрсетілген: тұлғалық бағытталған (Д.А. Белухин, И.А. Зимняя, В.В. Серикова, И.С. Якиманская және т.б.), білім беру үрдісінің мазмұны, түрлері және ұйымдастырылуына мәнмәтіндік ыңғай табу (А.А. Вербицкий), оқыту-тәрбиелеу үрдісіне тұтастық тәсілдеме (Ю.К. Бабанский), технологиялық тәсілдеме (В.Д. Шадриков), шығармашылық тәсілдеме (В.А. Кан-Калик). Жоғарыда аталған тәсілдемелер лингвист студенттерді кәсіби дайындау процесінде өзара байланысты және өзара шарттасқан. Студенттерді лингвистикалық дайындау ерекшелігін ескере отырып келесі тәсілдемелерді атап өту қажет: біліктіліктік, мәдениеттанушылық, лингвоелтанушылық, лингвистикалық, коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени тәсілдеме. Лингвисттерді кәсіби дайындаудың бұл тәсілдемелерін талдау шетелдік білім беруде тілдік және әлеуметтік-мәдени білімдер, сөйлеу, әлеуметтік-лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени біліктері мен дағдылары сияқты құрауыштары туралы барлық ғалымдардың пікірлері бір-біріне сәйкес келетінін көрсетеді [1, 2, 3].

Болашақ лингвист маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселесі мән мәтінінде және жаңа саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайларды ескере отырып кәсіби шеттілдік қарым-қатынасқа қабілеттілік пен дайындық ерекше мағынаға ие болады және аса білікті лингвист-мамандарды дайындаудың маңызды бөлігі болады. Сонымен қатар, болашақ лингвисттерді кәсіби дайындаудың негізінде жатқан біліктілік тәсілдемесіне тоқталып өту қажет [4, 5, 6]. Ғалымдар жұмыстарына талдау жасау «біліктілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын бөліп қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Құзыреттілік» біреудің өкілеттіктерінің аясы; бұл адам тәжірибе мен танымға ие сұрақтар аясында; құзыретті адам кең танымға және тәжірибелік қызметтің тәжірибесіне ие білім немесе тәжірибе аясы ретінде қарастырылады. «Біліктілік» ұғымы бір нәрсеге талдау жасауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерге, білімдерге ие болу дегенді білдіреді; қандайда бір облыста жан-жақты білімдерге ие және оның пікірі салмақты, беделді болады. Осыған байланысты құзыреттілік – бұл белгілі бір саладағы білімдер мен тәжірибе, біреудің хабардарлығының аясы, ал біліктілік – бұл құзыреттілікке ие болу екендігіне көңіл аударылады [7].

Көптеген зерттеушілердің ойынша, кәсіби біліктілік болашақ маманның кәсіби қызметтің барлық аясында тұрақты өмірлік іс-әрекетін қамтамасыздандыруға қабілетті маңызды факторларының бірі болып табылады. Және де ол студент-болашақ лингвисттердің жемісті қызметінің кәсіби қызметті орындауға қажетті кәсіби білімдерден, біліктер мен дағдылардың тұратын қажетті шарты болып табылады. Осылайша, жаңа буын шетел тілі мұғалімінің тұлғасын қалыптастыру үшін оның фундаментализациясын, гуманитаризация, гуманизация мен дифференциациясын, сонымен қатар, инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу мен қолдануды ескеретін жоғарғы лингвистикалық білімінің мазмұнының өзгеруі негіз болады. Оқу іс-әрекеті барысында қызмет субъектісінің қалыптасуы болады, бұл айтарлықтай адамның жеке ерекшеліктеріне байланысты және оның барлық маңызды күштерінің тұтас дамуы мен жетілуіне бағытталған. Зерттеушілер ЖОО-да оқу іс-әрекеті өзіне келесі кезеңдерді қосқан жағдайда тұтас болады деген тұжырымға келді: қажеттіліктің туындауы, мақсатты тұжырымдау, іс-әрекетті жоспарлау, жоспарды нақты орындау, өзін-өзі бақылау, іс-әрекет өнімін иемдену жолымен қажеттілікті қанағаттандыру [8]. Сонымен бірге, оқу іс-әрекетінің құралдары арқылы студенттер тұлғасының кәсіби дамуы және қалыптасуы жүзеге асады, атап айтқанда:

- 1) әлемге деген эмоционалды-бағалаушылық көзқарас, сезімдер, эмоциялар дамиды;
- 2) студенттердің тұлғалық және кәсіби өзіне-өзі анықтау, олардың әлеуметтік бейімделуі қамтамасыздандырылады.
- 3) студенттің мәдениетаралық әрекеттестік субъектісі ретінде, әлемдік қауымдастықтағы интеграциялық үрдістер қатысушысы ретінде белсенді коммуникативті позициясы қалыптасады;
- 4) тіл тапқыштық, қарым-қатынас мәдениеті, төзімділік, мақсаттылық, ынтымақтастықта жұмыс істей білу, жауапкершілік, дербестік, шығармашылық белсенділік сияқты тұлғалық сапалар дамиды;
- 5) зияткерлік және танымдық қабілеттердің дамуы қамтамасыз етіледі, соның ішінде, шетел тілін дербес және үздіксіз үйренуге қабілеттілік және дайындық, соның көмегімен әрі қарай өз бетімен білім алу;
- 6) жемісті шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі жетіледі, оқытылатын тілді қолдану арқылы ғылыми зерттеу әрекетінде тәжірибе жинақталады;
- 7) ЖОО-да мамандық бойынша базалық білім аясында алынатын қызметтің кәсіби тәжірибесі жинақталады [9]. Осылайша, тілдік білім беру студент-лингвисттердің тұлғасын қалыптастыруға кең мүмкіндіктер береді.

Шет тіл мамандарының кәсіби дайындығын оңтайландыру, нақты әлеуметтік коммуникативті жағдайларда мамандарға тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, мәдени, стратегиялық және дискурсивті білімдер, біліктер мен дағдылар жүйесін студенттер-болашақ шетел тілі оқытушыларының тиімді меңгеруінің жағдайларын анықтауды, сонымен қатар, бар білімді педагогика,

психология және шетелтілін оқыту әдістемесі аясында қолдана білу қабілеті мен дағдыларына ие болуды білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бабаянц В.А. Организационно-методическое обеспечение культурологической направленности профессиональной подготовки будущих лингвистов: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. Ставрополь, 2009.
2. Гальскова Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам. М., 2000.
3. Леонтьев А.А. Психолого-педагогические основы обновления методики преподавания иностранных языков. М., 1998.
4. Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжа. М., 2003.
5. Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте качества образования // Стандарты и мониторинг в образовании. 1999. № 2.
6. Юдин В.И. Развитие профессиональной компетентности учителя в процессе освоения вариативных педагогических технологий: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. СПб., 1996.
7. Артамонова Л.С. Подготовка студентов гуманитарных вузов к иноязычной профессиональной коммуникации: Дис. ... канд. пед. наук. М., 2008.

УДК ЭӨЖ 318.016

Джумартова Данара Мейранбековна
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

ҰЖЫМ ІШІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ТҮЛҒАНЫҢ ИНДИВИДУАЛДЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӘСЕР ЕТУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВЛИЯНИЯ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ НА ОТНОШЕНИЯ В КОЛЛЕКТИВЕ

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF THE INFLUENCE OF INDIVIDUAL QUALITIES OF THE INDIVIDUAL ON THE RELATIONS IN THE TEAM

Аннотация. Мақалада тұлғаның қарым-қатынас барысындағы психологиялық ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздері. «Қарым-қатынас», «ұжым» «тұлға»

Аннотация. Статье описаны психологические особенности личности в процессе общения.

Ключевые слова. «Общение», «коллектив», «личность»

Annotation. The article describes the psychological characteristics of personality in the process of communication

Keywords. "Communication", "team", "personality»

Қарым - қатынас - біріншіден, біріккен іс - әрекетте пайда болатын адамдар арасында байланыс орнату және оны дамыту процесі болса, екіншіден, тұлғалардың бірлескен іс-әрекетте қажеттіліктен пайда болған өзара белгі құралдарымен жүзеге асатын күйі, мінез құлқы.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Жарықбаев қарым-қатынас туралы былай деген: «қарым - қатынас - адам іс - әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды». Сондықтан қарым-қатынас тіршіліктің барлық кезеңінде адам үшін маңызды орын алады.

Тұлғаның дамуы мен қалыптасуында негізгі факторлардың бірі - ол қарым-қатынас. Тарихи - қоғамдағы объективті талаптар және қоғамның дамуындағы әлеуметтік заңдылықтар тұлғаның қарым - қатынас процесіндегі рөлін анықтайды. Қарым - қатынас барысында тұлғаның әлеуметтенуінде байқалатын өзіндік ерекшеліктер мәселесіне көңіл бөле отырып, қазіргі кезеңде бұл салада жүйелі зерттеулерді қажет етеді. Бұл салада жоспарланған зерттеулер өзіндік ерекшеліктердің қарым-қатынас процесінің кез-келген аспектілеріне ықпалы айқын байқалауда.

Аталған өзіндік сипаттың бірнеше деңгейі ерекшеленеді. Олар біріншіден, Әлеуметтік, мұнда әлеуметтік - экономикалық статус, мамандығы, білімі; екіншіден, Әлеуметтік - психологиялық, мұнда құндылық бағдар, мақсат пен көзқарастардың ортақтығы; Психологиялық, мұнда тұлғаның мінезі және басқа да қасиеттері, ақыл - ой деңгейі; Психофизиологиялық, мұнда темперамент, эмоционалдылық.

Тұлға - бұл басқа адамдардың арасында белгілі позицияны иеленетін қоғамдық іс - әрекеттің себепші субъектісі ретіндегі адам. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, ол неге талпынады және неден қашады, Сонымен қатар ұғым, ұйымшылдық дәрежесі, оның белсенділігінің интенсивті және қорытынды нәтижесі, өмірлік тапсырманы шешуге сәйкес бағытталуынан көрінеді. Әрбір жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып қарым - қатынасқа деген ынтасын арттыру, олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға мүмкіндік жасау. Қарым - қатынас сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың жағымды да, кері де жағдайларында болуы мүмкін.

Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым - қатынас жасайды. Осындай әрекеттеріне сәйкес жеке адамның тұлғалық сипаттары, қадір қасиеттері, іс - әрекет жасау қабілеттері қалыптасады. Тұлғаның кісілік қасиеттері мен даралық ерекшеліктері оның іс - әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. А.С.Золотнякованың пікірінше, қарым -қатынас - бұл әлеуметтік және тұлғаға бағытталған процесс, мұнда жеке тұлғалық қатынастармен қатар, құқықтық құндылық шарттары жүзеге асады. Оның ойынша, қарым - қатынас әлеуметтік процесс болып табылады. Осы орайда, қарым - қатынас коммуникативтік- процесс ретінде түсіндіріліп, тек әлеуметтік құндылық мөлшерін реттеумен шектелмейді, индивид пен әлеуметтік жүйенің сол құндылықтарды игеруін реттеп отыруымен сипатталады. Тұлғаның көпшілік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін бақылау оның айтатын сөзін жеткізу ерекшелігі болып табылады. Олай болса, оның қоғамдық ортада сөйлеу қасиеті мен мәнерін бағалау, жалпы айтқанда сөйлеу ерекшеліктерін анықтау қажет. Сондықтан, қарым-қатынасқа қабілеттілік тұлғаның сөйлеу мәнеріне, мінез-құлық құрылымына, типологиялық қасиетіне байланысты екендігі байқалады. Мұнда тұлғаның ұйымдастырушылық және коммуникативтік сапалары маңызды болып табылады. Ал бұл сапаларының дамуы басқалармен оның тиімді тұлға аралық қатынас құруға, олармен бірлескен іс-әрекетте өзара әсер етуге мүмкіндік береді

Тұлға қоғамдық өмірдің өнімі бола тұра сонымен қатар тірі организм. Тұлға қалыптасуында биологиялық пен әлеуметтіктің қатынасы өте күрделі және адам дамуының әр кезеңіндегі, әртүрлі жағдайларындағы ықпалдары біркелкі емес.

Л.И. Божович тұлға деп психикалық дамуында белгілі бір деңгейге жеткен адамды айтады. Бұл деңгей адам өзін-өзі тану процесінде өзін басқалардан бөлек деп қараумен және «Мен» деген түсінікпен сипатталады. Сонымен қатар, психикалық дамудың бұл деңгейі адамның өзінің көзқарастарына сәйкес келмейтін қоршаған ортаның ықпалдарынан

тәуелсіздігімен және салыстырмалы түрде оны тұрақты ететін өзіндік көзқарастары, моральдік талаптары және бағалары болуымен сипатталады.

Л.С. Выготскийдің анықтамасы бойынша тұлға – белгілі бір функцияларды атқару үшін пайда болатын психикалық жүйе [11]. Тұлғаның негізгі функциясы – қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен игеру және адамды қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне енгізу. Тұлға тек іс-әрекетте, қарым-қатынаста қалыптасады, өмір сүреді және өзін-өзі көрсетеді. Адамзат баласы адам болып туса, тұлға болып қалыптасады.

Тұлғаның мәнді сипаттамалары:

- 1) дүниетанымының мазмұны, психологиялық мәні;
- 2) дүниетанымының, сенімдерінің тұтастығы;
- 3) қоғамдағы өз орнын сезіну деңгейі;
- 4) қажеттіліктер мен қызығушылықтар сипаты және мазмұны;
- 5) әртүрлі тұлғалық қасиеттерінің көрінуі мен қатынасының ерекшеліктері.

Әрбір ұжым қызмет процесі нәтижесінде дүниеге келіп, қанатын қатайтады. Дегенмен, қызметтің өзі қаншалықты мазмұнды, қоғамдық тұрғыдан қаншалықты құнды болғанмен, ол дұрыс ұйымдастырылмаса, теріс нәтиже беруі де мүмкін. Ұжым дегеніміз не?

«Ұжым» («Коллектив» – лат. «бәріні бірге жинау») деген мағына береді. Ұжымның аса маңызды қасиеттері бағытталу (оқу, еңбек және т. б.) мен ұйымшылдығы болып табылады.

Бүгінгі таңда адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімділер қатарына жатқыза алмайды. Өйткені әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, сондай-ақ еліміздің экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарт. Адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Тұлғаның жаңа психологиялық мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағыттау, баланың психикалық дамуы, оны ілгері дамыту, мақсатқа бағдарлай ұйымдастыру, тәрбиелеуді басқару және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға кең өрісті жағдай туғызады.

Қазіргі кезеңде тұлға – психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңғырту кезінде, жастардың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпал тигізетіні сөзсіз.

Адамның тұлғасы қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға - бұл қоғамдық тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адам сипаттамасы үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты. Сонымен қатар тұлғаның дамуында нақтылы тарихи орта негізгі болып саналады. Тұлға біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден, бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен, анықталып және де біріккен әрекетпен қарым-қатынасқа қалыптасып отырады. Кеңес психологиясында, адамды тұлға деп, қоғамның субъектісі ретінде оның қарым-қатынасқа түсу жүйесін сипаттайды. А.Н. Леонтьев «тұлға» ұғымына адамның шарттанған ерекшеліктері – физикалық конституцияны, жүйке жүйелерінің типтерін, темпераментті, биологиялық қажеттіліктерді, табиғи нышандарды, сонымен қатар меңгерілген өмірлік маңызды білімдерді, ептіліктерді дағдыларды жатқызады [2].

Қолданылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология – М.,1990.
2. Леонтьев А.Н.Избранные психологические произведения. – М.:1996.
3. Анохин П.К. Системные механизмы высшей нервной деятельности. – М.: Наука,
- 4.Вильюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. – М. 1976.
5. Выготский Л.С. Спиноза и его учение об эмоциях в свете современной психоневрологий //Вопросы философии, 1970№6. – С. 16-23.
6. Клапаред Е. Психология эмоций. – М.,
7. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. – Алматы,
8. Изард К.Э. Психология эмоций. – СПб. Питер,
9. Фрейд З. Психология бессознательного. – М.,
10. Овчарова Р.Д. Технология практического психолога образования. – М.,
11. Петровский В.А.Личность в психологии. – Ростов-на-Дону,
12. Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Жантану атауларының сөздігі. – Алматы,
13. Бердібаева С.К. Тұлға психологиясы. – Алматы,
14. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека. – Л.: Наука

УДК ӘӨЖ 318.016

Нұрахмет Әсем Болатқызы
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРМЕН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУШЫ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХИКАСЫНА ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРІ: ПСИХОЛОГИЯ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

НЕГАТИВНЫЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА ПСИХИКУ УЧАЩЕЙСЯ МОЛОДЕЖИ: ПСИХОЛОГО- ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ И ПРОФИЛАКТИКА

THE NEGATIVE IMPACT OF DIGITAL TECHNOLOGY AND ON THE PSYCHE OF YOUNG STUDENTS PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL FEATURES AND PREVENTION

Аннотация. Мақалада жастар психикасының ерекшеліктерімен, оған ғаламтордың әсер етуі көрсетілген.

Түйінді сөздер. «Ғаламтор», «психика»

Аннотация. В статье представлены особенности психики молодежи и влияние интернета.

Ключевые слова. «Интернет» «психика»

Annotation. The article presents the features of the psyche of youth and the influence of the Internet.

Keywords: "The Internet". "Psyche"

Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының дәлелдеуінше, бүкіләлемдік ғаламтор желісі жеткіншектерге физикалық, психологиялық жағынан айрықша зиянды. Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі, бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері шаршайды. Сондай-ақ, компьютер алдында көп отыру жас балдырғанның омыртқа сүйегін

зақымдайды. Қозғалыссыз отыру, қолмен ғана бірыңғай жұмыс істеу, содан ағзаға салмақ түсуі баланың жүйке қызметін бұзып, мойнына тұз бен суықтың жиналуына (остеохондроз) әсер етеді. Және де жамбас сүйектің үнемі қозғалыссыз қалуы қабынуы (простатит) мен тоқ ішектегі тамырдың кеңеюі (геморрой) ауруына ұшыратады. Британдық биологтар арнайы зерттеу жүргізе келіп, мынандай қорытынды жасап отыр: «Әлеуметтік желілерде үнемі отыру ми қызметіне де кері әсер етеді, гормональдық тепе-теңдікті бұзады, иммунитетті нашарлатады, мұның бәрі адамның жүйкесі мен ой-санасына белгілі бір мөлшерде ауыртпалық түсіреді». Өздеріңізге белгілі, жүйкеге салмақ түсуі дегеніңіз - ойлау қабілетінің төмендеуі, көңіл бөлу мен есте сақтаудың кемуі, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл күйдің құлазуы. Ғаламтор жеткіншектер үшін реферат, музыка мен фильмдер, суреттер, ойындар көшіріп алу, бір-бірімен хат жазысу үшін қажет. Олар өздерін мазалаған сұраққа да ғаламтордан жауап іздейді. Алайда ғаламтордың қаупі де аз емес. Мысалы, ресейлік ғалымдардың айтуынша, бүкіләлемдік шырмауық-торда экстремистік және террористік сипаты бар, қырықтан астам сайт жұмыс істеп тұр. Ал оның жастарымыздың ой-санасы мен дүниетанымын теріс жолға бағыттап, оларды қылмысқа азғыратыны мәлім. Жазғы демалыста жеткіншектердің ғаламторды пайдалануын зерттегендер айтады: «Биыл жасөспірімдердің 4 пайызы жыныстық қатынасты көрсететін әлемдік желілерді көрген, 14,5 пайызы беймәлім адамдармен кездесуге келіскен, 19 пайызы парносайттарға енген, 38 пайызы зорлық-зомбылық туралы ақпараттарды тамашалаған, 16 пайызы нәсілшілдік мазмұндағы сайттарға кірген» - деп [6]. Мінеки, қазіргі таңда көптеген жеткіншектердің өзіне-өзінің қол жұмсауының бір сыры осында жатқан тәрізді. Жеткіншіктер үшін ғаламтордың бір зиянды жағы: мұнда әр түрлі құмар ойындары, зиянды бағдарламалар көп. Алаяқтар мен хакерлер жастарды ғаламторға тәуелді етіп, бұлыңғыр қарым-қатынас, жыныстық байланыс жасауға шақырып, виртуальды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған ұл-қыздарымызды еліктіріп, есінен айырады. Әрине, қазіргідей техникалық-ғылыми прогресс дамыған заманда компьютердің, ғаламтордың дұрыс пайдалана білген адамға пайдасы зор. Ол талас туғызбайтын ақиқат. Тек оған біздің көптеген жастарымыздың таным-түсінігі жетпей жататыны болмаса...

Интернет - тәуелділік» ұғымы 1990 жылы пайда болды. Мамандар тәуелділіктің бұл түрін техникалық құралдардың негізіндегі спецификалық – эмоционалды «наркоманияға» жатқызады. Ресей психологтарының мәліметтері бойынша компьютерлік ойын ойнайтын адамдардың 10 - 14% оған тәуелді болады екен. Бұл тәуелділік кез – келген шақта пайда болуы мүмкін, алайда жасөспірімдер оған әлде қайда бейімдірек болып табылады. Себебі жасөспірімдер дара ерекшеліктеріне сәйкес, кез келген жағдайға тез бейімделгіш болып келеді. Бірақ жасөспірім қандай да болмасын іс - әрекетке түрткі арқылы барады, яғни оның белгілі бір іс - әрекетке баруына өзіндік мотив әсер етеді.. Интернет – тәуелділігінің қалыптасуы біртіндеп жүреді. Берілген тәуелділіктің қалыптасуының кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

Жеңіл қызығушылық кезеңі. Қызығушылық кезеңі. Тәуелділік кезеңі. Құштарлық кезеңі [3].

Ғаламтор мен ұялы телефондағы агентке тәуелділіктің паратын жолы: Зорлық – зомбылық; Қылмыс; Жыныстық бұзылу; Діншілдік; Суицид; Жүйке жүйесінің тозуы; Әртүрлі аурулар (денсаулыққа зияны).

Жастарды ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата - ана баласына оны пайдаланудың шарттарын айтып түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды кітаптағы, энциклопедиядағы ресми газет - журналдардағы ақпараттармен салыстырып, қабылдау керектігін ескертуге тиіс. Және де ғаламтордағы зорлық - зомбылыққа, қылмысқа, жыныстық бұзылуға тәрбиелейтін бағдарламалардан, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттардан сақтандыру – ата-аналар мен ұстаздардың да негізгі міндеттерінің бірі. Осы орайда есте болатын бір жағдай, он жасқа дейінгі балалар ата - анасы рұқсат берген сайттарға ғана еруге тиіс. Бұл ақпараттық технологиялар мамандарының, дәрігерлердің талабы Ең бастысы,

кәмелетке жасы толмаған балалардың электронды поштасына еруге ата - анасының мүмкіндігі болуға тиіс. Ол ең бірінші, сол баланың қауіпсіздігі, бақытты болашағы үшін қажет. Әсіресе, балалар он төрт жасқа толғанында өз - өзімен болып, оқшаулана бастағанында, ата - анасы олардың беймәлім адамдармен ғаламтор арқылы танысуына жол бермеуге міндетті.

Мамандардың ақыл - кеңесіне құлақ ассақ, ғаламтор балаларға қауіпсіз болсын десек, оны үнемі жаңа бағдарламалармен жабдықтап, спамфилтр орнатуымыз, қауіпсіздік туралы ақпараттарды біліп отыруымыз керек. Баламыздың ғаламтордағы компьютерлік ойындарға тәуелділігін тексеріп, сол бойынша тиісті шаралар қолданып отыруымыз да – ата - аналық парызымыз.

Оқушылардың жалпы жұртшылықтың ақпараттық технологиясымен байланысуы жылдан - жылға артып келеді. Интернет арқылы көптеген мәліметтер алады, білімін толықтырады. Электрондық оқулықтар мен интерактивті тақтаны өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, дүниені аз уақытта танып білетін, байланыс туралы жеткілікті меңгерген технология саласының білгірі болады. Мұның бәрі біздің өркениетті дамытуымыздың, әлемдік ақпаратты пайдалану мүмкінділігіміздің мол екендігін көрсетеді. Оқушылардың жалпы жұртшылықтың ақпараттық технологиясымен байланысуы жылдан - жылға артып келеді. Интернет арқылы көптеген мәліметтер алады, білімін толықтырады. Электрондық оқулықтар мен интерактивті тақтаны өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, дүниені аз уақытта танып білетін, байланыс туралы жеткілікті меңгерген технология саласының білгірі болады. Мұның бәрі біздің өркениетті дамытуымыздың, әлемдік ақпаратты пайдалану мүмкінділігіміздің мол екендігін көрсетеді.

Жанашыр мамандар «ғасыр дерті» деп бағалап отырған бұл сырқатпен күрес жалпыхалықтық іске айналуы тиіс. Себебі ТМД елдері ішінде компьютер мен интернетті пайдалану ісінде Қазақстан алдыңғы қатарға баяғыда-ақ шығып қойған. Ендеше, егер аталған компьютеромания ауруы кейбір отбасы мүшелерінде пайда болғаны анықталса, оған қарсы тиімді шаралар осы бастан жүргізілуі тиіс. Ал егер ондай сырқаттың ауылы әлі алыстау сияқты көрінсе, онда аталған дерттің алдын алу, тұтынушыларға заманауи технологияларды пайдалануды қалай тиімді жүргізуге болатыны жайлы сауат ашу курстарын жүргізген лазым. Оған көбінесе дәрігер-мамандар және High-tech, яғни жоғарғы технология мамандары міндетті түрде қатыстырылғаны абзал.

Жастарды болашақта жақсы адам етіп тәрбиелеу үшін, олардың ой-пікірін, психологиясын түсінуге тырысу керек. Сол кезде ғана баланың өз-өзіне деген сенімі және айналасындағы жандарға деген сенімі арта түседі. Жастарға қажетті ең басты үш нәрсе бар. Олар: жақсы тәрбие, кемел білім және адал еңбек. Болашақ ұрпаққа тәлімі мол тәрбие беру үшін осы үшеуін ұстану жеткілікті.

Қолданылған әдебиеттер:

1. WIKIPEDIA. Ашық энциклопедия. Компьютер зияны.
2. «Ана тілі» газеті, 1 шілде 2011 жыл. Компьютер баланың қасы ма, досы ма?
3. «Алтын орда» газеті, 28 қазан 2001 жыл. Компьютерге таңылған ұрпақтың денсаулығы құлдырап барады.
4. «Қазақ үні» газеті, 6 сәуір 2011 жыл. Ғаламторға қамалған жастар.
5. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты. – М.: ЮНИТА-ДАНА, 2004.
6. Есенова Р.К., Аяпберген А. Ғаламтордың жастар психологиясына әсерінің себептерін анықтау және оны шешудің кейбір жолдары // Молодой ученый. – 2015. -№1.1. – С. 100-101. -URL

РАЗДРАЖИТЕЛЬНОСТЬ: ЧТО ЕГО ПРОВОЦИРУЕТ И КАК С НИМ БОРОТЬСЯ

ТІТІРКЕНУДІҢ ҚОЗУ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

IRRITABILITY: WHAT PROVOKES HIM AND HOW TO DEAL WITH HIM

Аннотация. Раздражительность, свойство, присущее человеку, способному быстро приходиться в озлобленное, раздраженное состояние; то, что выражает раздражение. Раздражение - негативная реакция на то, собственно что слабее нас. Раздраженный человек всякий раз испытывает себя правым, вот в чем неудача. Раздражительность — заболевание людей, всякий раз и во всем правых.

Ключевые слова. Раздражение, нормализация, адреналин, факторы, эмоция, агрессия, триггеры, спокойствие;

Аннотация. Тітіркену, ашуланған, тітіркенген күйге тез ене алатын адамға тән қасиет; тітіркенуді білдіретін нәрсе. Тітіркену-бұл бізден әлсіз нәрсеге теріс реакция. Ашуланған адам әрдайым өзін дұрыс сезінеді, бұл сәтсіздік. Тітіркену-бұл әрдайым және барлық жақта оң ойлаймын дейтін адамдардың ауруы.

Түйінді сөздер: Тітіркену, қалыпқа келтіру, адреналин, факторлар, эмоция, агрессия, триггерлер, тыныштық;

Abstract. Irritability, a property inherent in a person who is able to quickly come to an embittered, irritated state; something that expresses irritation. Irritation is a negative reaction to something that is actually weaker than us. An irritated person always feels right, that's what the failure is. Irritability is a disease of people who are right every time and in everything.

Keywords. Irritability, normalization, adrenaline, factors, emotion, aggression, triggers, calmness;

Прямым образом раздражение провоцируется действиями или общением, когда постоянно задевают что-то болезненное: болезненные точки в душе, болезненные темы в общении, так же нередко возникает как злость на самого себя. Слово «раздражитель» имеет несколько значений и уже подразумевает раздражение, то есть некую определенную эмоцию. Нельзя просто подавить раздражительность, надо разобраться, какие ситуации выводят вас из себя и что надо делать, чтобы эта раздражительность не была разрушительной. У некоторых неизменная раздражительность, нервозность... Нередко срываетесь на людей, на детей. Без повода. У вас каждый день перепады настроения, то рыдать охота, то смеяться. Вы не можете даже уснуть нормально, у вас некая бессонница, каждый день возбудимость некая. Всё и все злят. И думаете “Что происходит со мной? Меня всё раздражает, может ли у меня быть психологическое заболевание?”. Вот какими вопросами я задавалась каждый день. Потому что моя раздражительность всегда работала на высшем уровне и я от этого больше злилась на себя. [1] Когда появляется насморк, многие сами назначают себе лечение – капли в нос. Как известно, капли не лечат насморк, их единственный эффект – снятие заложенности и устранение затрудненного носового дыхания. (Так работает общее действующее вещество этого препарата – адреномиметик. Он сужает кровеносные сосуды,

устраняя отек слизистой.) Однако в результате постоянного применения возникает полная неспособность сосудов самостоятельно регулировать свой тонус и заложенность носа проходит только под действием лекарственного средства. Люди с такой зависимостью становятся очень нервными и раздражительными. Мы часто злимся. Пожалуй, настолько часто, что ни один день не проходит без легкого или сильного приступа гнева. Тем важнее знать, как справляться с этой разрушительной эмоцией, которая, вопреки некоторым утверждениям о её мотивирующей силе, не приносит нам никакой пользы. Задача мудрого человека — смириться с раздражением и являть пример равнодушия, исканий и усердия. То, чему мудрый человек учит других, лишь малая часть того, что он дает миру. Вся его жизнь в целом и в мельчайших проявлениях — вот что служит уроком. Мы то радуемся, то огорчаемся, то впадаем в раздражение или чувство вины, и так далее. Это наша реальность.[1]

Собственно что это, раздражительность?

Раздражение — это «свернутая» враждебность, которая никоим образом себя не показывает. По мнению И.Сеченова «Раздражение» это, Воздействие каким-либо раздражителем на организм, его органы, ткани, клетки. Раздражение нерва электрическим током. Реакция человека на раздражение. Сила раздражения. Привычка чувствующего органа к раздражению. Прямые опыты показывают, что из всех частей головного мозга одни полушария не вызывают при искусственном раздражении мышечных движений.[2] Слово раздражать произошло из старославянского, где образовано приставочным способом от глагола дражати, имевшего значение «дразнить». Агрессия, как вы понимаете, — это не то, что кто-то кого-то обязательно будет бить. Агрессия может быть даже очень пассивной, где со стороны вам и в голову не придет, что это хоть капельку напоминает конфликт. Кстати, любопытная такая вещь: если есть агрессия, то вы не найдете в ней ни грамма раздражительности. Есть только агрессия в самой непосредственной ее форме. Вот как объясняет Ричардсон: «Разбить тарелку или бросить стул, чтобы выразить свое раздражение, — это не агрессия. Самое главное, нужно усвоить, — раздражать может все! Без правил и без исключений. Второе: раздражение подкрадывается незаметно, с подвохом. Третье: как правило, раздражение вызывают ситуации, которые мы не контролируем, или такие, которые возникли слишком неожиданно. В таких случаях, кстати, решение принимаете даже не вы, как вы привыкли себя понимать, а некоторая часть вашей личности, которая отрицает любые возможности противодействия в таких ситуациях, или видит их бесперспективными. Действие осуществляется машинально, спонтанно. Но нас не просто так раздражают какие-то качества в других людях. В психологии это называется «проекцией», то есть мы не можем видеть того чего нет в нас же самих. Обычно те черты характера или достижения других людей, который нас сильно раздражают это лишь наши нереализованные потенциалы. А люди это всего лишь зеркало, которое показывает, над чем нам стоит поработать. Так же раздражение это- отрицательная реакция на то, что слабее нас. К сожалению, частота «приступов» раздражительности неутешительно растёт и среди молодёжи. Социальные и экономические катаклизмы, информационный перегруз, а также искусно навязанный ускоренный темп жизни — подобная модель общества не рассчитана на психические и биологические возможности организма. Она значительно превышает потенциал человека.[3,4]

Так же, как и в реальной жизни, мы гораздо более склонны вести себя мерзко в сети, когда мы раздражены и когда другие ведут себя мерзко. Авторы объясняют, что такое поведение становится результатом двух процессов. Первый это социальное заражение. Десятилетия исследований показали, что люди часто поступают так же, как те, кто оказывается рядом: эмоции, поведение и отношение передаются от человека к человеку. С этим связана идея нормализации: когда многие действуют определенным образом, нам кажется, что так нормально, возможно, даже уместно, делать или писать. Нормализация также означает, что мы ощущаем, будто бы за то, что мы следуем примеру других, не предвидится негативных последствий. Мы также часто боимся идти вразрез с нормой,

поскольку и сами не хотим становиться мишенью для насмешек. Некоторые люди возбуждаются, когда они кого-то раздражают: 4% мужчин и 5% женщин сексуально возбуждаются от идеи совершить непристойные сексуальные звонки — это называется скаталогия.

Когда нас что-то злит или раздражает, начинает высвобождаться адреналин, чтобы подготовить наш организм к возможной угрозе. Чем опасен адреналин? Его переизбыток может привести к повышенному давлению, головным болям, тошноте и проблемам со сном.

Таблица 1

— **Какие факторы влияют на возникновение раздражительности?**

<u>Биологический фактор</u>	Мы — биопсихосоциальная модель. Хотим мы того или нет, но животный потенциал в нас присутствует. Физическое состояние тела очень важно. Если вы не выспались, плохо себя чувствуете или банально голодны — заявка на раздражительность готова!
<u>Психологический фактор</u>	Раздражительность как черта личности. Это выученная привычка раздражаться на ту или иную ситуацию, пытаюсь как-то её изменить. Неумение отстоять свои границы и заявить о своих потребностях, замкнутость, подчиненность, неадекватная самооценка и так далее — всё это «эффективные» качества для накопления раздражительности.
<u>Социокультурные факторы</u>	Их бесконечное множество: социальные роли, положение, статус, семейное неблагополучие, материальная уязвимость — всё это нас, безусловно, раздражает.


В некоторых случаях раздражительность — это симптом психического расстройства. Вот явные признаки:

1) Необоснованная вспыльчивость. Когда объект раздражения в действительности отсутствует или уровень эмоционального накала не соответствует ситуации;

2) частое проявление раздражительности;

3) навязчивые действия и мысли, вызванные реакцией на объект раздражения. Например, желание несколько раз перемыть одну и ту же кружку. Но прежде, чем бежать к психологу, психолог Роман Колягин предлагает, проверить уровень гормона щитовидной железы ТТГ, который вырабатывает тиреоидные гормоны Т3 и Т4 железы щитовидной. *ТТГ (Тиреотропный гормон)* — это показатель функционального состояния щитовидной железы у пациента, а также маркер протекания в организме других заболеваний. Щитовидная железа имеет форму щита, поэтому она так и называется. И если они повышены то у вас скорее всего гипертиреоз. Это гиперактивность щитовидной железы. И этот гипертиреоз вызывает именно те симптомы, раздражительность, бессонницу, возбудимость, перепады настроения и нервозность. Психологи утверждают, что гипертиреоз может быть спровоцирован отсутствием защищенности, ощущение безопасности в детстве и психическими травмами. Поэтому прежде чем диагностировать у себя психическое заболевание проверьте гормон ТТГ.

Рис.1. ТТГ (Тиреотропный гормон)



Часто задаваемый вопрос, как узнать раздражительного человека по чертам лица?

1. Вздернутый вверх брови - атакующие брови;
2. Спазмированные веко - напряженные веки;
3. Носогубная складка, так же поджатые губы- кривая линия рта;
4. Морщины вокруг глаз по возрасту.[5,6]

Человек может быть раздражительным, но не показывать этого? Да, глаза впалые, челюсть вытянута. Тогда может сдерживать. Он как будто хочет сказать, жилы ходят, и зубы сжимает, но молчит.

Главный вопрос, как бороться с раздражительностью?

Методы, которые помогают бороться с раздражительностью:

Минутная медитация

1. Сядьте на стул, выпрямитесь. По возможности отодвиньтесь от спинки стула, чтобы позвоночник ни на что не опирался. Поставьте ноги на пол, закройте глаза или опустите взгляд.
2. Сконцентрируйтесь на движении вдыхаемого и выдыхаемого воздуха. Прислушайтесь к ощущениям, которые возникают при каждом вдохе и выдохе. Понаблюдайте за своим дыханием, но не ожидайте чего-то особенного. Не нужно регулировать или подстраивать дыхание.
3. Возможно, через какое-то время вы заметите, что отвлеклись. Обнаружив это, не ругайте себя и постарайтесь снова сосредоточиться на дыхании. Умение замечать рассеивающееся внимание и вновь концентрироваться на дыхании, не критикуя себя, считается важнейшей составляющей осознанной медитаций.
4. В конце концов ваш разум может успокоиться и стать гладким, как зеркальная поверхность озера, но может и не стать. Даже если у вас получится поймать чувство абсолютного спокойствия, оно может оказаться мимолетным. Однако злоба и раздражение могут исчезнуть так же быстро. Что бы ни случилось, просто примите это как данность.
5. Через минуту откройте глаза и посмотрите вокруг. Суть традиционной медитации заключается в том, чтобы полностью сконцентрироваться на дыхании и проследить за ритмом вдохов и выдохов (смотрите рекомендации по минутной медитации выше). Осознанность помогает наблюдать за собой, но без критики, а с сочувствием. Вы научитесь не принимать печаль и стресс близко к сердцу, а с искренним любопытством рассматривать их, словно они – черные тучи, плывущие по небу.[7]

Простим тех, на кого раздражаемся

Если вы раздражаетесь на ближнего, но не рады тому, что испытываете подобные чувства, — прервите контакт, выйдите в соседнюю комнату, прекратите на время общение.

Такое чувство не связано с вашим базовым отношением к человеку — вы его любите, но в данный момент злитесь на него. Если ребенок завис над домашним заданием, муж не слышит ваши просьбы починить полку, не срывайтесь — остановите эмоцию и выждите момент.

Как справиться собой?

1. Изучите свои триггеры — те ситуации, которые вызывают у вас раздражение. Составьте список: 5-10 основных источников раздражения.

2. Узнайте больше про механизм раздражения, прочитайте об этом. Знание о том, как устроены наши эмоции, очень помогает.

3. Придумайте метафору-образ для того состояния, в которое вы приходите, когда раздражаетесь.

4. Старайтесь уловить момент, когда раздражение только начинает зарождаться в вас, — тогда будет проще прервать контакт с объектом, переадресовать эмоцию или применить другую тактику — например, глубоко дышать.

5. Избегайте ситуаций, где срабатывают ваши триггеры. Я понимаю, что легко сказать и трудно сделать. Но попробуйте составить маршрут в объезд пробок или просто поменяйте подход к тому, что вызывает раздражение.[8]

Однако самое положительное во внешнем спокойствии – это отсутствие раздражения. Это помогает лучше перерабатывать информацию и достичь внутреннего покоя. Спокойствие – это двойное понятие. Внешнее спокойствие – это отсутствие внешнего раздражения, в то время как внутренняя умиротворенность – это состояние мыслей. Забегая вперед, скажем, что от каждой негативной Эмоции в вашем теле остается след из неиспользованной энергии раздражения, обиды, вины и так далее. Если мы сильно раздражены, находимся в гневе или сильной обиде, то мы часто совершаем действия, которые нельзя назвать разумными. В эти моменты наш Разум не функционирует. Надо стараться не выполнять одновременно несколько задач, а целиком концентрировать свое внимание на том, что делаете в данный момент. Это снижает поток раздражителей и увеличивает степень вашего присутствия в настоящем моменте.

Список использованной литературы

1. [kak-spravitsya-s-razdrazhitelnostyu-5-sovetov-professionalnogo-psihologa](#)
2. И. Сеченов, [Рефлексы головного мозга]
3. vm.tiktok.com/ZSdYTvQpj/
4. Евгений Фомин, [Сбрось стресс 2017]
5. Дэвид Брукс, [Путь к характеру 2015]
6. Александр Свияш, [Большая книга позитивной психологии]
7. Джулия Шоу, [Психология зла 2019]
8. SOCIUM/razdrazhenie_otkuda_ono_beretsya

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚАЗІРГІ
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ ПӘНІ РЕТІНДЕ**

**МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ КАК ПРЕДМЕТ ИССЛЕДОВАНИЯ
В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ**

**INTERCULTURAL COMMUNICATION AS A SUBJECT OF RESEARCH
IN THE MODERN EDUCATION SYSTEM**

Аннотация. Бұл мақалада әртүрлі тілдерді білетін, әртүрлі мәдениеттер тасымалдаушыларының қарым-қатынасы ретінде түсінілетін мәдениетаралық коммуникация мәселесі туралы. Сонымен қатар, қазіргі білім беру мақсаттарының бірі мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылатыны дәлелденеді.

Түйінді сөздер. Мәдениет, білім, мәдениетаралық коммуникация, тілдік сана, пәнаралық.

Аннотация. В этой статье о проблеме межкультурной коммуникации, которая понимается как общение носителей различных культур, владеющих разными языками. Также доказывается, что одной из целей современного образования является формирование межкультурной компетентности.

Ключевые слова. Культура, образование, межкультурная коммуникация, языковое сознание, междисциплинарность.

Abstract. This article is about the problem of intercultural communication, which is understood as communication between speakers of different cultures who speak different languages. It is also proved that one of the goals of modern education is the formation of intercultural competence.

Keywords. Culture, education, intercultural communication, linguistic consciousness, interdisciplinarity.

Қазіргі уақытта әлемде жаһандану процесі жүріп жатыр, ол әрине, әр түрлі елдер мен халықтар арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың күшеюінде көрінеді. Бұл тенденция қоғамдық өмірдің барлық деңгейіне әсер етеді және әртүрлі ғылыми салалардың мамандарын (лингвистер, психологтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар) әр түрлі тілдерді білетін, түрлі мәдениеттердің тасымалдаушыларының қарым — қатынас астарында түсінілетін мәдениетаралық коммуникация мәселесін назарға алады (адамдар арасындағы жеке байланыстар, хат және бұқаралық коммуникация сияқты сирек араласатын байланыс нысандары).

- девиантты мінезге ие жасөспірімдердің білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру.

Қорыта айтқанды, девиантты мінез-құлықты жасөспіріммен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап

талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, жасөспірімнің тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, жасөспірім бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кулагина, И.Ю. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет: Учебное пособие / И.Ю. Кулагина. – 4-е изд. – М.: Издательство университета Рос. Академии образования, 1998. – 176 с.
2. Берковитц, Л. Агрессия. Причины, последствия и контроль / – М., 2002. – 243 с.
3. Бодалев, А.А., Столин, В.В. Общая психодиагностика: Учебник – СПб.: Речь, 2000. – 440 с.

УДК ӘӨЖ 359.015

Манарбек Айым Манарбекқызы
«педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫН ТҰЛҒА БОЙЫНДА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ АХУАЛДЫ РЕТТЕУДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ПРИМЕНЕНИЯ СКАЗКОТЕРАПИИ В РЕГУЛЯЦИИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО КЛИМАТА У ЛИЧНОСТИ

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL BASIS OF THE USE OF FAIRY-TALE THERAPY IN THE REGULATION OF THE EMOTIONAL CLIMATE OF THE INDIVIDUAL

Аннотация. Мақалада Ертегі терапиясын тұлға бойында эмоционалдық ахуалды реттеуде қолданудың педагогикалық-психологиялық негізі көрсетілген.

Түйінді сөздер. Эмоция, темперамент, невроз, психика, ертегі терапиясы, принцип, ереже, релаксация, мүмкіндіктер, метафора, эпизод.

Аннотация. В статье представлена психолого-педагогическая основа применения сказкотерапии в регуляции эмоционального климата у личности.

Ключевые слова. Эмоции, темперамент, невроз, психика, сказкотерапия, принцип, правило, расслабление, возможности, метафора, эпизод

Annotation. The article presents the pedagogical and psychological basis for using fairy-tale therapy in regulating the emotional state of the individual

Keywords. Emotions, temperament, neurosis, psyche, fairy tale therapy, principle, rule, relaxation, possibilities, metaphor, episode

Баланың қазіргі өмірі көптеген оқиғаларға толы. Интернет, теледидар, білім беру мекемелері, бір жағынан, баланы дамытады, ал екінші жағынан, балада теріс сыртқы

әсерлерге қарсы тұра алмайтын жағдайларды жиі туындатады. Ертегі бейнелі және символдық түрде балаға осы әсерге қарсы тұрудың типтік үлгілері мен тәсілдерін ұсынады. Ертегілерде, мифтерде, астарлы әңгімелерде алдыңғы ұрпақтардың тәжірибесі жинақталған, оған сүйене отырып, қазіргі заманғы мамандар айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алады. Осы тәжірибеге сүйене отырып, біз ата-бабаларымыздың даналығын қарастыра аламыз.

Баланың эмоционалды өмірі сезімнің баланың іс-әрекетінің барлық аспектілерінен басым болуымен байланысты. Эмоционалдылық еріксіз риясыздықпен, жарықтықпен сипатталады: сезімдер тез ауысып отырады және жоғалады, көңіл-күй тұрақсыз, эмоция көріністері өте күшті болып келеді. Бала жанашырлық, сүйіспеншілік, махаббат, аяушылық сезімдерін оңай сезіне бастайды, сүйіспеншілік пен мадақтауды, жазаны және сөгісті бастан кешіреді, жанжал жағдайларына оңай жауап береді, кітаптар мен фильмдердің кейіпкерлеріне деген сезімдерін қатты білдіреді [1].

Балалардың мінез-құлқы мен дамуында мінез-құлықтың бұзылуы (агрессивтілік, темперамент, енжарлық, гиперактивтілік), дамудың артта қалуы және балалар нервтерінің әртүрлі түрлері (нейропатия, невроздар, қорқыныш) жиі кездеседі.

Баланың психикалық және жеке дамуының асқынулары, әдетте, екі факторға байланысты: білім берудегі қателіктер немесе белгілі бір жетілмегендік, жүйке жүйесінің зақымдануы. Баланың жеке басының эмоционалды дамуын зерттеуге арналған зерттеулерді көптеген ғалымдар мен зерттеушілер жүргізді (Г.М. Бреслав, В. К. Вилюнас, А. В. Запорожец, К. Э. Изард, Я. З. Неверович, П. В. Симонов және т. б.). Балалардың жағымсыз эмоционалды жағдайларын түзету мәселесімен И.П. Воропаева, А. И. Захаров, Е. Е. Кравцова, В. С. Мухина, А. А. Нурахонова, Т. О. Смолева, А. С. Спиваковская, С. Г. Файнберг, М. И. Чистякова, Т. Д. Зинкевич-Евстигнеева және басқалар айналысты. Олардың пікірінше, мұндай балаларды қызықты іс-шараларға тарту тиімді; бұл зерттеушілер ойынды түзету, психогимнастика, ертегі терапиясы және мінез-құлықты психокоррекцияның басқа бағдарламаларын ұсынады.

Ертегі балалардың эмоционалды жағдайына қатты әсер етеді. Ертегімен танысу процесі баланың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру үшін нақты психологиялық жағдай жасайды.

Баланың теріс эмоционалды жағдайы отбасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне байланысты қалыптасуы мүмкін, бұл өз кезегінде бейімделу қаупін арттырады [2].

Ертегі терапиясы - бұл ертегінің метафоралық ресурстарын қолдана отырып, адамдарға өзін-өзі тануға, басқалармен ерекше сенімді, тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін практикалық психологияның бағыты.

Ертегі терапиясының жұмыс істеу принциптері.

Ертегілермен жұмыс істеу барысында мұғалімнің қандай ертегі қолданатынын ескергені абзал, өйткені әрбір ертегі түрінің өзіне тән психологиялық ерекшеліктері мен мақсаты болады.

Ертегілерді бірнеше түрге бөлуге болады:

- Дидактикалық. Оның мақсаты – балаларға жаңа білім беру. Ертегілердің бұл түрі осы білімнің мәнін ашады және бала орындауға қажетті тапсырмаларды қамтиды;
- Медитативтік ертегілер баланың жеке және терең мүмкіндіктерін оятуға бағытталған;
- Балалардың мінез-құлқына психокоррекциялық әсер ету;
- Психотерапевтикалық, ертегілердің бұл түрі астарлы әңгіме түріне ие, яғни баланың терең жан дүниесіне бағытталған;
- Психологиялық ертегі, ертегілердің бұл түрінің мақсаты баланың тұлғалық дамуына әсер ету болып табылады.

Әрбір бала өз пікірін, белгілі бір жағдайға қатынасын білдіруге құқылы, сондықтан мұғалімнің сабақта баланың пікіріне теріс баға беруіне жол берілмейді. Ертегі терапиясы арқылы өтетін әрбір сабақ сыйластық пен сенімге, бала мен үлкеннің өзара түсіністігіне, өзара көмекке құрылады.

Ертегі арқылы сабақтарды өткізу кезінде төмендегідей ережелер сақталады:

1. Сабақтар үшін жеткілікті орын болуы керек. Еденге үлкен кілем керек. Сыныпта балалар көбінесе релаксация деп аталатын қалыпта отырады: өкшеде отырып, қолдарын дене бойымен еркін түсіріп немесе жамбастарына сүйенеді.
2. Релаксация процесінде (отыру, жату, тұру) балаларға қозғалуға, сөйлесуге, сұрақ қоюға кеңес берілмейді. Өйткені «өзін-өзі тыңдау» процесі өте нәзік және кез келген әңгімелесу, қағу, шапалақтау, қозғалыстар балалардың назарын аударып, жасалған атмосфераны оңай бұзады.
3. Сабақ барысында балаларға белгілі уақыт аралығында өз сезімдері туралы айтуға мүмкіндік беріледі, бірақ кейде оларға жай ғана «өзін тыңдау» ұсынылады.
4. Ертегі мәтіні жаттығулар арасындағы дәнекер. Ертегілерді қайталауға болады, бірақ кейде автордың стилі мен нәзік атмосферасын сақтау үшін оқыған дұрыс.
5. Ертегілер белгілі бір уақыттан кейін қайталануы мүмкін. Балалар қайталауды жақсы көреді, сонымен қатар таныс жаттығулар жеңілрек, кейде үлкен қызығушылықпен қабылданады.
6. Балалардың орындағанының бәрі, олардың барлық сөздері, қимылдары, тіпті импровизациялары (оларды ерекше мадақтау керек!) сәтті болып табылады. Ал сырттан қалай көрінетіні маңызды емес. Балалардың өзін еркін сезінуі, өзіне және күшіне сенуі маңызды [3].

Ертегімен жұмыс істеу мүмкіндіктері

– Әңгімені метафора ретінде пайдалану. Ертегілердің мәтіні мен бейнелері клиенттің жеке өміріне қатысты еркін ассоциацияларды тудырады, содан кейін бұл метафоралар мен ассоциацияларды талқылауға болады.

– Ертегі бойынша сурет салу. Сызбада еркін ассоциациялар пайда болады және алынған графикалық материалды одан әрі талдауға болады.

– Кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетінің мотивтерін талқылау, адам мінез-құлқының құндылықтарын талқылауға сылтау ретінде қызмет етеді, жақсы-жаман деген категориялардағы адамның бағалау жүйесін ашады.

– Ертегінің эпизодтарын ойнау. Эпизодтарды ойнау балаға немесе ересек адамға эмоционалды маңызды жағдайларды сезінуге және эмоцияларды ойнауға мүмкіндік береді.

– Ертегілерді астарлы-адамгершілік ретінде пайдалану. Метафораның көмегімен жағдайды шешуге шақыру.

– Ертегі бойынша шығармашылық жұмыс (қосу, қайта жазу, ертегімен жұмыс).

Баланың жеке басын психокоррекциялау және дамыту үшін ертегілердің тартымдылығы төмендегідей:

– Ертегілерде тікелей моральдық, тәрбиелік мәні жоқ. Ертегідегі оқиғалар логикалық, табиғи, бірінен соң бірі жалғасып, бала дүниеде бар себепті байланыстарды меңгереді.

– Ертегі образдары арқылы бала сан ұрпақтың өмір тәжірибесімен байланысқа түседі. Ертегілерде әр адамның өз өмірінде басынан өткеретін жағдайлары мен қиыншылықтары болады: ата-анасынан айырылу; өмірді таңдау; өзара көмек; махаббат; жақсылық пен жамандықтың күресі.

– Ертегілердегі жақсылықтың жеңісі балаға психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді: ертегіде қандай жағдай болмасын, бәрі жақсы аяқталады. Батырлардың басынан өткен сынақтар олардың ақылды, мейірімді, күшті, дана болуына көмектеседі. Осылайша, бала адамның өмірінде болып жатқан барлық нәрсе оның ішкі өсуіне ықпал ететінін біледі.

– Кейіпкердің аты мен ертегі оқиғасының орнында алдын ала жазылудың жоқтығы. Басты кейіпкер – ұжымдық образ, балаға өзін ертегі кейіпкерімен сәйкестендіріп, ертегі оқиғаларының қатысушысына айналуы оңайырақ.

– Құпиялар мен сиқырлардың ореолы, қызықты сюжет, кейіпкерлердің күтпеген түрленуі - мұның бәрі тыңдаушыға ертегілердегі ақпаратты белсенді түрде қабылдауға және сіңіруге мүмкіндік береді [4].

Қорыта келе, ертегіге негізделген ғажайып ойындар адамның әлсіз және күшті жақтарын ашып, эмоциялық ахуал қалыптастыруға және жаңа мүмкіндік береді. Сонымен

қатар, мінез — құлқындағы кейбір жағымсыз жақтарының себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

Балалар ертегі арқылы эстетикалық тәрбие алып, шығармашылық қабілеттері арттырады, ой — қиялдарын, елестету арқылы артикуляциялық гимнастиканы орындай отырып, қол моторикасын дамытады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абрамова Г.С. Даму психологиясы. — М.: Юрайт, 2012. — 811 б.
2. Мектептегі 6-7 жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту. Әдістемелік құрал. - М.: Білім, 2017. - 192 б.
3. Ермолаева М.В. Бастауыш сынып балаларының эмоционалдық саласын дамытудың ерекшеліктері мен құралдары / М.В.Ермолаева. - М.: Мәскеу психологиялық-әлеуметтік университеті (МПУ), 2016. - 757 б.
4. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д.Ертегімен жұмыс істеу формалары мен әдістері. — Петербург: Сөз, 2006. — 140 б.

УДК 159.9

Шамелова Сауле Газизовна
магистрант кафедрасы
«Бизнес и информационные технологии»
Университет «Туран- Астана»,
г. Нур- Султан, Республика Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СОВМЕСТИМОСТЬ В КОЛЛЕКТИВЕ

ҰЖЫМДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҮЙЛЕСІМДІЛІК

PSYCHOLOGICAL COMPATIBILITY IN THE TEAM

Аннотация. Мақалада ұжымдағы адамдардың психологиялық үйлесімділігін түсінуге найқындаудың әртүрлі теориялық және әдіснамалық тәсілдері қарастырылған.

Түйінді сөздер. Психологиялық үйлесімділік, бірлескен белсенділік, үйлесімділік құбылысы, команда, жеке психологиялық ерекшеліктер.

Аннотация. В статье рассматриваются различные теоретические и методические подходы к пониманию и определению психологической совместимости людей в коллективе.

Ключевые слова. Психологическая совместимость, совместная деятельность, феномен совместимости, коллектив, индивидуально- психологические характеристики.

Annotation. This article scrutinizes on different theoretical and methodical techniques concerning the understanding and determination of the interpersonal compatibility of individuals in a group. The analysis of the empirical data regarding the influence of the interpersonal compatibility on the psychological climate within the working group has been conducted.

Key phrases. Interpersonal compatibility, cooperative activity, compatibility phenomenon, collective, psychological characteristics.

Роль ораторского искусства повысилась в эпоху античности. Великие риторы выступали перед жителями полиса на народных собраниях, воинами, накануне наступлений, различных мероприятиях, требующих от выступающих искусства красноречия.

Наиболее известны сочинения Платона «Федра» и «Риторика» Аристотеля. Если у Платона прослеживается тесная связь риторики с софистикой, то Аристотель под риторикой понимал теорию устного красноречия, вероятностную логику, которая используется ораторами в политических целях.

Следующий расцвет ораторского искусства связан Древним Римом. Если риторика Древней Греции стала полезна для общественно-политической деятельности, то в Древнем Риме она стала важным компонентом образования.

Одним из известных является древнеримский систематический учебник риторики «К Гереннию», в котором дана практически первая классификация риторических фигур. Вышеописанные изречения Марка Туллия Цицерона, активная деятельность которого приходилась на конец республиканского периода Древнего Рима, свидетельствуют об ораторском даровании «отца нации». В истории сохранились более пятьдесят полный риторики по этому вопросу, записи хранятся в своих собственных словах [1].

В переводе с греческого «риторика» означает ораторское искусство. Действительно, понятия «красноречие», «мастерство публичного выступления», «ораторское искусство» используются в научной литературе как синонимы.

Одними из первых ораторов древности являются Горгий, Платон, Аристотель, каждый из которых внес значительный вклад в развитие специальной дисциплины, называемой риторикой [2].

В целом, ораторское искусство понимается как мастерство публичного выступления, качество ораторской речи, умение воздействовать на публику и оказывать на нее желаемое воздействие.

В зависимости от сферы выделяют следующие виды ораторского искусства:

- научная - лекция в вузе или научный доклад,
- деловая - дипломатическая речь или выступление на съезде,
- информационно-пропагандистская - военно-патриотическая речь или речь на митинге,
- социально-бытовая - юбилейная (похвальная) речь или застольная речь (тост).

Род красноречие речи, его реальный объект характеризуется конкретным анализом, и оценка система является областью красноречия. Связи с общественностью могут быть выделены из существующей практики ораторского и родов: социальные, политические, научные, правовые, социальные и духовные. (см. таблицу 1).

Таблица 1 - Характеристика ораторского искусства

	Род ораторского искусства	Основная характеристика
	социально-политическое	выступления на социально-политические, политико-экономические, социально-культурные, этико-нравственные темы, по вопросам научно-технического прогресса, отчетные доклады на съездах, собраниях, конференциях, дипломатические, политические, военно-патриотические, митинговые, агитаторские, парламентские речи.
	академическое	вузовская лекция, научный доклад, научный обзор, научное сообщение, научно-популярная лекция.
	судебное	прокурорская или обвинительная речь и адвокатская, или защитительная, речь.

	социально-бытовое	юбилейная речь, посвященная знаменательной дате или произнесенная в честь отдельной личности, носящая торжественный характер; приветственная речь; застольная речь, произносимая на официальных, например, дипломатических, приемах, а также речь бытовая; надгробная речь, посвященная ушедшему из жизни.
	духовное	проповедь (слово), которую произносят для прихожан и речь официальная.

В условиях современного развития общества вопросы риторики приобрели особый социальный контекст. Ораторы, стремящиеся к достижению профессиональной цели, должны уделять большое внимание обучению и постижению «искусству говорить». В толковом словаре С. Ожегова дается определение оратора - «тот, кто произносит речь, а также человек, обладающий даром красноречия» [3].

Основа публичного выступления - устная речь, рассчитанная на определенную аудиторию слушателей. По лицам слушателей можно определить их отношение к выступлению, проследить их реакцию на речь оратора.

По количеству участников речи различают монолог и диалог. Важно понимать, что владение монологической речью гораздо сложнее и по содержанию, и по оформлению. Любой оратор должен творчески подойти к своему выступлению, чтобы увлечь слушателей. Можно построить свое выступление в форме доверительной беседы.

По мнению экспертов, в момент выступления перед аудиторией оратор предстает в качестве «лидера», успех его речи зависит от личного энтузиазма ратора. Важно обладать хорошей дикцией, правильно выбрать тембр голоса, не злоупотреблять жестиком, мимикой. Другими словами, вполне серьезно подойти как к содержанию, так и к форме своего выступления. Хорошо если каждый оратор имеет сформировавшийся индивидуальный стиль речи и внешний образ. Поэтому ратору необходимо неустанно работать над совершенством своего образа, чтобы поднять личный авторитет и престиж. Такой оратор будет пользоваться доверием слушателей.

Список использованной литературы:

1. Соковнин В.М. О природе человеческого общения. – Фрунзе: Мектеп, 1974. – 138 с.
2. Питер Ф. А. Литературно-эстетические перспективы изучения Цицерона. – М.: Генезис, 2008. – 430 с.
3. Кравченко К.А. Поиск и отбор персонала: История и современность. – СПб.: Управление персоналом, № 12, 1998. – 453 с.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШАҒЫН ТОПТА ДАМУ ҮДЕРІСІ
ПРОЦЕСС РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ВОЗРАСТА В МАЛОЙ ГРУППЕ
THE DEVELOPMENT PROCESS OF YOUNG CHILDREN IN A SMALL GROUP

Аннотация. Мақалада жеткіншектік жастағы балалардың шағын топта даму үрдісі көрсетілген.

Түйінді сөздер. «Шағын топ», «даму үдерісі», «қарым-қатынас»

Аннотация. В статье описана тенденция развития детей подросткового возраста в малой группе.

Ключевые слова. «Малая группа», "процесс развития", "общение»

Annotation. The article shows the development trend of adolescent children in a small group.

Keywords. «Small group", "development process", "communication"

Шағын топтар – ортақ мақсаттармен немесе міндеттермен біріктірілген, әрқашанда тікелей қатынас жасайтын жеке адамдар. Шағын топта әдетте, беделді лидер немесе беделді жетекші болады. Топ мүшелерінің арақатынасын реттеуші ұйымның сипатына байланысты топтарды бөле отырып, ресми ұйым топтың құрылымының сырттан берілетінін болжайды.

Зерттеулер көрсеткендей, алдына қойған міндеттер бойынша, шағын топтарды былайша бөлуге болады:

1. топ мүшелерінің арасындағы қатынастардың жақындық дәрежесіне байланысты – *бірінші* (жанұя, жақын достар), *екінші* (оқулық, өндірістер);

2. топқа қатынасушылардың құқықтарына байланысты – *бірдей* (топтың барлық мүшелерінің құқықтары тең болады) және *бірдей емес* (құқықтар мен міндеттердің белгілі бір иерархиясы болады);

3. жеке адам үшін топтың құндылығына байланысты – *мүшелік топтар* (топтағы көзқарастарды, қатынастарды қаламаса да, жеке адам белгілі бір жағдайларға ғана байланысты қатысады) және *референттік топтар* (жеке адам үшін эталон мінез-құлық үлгісі болатын) [1].

Ғылыми зерттеулер бойынша топ және жеке адам арасындағы даму қарым -қатынасы үш модель таралған:

1) жеке тұлға ұжымға бағынады (конформизм).

2) жеке тұлға мен ұжым өзара үйлесімді (үйлесімділік).

3) жеке тұлға ұжымды өзіне бағындырады (нонконформонизм).

Осы жалпы модельден көп байланыс жолдары бөлініп шығады,

Бірінші модель бойынша жеке тұлға ұжымның талабына өз еркімен бағынады. Ұжым жеке тұлғаны «жұтады», өзінің тәртібіне, дәстүріне, құндылығына бағындырады.

Екінші модель бойынша

1) жеке тұлға ұжымға бағынады, бірақ оның ішкі тәуелсіздігін сақтайды.

2) жеке тұлға қарсылыққа дейін конфликт жағдайға да барады.

Тұлғаның ұжымдық қатынастары белгілеріне қарай референттік топтарды бөліп қарастыруға болады. Референттік (эталондық) топ - тұлға үшін көзқарастарымен нормалары үлгі болып табылады. Бұндай топтарда тұлға мүддесі ұжымға бағынады.

Тікелей қарым-қатынас табиғи бетпе-бет, сөздік және бейсөздік (ым, қимыл) құралдар көмегімен жасалатын толық психологиялық контакт, кері байланыс бір мезгілде өтеді. Бұл – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау тарихындағы бірінші формасы [1].

Жанама қарым-қатынас қатысушылардың кері байланыс уақытын ұзартатын, не кешіктіретін жазу немесе техника құралдары арқылы жасалынатын толықсыз психологиялық контакт. Хат жазу, кітап шығару, радиодан сөйлеу т.с. адами қарым-қатынас күрделеніп жібереді. Тұлғаралық қарым-қатынас екі не құрамы өзгермейтін топ ішіндегі таныс адамдардың тікелей констактілері. Тұлғаралық қарым-қатынастың белгілері: қатысушылардың психологиялық жақындығы, бір-бірінің ерекшеліктерін білуі, бірге күйзелуі, өзара түсінушілігі, ортақ қызметтестігі.

Бұқаралық қарым-қатынас бейтаныс адамдардың тікелей және жанама (бұқаралық ақпарат құралдары арқылы болатын) констактары. Мысалы, стадионда, театрда, шеру – бұқаралық қарым-қатынас, телемарафон, радиохабар – жанама қарым-қатынас, вагонда – бұқаралық тікелей не жанама болса, купеде – тұлғаралық қатынас.

Персонаралық қарым-қатынас ортақ іс-әрекет үрдісінде жеке қасиеттерін ашатын белгілі тұлғалардың психологиялық контакттары (чемпиондар, ғарышкерлер, президенттер).

Қарым-қатынас нәтижесінде адам жеке тұлға болып қалыптасады. Қарым-қатынас – адамның психикалық дамуының және мінезінің алғышарттары, негізі. Сонымен, қарым-қатынас – адамның психологиялық дамуының факторы:

- қарым-қатынас үрдісінде басқалардан өзгешелігі қалыптасады, адам тек қана қарым-қатынас арқылы адам болады (джунглида өсіп адам болған Маугли – қияли оқиға, ертегі);

- қарым-қатынас үрдісінде өзге үшін, өзі үшін адамның психологиялық қасиеттері ашылады (ғашық болған адам өзін-өзі жаңа қырынан танып біледі);

- қарым-қатынас үрдісінде жеке адам жалпы адамдық тәжірибені меңгереді (орыс философы Чадаев айтуынша, «қарым-қатынассыз шөпті шайнап жүре беретін едік»).

Л.С. Выготский зерттеуінше, жеке қалғанда да адам қарым-қатынастың қызметін сақтап қалады. Қарым-қатынас жайлы сөз қозғалғанда негізіннен көңіл ақпарат алысу процесі және оны қабылдау арқылы жүреді. Олар вербалды және вербалды емес қатынастар арқылы жүреді [3].

Қарым-қатынастың вербалды түріне ауызша және жазбаша қатынастар жатады. Вербалды коммуникацияда адамның тілі маңызды роль негізінен құралады. Лексика – тілдің сөздік құрамы. Синтаксис – нақты тілдік құралдарын сипаттайды және тілдік белгілерді құру ережесі. Тіл – коммуникациялық құрал. Ал, сөйлеу әрекет түрі. Шындықты бейнелеу құралы, ойлау формасы. Ойлау мен сөйлеу бір-бірінен ажырамайды. Ақпарат беру тілдің көмегімен былай жүреді: Коммуникатор (сөйлеуші) ойды білдіретін сөздерді таңдап, оларды граммтика ережелері бойынша байланысты лексика, синтаксис принциптерін қолданып, сөзді айтады. Тіл екі қызмет атқарады:

1. Сигнификативті;

2. Коммуникативті.

Вербалды емес қатынас қарым-қатынасты бағдарлау үшін психологиялық контакт орнатуда өте маңызды.

Вербалды емес қатынас үш топқа бөлінеді:

1. Визуальды

- кинесика (қол, аяқ, бас, дене қимылдары);

- көз қыры;

- бет әлпеті;

- қалып;

- терілік реакция (қызару);

- дистанция.

2. Акустикалық (дыбыстық)

- сөйлеу тіліне байланысты

3. Тактильді (жақындасуға байланысты)
- денелік әсер;
 - Такесика (иығынан қағу, қолынан қысу)

Қарым-қатынаста жесттің мына түрлері кездеседі:

- бағалау жесті – иенгін ұстау, тұру, жүру т.б.;
- сенімділік жесті – адамдардың саусақтарын айқастыру;
- сенімсіздік жесті – столды тақылдату, көзін жиі қозғалту;
- шынай емес жест – ауызды қолымен жабу, мұрынды қолымен басу.

Көз контактісі – бұл көз қозғалысы негізінде вербалды коммуникация жүйесін құрайды. Көзқарас, оның ұзақтылығы, көзді алып қашу. Қатынастың бұл түрі вербалады коммуникацияға толықтыру болып табылады. Гер қарым-қатынасты анықталған жүйе қатынасы деп қарастырсақ, онда өзіндік құндылыққа ие үш функциялық топты атауға болады. Олар:

1) психологиялық функция – адам дамуын жекелей қарастырады. Қарым-қатынас ой процестерінің, ерік процестерінің, эмоциялық процестердің дамуын стимулдайды.

2) әлеуметтік функция - әлеуметтік жүйеде қоғамның дамуын және сол жүйедегі әлеуметті топтардың құрылымын анықтайды.

3) Инструменталды функция – адам және әлем арасындағы байланыстарды анықтайды, әлеуметтік топтардың арасындағы көптеген айырмашылықтарды айқындайды. Қарым-қатынастың бұл түрі ерекше қызығушылық танытады. Себебі, ол адамдар арасындағы байланыс қатынасын сипаттайды, әлемнің керемет құбылыстарын суреттейді.

Қарым-қатынас түрлері мен функциялары әртүрлі қатынастық жағдайда іске асып отыратын күрделі құбылыстар.

Мақсатына қарай қарым-қатынас психологиясы тұлғааралық қарым-қатынастың үш түрін ажыратады: *императив (бұйрық), манипуляция (айла), диалог (қос үн, қос сөз, қос тіл)* [4].

Ұжымдағы көңіл білдіру деңгейі бірге қатысу сияқты саңталады және ол «көңіл білдіру» ұжымға кірген жаңа адамға арналған кезде де болады. Даму деңгейі төмен топтардағы жаңадан келген адам «барлығына қолайлы» рөлді атқарады. Жаңадан келген адамға қатынас көбінесе, ұжымдағы адамгершілік қатынастардың өлшемі ретінде қарастырылады. Отандық психологтар ұжымдық ұйымшылдықты оның маңызды сипаттамасы ретінде, мақсаттарды, міндеттерді және идеалдардың ортақтығын мойындаудан туған оның бірлік өлшемдері түрінде қарастырады. Сондықтан, ұйымшылдықты анықтау үшін және оны білдіретін индекстерді алу үшін отандық ғалымдар бірлескен топтық іс-әрекеттің мазмұндық сипаттамасына жүгінді. Осылайша ұйымшылдықты, стратометриялық концепциямен байланыста болатын, ұжымның құндылықты-бағытталған бірлігі ретінде қарастыру түсінігі пайда болды.

Топтың ұйымшылдықтың көрсеткіші болатын құндылықты — бағыттағы бірлік топтың ішкі байланыстар жүйесінің интегралдың си-паттамасы ретінде білінеді. Бұл жүйе, топ іс-әрекетінің мақсатына жетуде және осының барысында оның құндылықты бағыттары жүзеге асыруда аса маңызды болатын объектілерге байланысты топ мүшелерінің көзқарастары мен ұстанымдарының, бағалауларының, пікірлерінің үқсастық деңгейін көрсетеді. Ұйымшылдықты анықтаудың эксперименталдық бағдарламасы негізінде басты көрсеткіш — ұйымшылдық индексі - ретінде қандай да бір объектілерге қатысты топ мүшелерінің пікірлерінің немесе ұстанымдарының сәйкес келуінің жиілігі қабылданды. Топ ұйымшылдығының көрсеткіші ретіндегі топтың құндылықты бағытталған бірлігі топ мүшелерінің ұстанымдары мен бағалауларының сәйкес келуін білдіреді. Бұл бағыттардың жан-жақтылығы топ уайымшылдығының сақталуына кедергі болмайды. Ұжымдағы құндылықты-бағытталған бірлік — бұл, алдымен, іс және адамгершілік салаларындағы бағалаулардың, бірлескен іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттеріне деген көзқарастардың жақындасуы. Құндылықты-бағытталған блогының жоғары деңгейі топтық қарым-қатынастың тәжірибесінің нәтижесінде жасалып, қоғамға пайдалы сипаттағы топтың

бірлескен іс-әрекет белсенділігінің салдарынан пайда болады. Ол топ мүшелері мен тұлғааралық қатынастардың барлық феномендері арасындағы қарым-қатынастың негізін салады. Сондықтан, топтағы арақатынастардың сипатын да, ұжымдың сипаттағы бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде пайда болатын, топ мүшелерінің көзқарастары мен құндылықты бағыттарының бірлігін білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Агеев В.С. Психология межгрупповых отношений. - М.: МГУ, 1993
2. Овчарова Р.В. Практическая психология. - М., 1996. – 240 с.
3. Немов Р.С. Психология. - М., 2001
4. Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері. - А., 1992. – 85 с.

УДК ӘӨЖ 359.015

Сагынбаева Дидар Оралбековна

«педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

ЖОО СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗБЕТИНШЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ ВУЗОВ ЧЕРЕЗ ОРГАНИЗАЦИЮ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES OF UNIVERSITY STUDENTS THROUGH THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK

Аннотация. Мақалада ЖОО студенттердің өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру көрсетілген.

Түйінді сөздер. «Өзіндік жұмыс», «өзіндік жұмысты ұйымдастыру», «кәсіби құзыреттілік»

Аннотация. В статье описаны формирование профессиональных компетенций студентов вузов через организацию самостоятельной работы.

Ключевые слова. "Самостоятельная работа", "организация самостоятельной работы", «профессиональная компетентность»

Annotation. The article describes the formation of professional competencies of university students through the organization of independent work

Keywords. «Independent work», «organization of independent work», «professional competence».

ЖОО-дағы үлкен міндеттердің бірі болашақ мамандарды өз бетімен жұмыс істей білуге, өз бетімен білім ала білу дағдысын дамытуға және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Жоғары мектептерде жұмыс істейтін оқытушылардан өмірдің өзі студенттермен өзара әрекет барысын ұйымдастыруды өзгертуді талап етіп отыр. Оқытушы тек сұраққа жауап беріп, белгілі бір тапсырмаларды орындап қана қоймай, оқытуда ақыл-ойлық инициатива көтере алатын, өз ойын білдіре алатын интеллигенцияны даярлауда қоғамдық дамудың әлеуметтік талаптарын ескере білуі қажет. Студенттің өздік жұмыс істей алуы үшін қазіргі оқытушынен тек өз пәні бойынша білімі емес, жоғары психология-педагогикалық мәдениет, оқыту процесінде студентпен өзінің арасындағы бірлескен

жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен формаларын меңгеруді талап етеді. Оқытушының ең басты қасиеттерінің бірі – студенттің өздік жұмыс жасай алуын ынталандыра білу іскерлігі .

Қазіргі жоғары мектептегі оқу процесін жетілдіру екі негізгі аспектіні қамтиды: білім беру мазмұнын жетілдіру және жаңа білім беру технологияларын енгізу.

Білім беру технологиялары оқытудың түрлі құрылымдық деңгейлерінде қызмет ете алады: жұмыстың жекелеген түрлері деңгейінде (түсініктеме берілетін жазба технологиясы, белгілі бір тапсырма типін шешу технологиясы), сабақ және басқа да оқытуды ұйымдастыру формасы деңгейінде (сабақты кіріктіріп өткізу технологиясы), педагогикалық жүйелер деңгейі (педагогикалық жүйе технологиясы), тұтастай алғанда оқыту деңгейінде (бұл жалпы оқыту технологиясы деп аталады) [1].

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру үшін технологияларды таңдаудың басты ерекшелігі – студент тұлғасына, оның бейімдері мен қабілеттеріне, сол сияқты шығармашылық өзін-өзі іске асыруға сұранысына сүйену болып табылады.

П.И. Пидкасистый өзіндік жұмысты шәкірттің танымдық іс-әрекетін жетілдіру құралы ретінде қарастырады [2].

А.А. Вербицкий пікірінше, танымдық іс-әрекеттің жемісті өтуіне бірнеше факторлар: өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары, іскерлік қарым-қатынас және қатысушылардың іс-әрекетке дайындығының деңгейі әсер етеді [3].

Н.Ж. Құрманова: «...Студенттің танымдық іс-әрекеті репродуктивтік және продуктивтік сипатқа ие. Оқу міндетіне байланысты студент әр-түрлі ақыл-ой әрекеттерін жасайды (жаттап алады, қайта жаңғыртады, талдайды, қорытады, шешеді және т.б). Оқу міндеттерін (сұрақтар қою, тапсырмалар беру және т.б) өзгерту жағымен оқытушы студенттерді әр түрлі ақыл-ой әрекеттеріне ынталандырады», - дейді [4].

Бұл зерттеулерге шолуымыздың түйіні: жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырылған оқу-танымдық іс-әрекет нәтижесінде студенттің білімі, біліктілігі кеңейіп, интеллектуалдық мүмкіндіктері мен шығармашылық дербестігі дамиды.

Оқыту процесі екі жақты процесс болғандықтан, студенттердің өзіндік жұмысы міндетті түрде оқытушының басшылығымен, сонымен қатар студенттердің дербестігін, олардың қызығып, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты студенттердің өзіндік жұмыстарының ерекшелігі – олардың ықыласы және өз еркімен әрекет жасауына байланысты болады.

Студенттердің өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын функциясы мен міндеттерін атап өткен жөн. Олар:

1. Студенттердің белсенділік, дербестік қасиетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Студенттерді оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
4. Студенттердің таным, ақыл-ой қабілеттерін дамыту.
5. Студенттерді дербес білім алуға әзірлеу.
6. Студенттердің оқуға ынтасын арттырып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер

ету.

Демек, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруде өзіндік жұмыстың маңызы зор.

Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру принциптері (белсенділіу принципі, жеке тұрғыдан келу принципі, көрнекілік принципі, жүйелілік принципі, бірізділік принципі және үй тапсырмасының мөлшері), оларды жүзеге асрудың шарттары болып табылады.

СӨЖ ұйымдастыру технологиясы өзіндік жұмыс мақсатымен, мазмұнымен анықталады және ол келесі компоненттерді өзіне қосады; субъект диагностикасы; іс-әрекет мақсатын қою; уақытты және тапсырмаларды бөлу; орындаушыларға нұсқау беру; студенттердің іс-әрекетін мадақтау; аралық бақылауда түзету; өзіндік жұмыстың қорытындысын жасау. жоспарлау

Студенттің өзіндік жұмысының функциялары еңбек дағдыларымен еңбек іскерліктерін дамытады.

СӨЖ-ын ұйымдастыру формасын жіктеу 3 топтан тұрады: СӨЖ-ын ұйымдастыру формасы (білімнің алғашқы меңгерілуіне бағытталған); СӨЖ-ын ұйымдастыру формасы (білімді жетілдіруге, іскерлікті және дағдыны қалыптастыруға бағытталған); СӨЖ-ын бақылаудың формасы.

СӨЖдың ұйымдастырудың ақпараттық-дамушылық формасы (мәліметтердің ақпараттық базасымен өздік жұмыс). СӨЖ-ын ұйымдастырудың проблемалық-ізденушілік формасы (зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар, ғылыми немесе проблемалық хабарлар). Шығармашылық өздік жұмыстар (шығармалар, эссе), көлемі шағындау ақпараттық құнды құжаттар (библиографиялық тізім, жарнамалық көріністер, диаграммалар) [5].

Қазіргі кезде негізі болып студенттердің өзіндік оқу және шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері табылатын өзіндік жұмыстың жүйесін жасау және енгізу (оқытудың рейтингілік жүйесі аясында) ерекше көкейкесті болып отыр. Осыған байланысты әр студент тұлғасының дамуы мен оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік оқу іс-әрекетінің ролі мен маңызы арта түседі.

Студенттердің өзіндік жұмысының ұйымдастырудың дәстүрлі емес формаларына жататындар:

- информациялық дамытушы формасы.
- студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәселелік-ізденушілік формасы (бұнда берілетін тапсырма ғылыми зерттеу жұмыстары, баяндау, хабарлау).
- жеке шығармашылық жұмыстар (мазмұндамама, эссе жазу).

Жоғары мектептің оқу процесінде тұлғаны дамытушы педагогикалық есептерді пайдалану қажет. Бұл жерде әр түрлі педагогикалық процестерді (шындық немесе ойдан құрастырылған), құбылыстарды және педагогикалық іс-әрекет түрлерін имитациялайтын есептер пайдаланылады. Оларды неғұрлым тиімді шешу үшін ситуациялық және имитациялық ойындарды, ми шабуылы әдісін, логикалық әдістерді, эмпатия әдісі, т.б. қолдану ұсынылады. Студенттердің есептермен жұмысының барлық кезеңдеріндегі әрекеті табысты болуы үшін оқытушы біріккен жұмыс кезінде оқу жетістігі жағдаятын дамытуға әсер ететін оң эмоциональдық фонды қамтамасыз етеді [6].

Білім алушының жеке бастық ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу процесін ұйымдастыруды, әрбір білім алушы студенттің потенциалды мүмкіндіктерін таратуға қолайлы жағдай жасау мүмкіндігін – *оқытуды жекелеу* дейміз. Студенттің оқу әрекетін білімнің мазмұны, формасы, әдістер, көлемі арқылы ұйымдастыруды – оқытудағы дифференциация деп атайды. Бұл жағдайда әр студенттің білімді меңгеруіне оптимальді жағдай жасалады.

Өзіндік жұмыстың мониторингісінің психологиялық-педагогикалық мәні студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен түзетуден, қиыншылықтар туындаған жағдайда көмек көрсетуден тұрады. Өзіндік жұмыс нәтижелерін оқыту процесін тиімді басқару талаптарын іске асыру үшін қажет. Оның көмегімен біз білім алушының бастапқы білім деңгейін анықтаймыз және одан әрі оқыту процесі барысында тұлғалық өсімі туралы ақпарат аламыз.

Әр жеке алынған студенттің білім сапасын сараптаудағы даралық тұрғыдан келу талабы дайын жауапты басқа студенттерден көшіруді, сол сияқты бақыланатын өзіндік жұмыс тапсырмаларын топтық орындауды болдырмауды қамтамасыз етеді. Бұл студенттер тезаурусына байланысты күрделілігі жағынан өзгеріп отыратын тапсырмалардың көптүрлілігі және тұлғалық бағдары арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл жерде есте ұстайтын жайт – оқытушының студенттің жағымсыз тұлғалық қасиеттерін көрсететін бағасы көпшілік алдында жария етілмейді. Студенттердің өзіндік жұмысына жетекшілік етуде оқытушы мен студенттердің жеке әңгімелесуі үлкен роль атқарады. Тұрақты кеңестер білім алушымен кері байланысты қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда жеке студент немесе нақты топқа қатысты оқу процесін ұйымдастыруға тез түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кусаинов А.К. Система высшего образование в США. В кн.; Сравнительная педагогика учебник для педагогических вузов. Алматы 2005. С.103-117
2. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теория экспериментального исследования. – М.: Педагогика, 1980. – 212 с.
3. Вербицкий А.А. Активное обучение в школе. - М.: Высшая школа, 1991. – 207 с.
4. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Автореф. дис. ... п.ғ.д.: 20.11.04. – Алматы, 2004. – 51-б.
5. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М.: Изд-во «Академия», 2001. – 303 с.
6. Юшко Г. Н Организация самостоятельной деятельности студентов в современных формах высшего образования. – Ростов-на-Дону: Изд-во РГУ, 2000.

УДК 343.13

Умирбаев Санжар
«Ақпараттық технологиялар» кафедрасының студентті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
Техника ғылымының магистранты
Аға оқушы **Жеңісхан Г**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН РОБОТТАРДЫҢ ДАМУЫ

РАЗВИТИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА И РОБОТОВ

DEVELOPMENT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND ROBOTS

Аннотация. Ғылым мен техниканың дамуы мен прогресі қазіргі заманғы адамдардың күнделікті өмірін барған сайын ыңғайлы етіп, озық технология адамзат қоғамының үздіксіз дамуын толық қуатпен қамтамасыз етті. Сансыз заманауи технологиялар бар. Көптеген адамдар компьютерлер адам өміріне шексіз ыңғайлылық әкелді деп есептейді. Компьютерлік технологияның жетістіктері негізінен екі жағынан көрініс табады: бірі халыққа пайдалы болса, екіншісі өндіріс пен қызмет көрсету саласының дамуына ықпал етеді.

Түйінді сөздер. Компьютер, жасанды интеллект, роботтар, Ғылым
Технология.

Аннотация. Развитие и прогресс науки и техники сделали повседневную жизнь современных людей все более и более удобной, а передовые технологии предоставили весь потенциал для непрерывного развития человеческого общества. Существует бесчисленное множество современных технологий. Многие люди считают, что компьютеры принесли бесконечное удобство в жизнь человека. Достижения компьютерных технологий в основном отражаются в двух направлениях: одно приносит пользу населению, а другое способствует развитию производства и услуг.

Ключевые слова. Компьютеры, искусственный интеллект, роботы, наука,

технология.

Abstract. The development and progress of science and technology have made the daily lives of modern people more and more convenient, and advanced technology has provided the full potential for the continuous development of human society. There are countless modern technologies. Many people believe that computers have brought endless convenience to human life. The achievements of computer technology are mainly reflected in two ways: one is beneficial to the population, and the other contributes to the development of production and services.

Keywords. Computers, artificial intelligence, robots, science, Technology

Әлеуметтік экономиканың қарқынды дамуымен қазіргі ақпарат ғасырында жасанды интеллект пен робототехника маңызды зерттеу саласына енді.

Көптеген адамдардың санасында роботтар туралы белгілі бір түсінік бар. Бірақ бұл тұжырымдама,

Ғылыми фантастика мен адамдардың қиялын сипаттау арқылы көбірек алынады.

Жасанды интеллект пен роботтардың дамуы бірін-бірі толықтырып отырады. Қазіргі уақытта роботтарды зерттеуді дамыту үшін интеллекті жоғары роботтарды өсіру серпінді бағыт болып табылады. Бұл мақалада үш жағынан егжей-тегжейлі қарастырылған: жасанды интеллекттің тарихы, жасанды интеллекттің дамуында кездесетін қиындықтар және робототехника саласындағы жасанды интеллекттің дамуы.

Жасанды интеллект те, роботтар да 20 ғасырдың ортасынан бастап пайда болған компьютер саласына жатады.

Анықтама тұрғысынан оны түсіну өте қарапайым, бірақ өнеркәсіптік интеллект пен роботтарды анықтау қиынырақ.

Жасанды интеллект пен робототехниканың зерттеу процесінде ол көптеген пәндерді қамтыды, сондықтан олардың дамуы жоғарғы оқу орындарынан бөлек мектеп оқушыларына да сабақ ретінде қарастырылды. Көптеген жағдайларда көптеген адамдар, жасанды интеллект пен роботтардың анықтамаларын шатастырады, олар бір нәрсе туралы айтып жатыр деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде жасанды интеллект роботтарға қарағанда күрделірек. Жасанды интеллект компьютерлік қосымшалар арқылы адам миының ойлауы мен интеллектіндіру болып табылады; ал роботтар адамның мінез-құлқына көбірек ұқсайтын және адамның мінез-құлқына еліктейтін машиналардан жасалған адамдарды жасау үшін белгілі бір технологияларды қолдану болып табылады.

Студенттер үшін бұл екеуінің анықтамалары мен айырмашылықтарын егжей-тегжейлі және терең түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге екеуінің көне дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі дамуы мен қазіргі жағдайын түсіндіру қажет. Сонда ғана олар болашақтағы зерттеулерге теориялық негіздеме жасау және өзіміздің ғылым мен техникамызға үлес қосуға әрқашан дайын болу керек екенін түсінеді.

Жасанды интеллект туралы айтатын болсақ, пайда болу уақыты 20 ғасырдың ортасынан басталады. 1956 жылы Дартмут колледжінде өткен конференцияда әлемде «жасанды интеллект» сөзі ресми түрде пайда болды және ғалымдар осы уақыттан бастап интеллектуалды зерттеу жолын шынымен түсеіне бастады. Ғалымдардың зерттеулері арқылы 10 жыл ішінде жасанды интеллект дамудың алғашқы шарықтау шегіне жетіп, компьютерлер қоғамның әртүрлі салаларында қолданыла бастады. Сондай-ақ осы құбылыс

арқылы математика мен жаратылыстану бағыттарында да қосымшалар көптеген ғалымдарға үміт сыйлады. Сондықтан да бірте-бірте ірі жобаларда да жүзеге аса бастады.

Осы үш жағдайдың сәттілігі жасанды интеллекттің зерттеу нәтижелерін көрсетеді және олардың зерттеу нәтижелері уақыт өткен сайын жаңарып отырады. Әлеуметтік экономика дамып, адамдар интеллектуалды ғылым мен техникаға көбірек ақша, технология және энергияны салуда. Бұл әрине жақсы көрсеткіш.

Қазіргі уақытта мемлекетімізде жасанды интеллект қарқынды даму сатысында және көптеген жасанды интеллект компаниялары бірінен соң бірі пайда бола бастады. Компания құрылғаннан кейін оны салыстырмалы түрде ірі халықаралық IT-компаниялар белсенді

түрде сатып алды. Міне бұдан Желілік индустриядағы қатаң бәсекелестік артыдада ,жасанды интеллект жоғарғы деңгейге көтерілді ,

жасанды интеллекттің дамуымен табиғи тілді өңдеу, интеллектуалды роботтар, виртуалды жеке көмекшілер,қимыл әрекет арқылы басқару сияқты көптеген жаңа салалар пайда болды. Интернеттегі және ведомстволық статистикадағы есептерге сәйкес, жасанды интеллект индустриясы бүкіл әлем елдері үшін 21 ғасырда инвестиция мен кәсіпкерлік , бәсекелесу үшін маңызды таңдау болды.

Жасанды интеллект сапалы секіріс жасады.Алғашқы роботтардан қазіргі автоматты басқару жүйесінің технологиясына дейін бұл жасанды интеллект жетістіктері өмірдің барлық салаларында біртіндеп пайда болды. Заманның дамуына ілесу үшін көптеген компаниялар жасанды интеллект технологиясына мән беріп, оны корпоративтік басқаруда қолдана бастады, мысалы, пайдаланушылар таңдаған элементтерге ұқсас элементтерді таба алатын визуалды іздеу және бөлшек сауда талдауы қоса бастады. Дүкендегі ең көп баратын аймақтарды бақылайды Жасанды интеллект технологиясында қолданылған. Жасанды интеллект ыңғайлы болғандықтан кәсіпорындар пайдаланады.Кәсіпорындар үшін басқаруды ақпараттандырудың дамуын жеделдету ыңғайлылықтың көрінісі болып табылады.Жасанды интеллект қауіпсіздіктің де артықшылығына ие.Жасанды интеллект технологиясын қолданатын кәсіпорындарды дәстүрлі кәсіпорындармен салыстырмалы түре бөліп қарастыратын болды.

Сонымен қатар ,жасанды интеллект адам ресурстарын тұтынуды азайтуда рөл атқарды.Мысалы, қауіпсіздікті қорғауда жасанды интеллектті қолдану да тамаша болды, сондықтан компаниялар қауіпсіздік қызметкерлерін азырақ жалдайды. Кәсіпорындар үшін шығындарды үнемдеумен қатар, жасанды интеллект технологиясы кәсіпорындардың бизнесін басқаруды одан да жақсырақ көрсеткішке жеткізді.

Жасанды интеллект адамдардың өмірімен тығыз байланысты.Күнделікті өмірде саусақ ізін тану жасанды интеллекттің бір түрі ретінде қарастырылады.Саусақ ізін тану кеңінен қолданылады.Адамдар саусақ ізін тану технологиясының қолданбасын ұялы телефондарда саусақ ізін тану сияқты көптеген жағдайларда көре алады. , адамдар енгізуді қажет етпеуі үшін Құпия сөзді ұялы телефонды ашып, төлем жасау үшін пайдаланды.Енді жеке куәлікке өтініш беру үшін саусақ ізін тану қажет немесе саусақ ізін анықтау арқылы үй есігін тікелей ашу үшін қолданып жүр . Саусақ ізін танумен қатар, жасанды интеллект смарт үй түріндегі халықтың көру өрісіне де енді.Ақылды үйлер ыңғайлы. Енді адамдар жасанды интеллектпен сөйлесу арқылы үйдегі электр қосқыштарын тікелей басқара алатын болады. Бұрынғымен салыстырғанда адамдар энергияны және уақыттыда үнемдейді. Ақылды үй жасанды интеллект пен күнделікті өмірдің тамаша интеграциясының көрінісі деп айтуға болады және оны жұртшылық арасында жақсы сұранысқа ие болды.

Білім беруде жасанды интеллектті қолдану да көпшіліктің назарын аударды.Кейбір шалғай аудандар мұғалімдердің дәрістерін интернет арқылы көре алады, ал студенттер мұғалімдердің жоқтығынан білім ала алмай қалмайтын болды. Big data технологиясы білімнің гүлденуіне мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, жасанды интеллекттің пайда болуы адамдардың өмірін жеңілдетіп, жақсарта түсті.

Әлеуметтік экономиканың үздіксіз дамуымен жасанды интеллект кәсіпорындарда кеңінен пайдалануда.Оны жұмыста үлкен деректерге сүйене отырып басқаруға болады, ал жұмыс тиімділігін сапалық арттыруға болады. басқаруда тиімді басқару үшін ресурстарды тиімді пайдалану, осылайша ақпараттың құндылығын көрсетеді, жұмысты тиімді ойнайды және тиімділігін арттыру

Шынайы өмірде жасанды интеллекттің арқасында адамдардың танымдық әдістері мен өмір салты өзгерді. Ғалымдар жасанды интеллект пен компьютердің тамаша үйлесіміне үлкен мән береді.Барлығы жасанды интеллектпен роботтарды зерттеуді маңызды сала ретінде қарастырады.Жасанды интеллект роботтары деп аталатындар адамның мінез-құлқы мен ойлауына еліктей алатын ұқсас роботтар болып табылады.

Жасанды интеллекттің дамуы айтарлықтай болғанымен, болашақта болжауға

болмайтын мәселелер әлі де кездесуі мүмкін. Жасанды интеллект белгілі бір салалардағы адамдарды алмастыра алады, бірақ өнер туындысы саласы сияқты шығармашылық салаларында алмастыру қиын.

Роботтың істейтіні тек адамның мінез-құлқын имитациялау болып табылады. Бұл қарапайым мінез-құлқын роботтарын жасау қиын емес, бірақ қиындығы шахматтан әлем чемпиондарына қарсы ойнай алатын интеллектуалды робот жасау мүмкін емес сияқты, роботтарға адамдық ойлау мен интеллект бере алмауында.

Жасанды интеллектті роботтарда қолдану негізінен екі жағынан қарастырылады. Біріншісі – жасанды интеллект жүйелерін біріктіру, екіншісі – көп ақпарат жинау. Мұның мақсаты - пайдалану жылдамдығын жоғарылату үшін компьютер мен жүйені біріктіру. Түсіну керек нәрсе, бір жүйе компьютерді дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік бермейді. Төтенше жағдайларға жауап беру және шешу үшін компьютерде бір уақытта бірнеше жүйе болуы керек, содан кейін «ойлау» болуы керек. Роботтар үшін, Multi - ақпарат жинау өте маңызды. IT-жүйелерді қолдану арқылы білімнің кең ауқымын алу үшін білім жүйелі түрде ұйымдастырлуы керек. Осылайша роботтың интеллектісі жетілдіріледі.

Жоғарыда келтірілген мәлімдемелерге сүйене отырып, біз жасанды интеллекттің дамуы әлі де салыстырмалы түрде бұрмаланған екенін көреміз. 20 ғасырдың ортасынан бастап қазіргі уақытқа дейін ол үш шарықтау шегін бастан өткерді, сонымен қатар көптеген тоқырау кезеңдерін бастан өткерді. Маңызды ұстаным және алдағы дамуда да бағаланады. Қортындылай келсек, Қазақстанда жасанды интеллекттің дамуы Еуропаның дамыған елдерімен салыстырғанда әлі де болса артта қалды. Жасанды интеллект роботтарының дамуы елдің технологиялық және экономикалық дамуының маңызды нышаны болып табылады, сонымен қатар оның болашақ әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қазақстан әлемдегі мәртебесі үшін де үлкен маңызы бар.

Сондықтан Қазақстан интеллектуалды роботтарды дамытуға үлкен мән беруі керек. Қазақстан нақты даму мақсаттары болуы және халықаралық жағдайды нақты түсінуі керек, тиісті техникалық таланттарды дамытып, жасанды интеллект технологиясын тиімді пайдаланып, Қазақстан мен әлем арасындағы жасанды интеллект айырмашылығын азайту керек. Елдің және ғылыми-техникалық таланттардың қолдауы мен күш-жігері арқылы Қазақстанның ақылды роботтарының дамуы жаңа деңгейге, жаңа биікке көтеріліп, болашақ даму үдерісінде маңызды рөл атқаруымыз керек.

Менің ойымша, болашақта компьютерлік жасанды интеллект технологиясы да жақсырақ бағытта дами алады деп ойлаймын. Жасанды интеллекттің өркениеттік бағытта дамуын болжауға болады. Сондықтан да жасанды интеллект парасатты түрде дамуы үшін қоғам оның дамуына объективті қарауы керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Стюарт Рассел, Питер Норвиг. Искусственный интеллект. Современный подход. // Учебник, второе издание, Санкт-Петербург, 2016. – 258 с.
2. www.swi-prolog.org. Официальный сайт разработчиков транслятора SWIProlog.
3. О.Е.Масленникова, И.В.Попова. Основы искусственного интеллекта: учеб. пособие / О.Е.Масленникова, И.В.Попова. – Магнитогорск: МаГУ, 2008. – 282 с.
4. Turing Alan «Computing Machinery and Intelligence». //Mind LIX (236): 433-460, doi: 10.1093/mind/LIX.236.433
Дүние жүзін жаппай шарпыған короновирустың салдарынан елдердің бір-біріне еркін саяхат жасап, қыдыруына шектеу қойылып, мейрамхана ісі мен қызмет көрсету, бизнес салалары біраз дағдарысқа ұшырағанымен, оның трендтері тез өзгеріп, қызмет көрсетудің жаңа тәсілдері мен амалдары пайда бола бастады. Бұрын мейрамханадан арнайы жеткізіп беру тәсілі танымал болмады, ал қазіргі кезде кірістің көп бөлігі жеткізілім тапсырыстарына және өзіңізбен бірге алып кету амалы бойынша жүзеге асырылуда. Біз осы мақаламыздың аясында мейрамхана нарығына шолу жасай отырып, ондағы жаңа технологиялар бұл салаға қалай әсер етті және біздің елде қандай қызметтерге қолжетімді болды деген мәселені қарастыратын боламыз. Сонымен қатар дағдарыстар жағдайындағы жаңа өзгерістер мен трендтерді пайдалана отырып, осы салада дайындалып, таратылатын жарнамаларды, үнпарақтарды, ас мәзірін мемлекеттік тілде дайындап, насихаттаудың жолына да тоқталамыз. Өйткені «Көп жылдар бойы жинақталған, сыналған, үйреншікті үндеулер уақыт өткен сайын адресатқа ықпал ету мақсатында форматын өзгертеді, өз ішінен өзгеріске ұшырайды, яғни адамдарды сол уақыттағы мәдениет, идеология және әлеуметтік шарттар талап ететін дүниелерді жасауға мәжбүрлейді» [1, 291]. Ендеше төл тілімізді насихаттаудың оңтайлы сәті осы кезге дөп келіп тұрғандығын мойындай отырып, оны ұтымды пайдаланудың маңызы зор. «Дағдарыс дегеніміз жаңа мүмкіндіктердің бастауы» деп Конфуций айтқандай, әр саладағы өзгерістер мен дағдарыстарды прагматикалық тұрғыдан пайдалана білу қазіргі заманның талабынан туындап отыр.

Коронавирус басталып, жаппай шектеулер қойылған кезде кафелер мен мейрамханаларда тікелей қызмет көрсету тоқтатылып, адамдар үйде қалып, сақтану ережелерін орындауға мәжбүр болды. Мұндай жағдай мейрамхана бизнесіне жаңа тенденциялар әкелді, ол мекемелердің тоқтап қалуы немесе жабылып қалмауына көмектесумен қатар сол бизнесті кәсіп етіп отырған адамдардың жұмыссыз қалмауына септігін тигізді. Мысалы, АҚШ-тағы бірнеше пицца желілері өз өнімдерін үйге дейін жеткізілім форматын іске қосқаннан кейін сұраныстың артуына байланысты мыңнан астам қызметкерді жалдады. Ал осындай жеткізу амалдарын қайта форматтай алмаған мекемелер жабылды, тіпті ашық тұрған мекемелер арасында да сатылым төмендеп кетті. Осыған орай жүргізілген, сауалнамалар көрсеткендей, мейрамханалардан тікелей жеткізу адамдардың тамақтану шығындарын азайтқан.

Азық-түлік жеткізу және онлайн-тапсырыс беру мәдениеті өте жылдам қарқынмен дамып келеді, әсіресе пандемия кезінде, мекемелер баратын жерлерді жауып, тек алып кетуге немесе жеткізуге (алкогольді жеткізу мен сусындарды сатудан басқасына) рұқсат берді. Осыған орай Delivery.com, Uber Eats, Caviar қосымшалары әлемдегі ең танымал тағамдарды жеткізушілердің бірі ретінде танылды. Кәдімгі мекемелерден жеткізуден басқа, «виртуалды» мейрамханалардан тапсырыс саны артып келеді, олар офлайн қонақтарды қабылдамайды және тек жеткізу үшін дайындайды. Нарықтағы жаңа идеялардың бірі – виртуалды мекемелерге арналған «хабтар»: бір шаңырақ астында әртүрлі мейрамханалардың асханалары, олардың арасында автономды автомобильдер тапсырыс алып, оларды клиенттерге жеткізеді. Бұл мекемелердің шығындарын арзандатады және келушілер үшін жеткізуді қол жетімді етеді.

Көптеген ресторандар қызмет көрсету жылдамдығын оңтайландыру және жалақыны үнемдеу үшін жаңа технологиялармен интеграция жасайды. Олар планшеттерді, жұмыс үстеліне тапсырыс беру жүйелерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дүңгіршектерін және мейрамханаларға арналған автоматтандырылған бағдарламаларды пайдаланады. Өзіне-өзі қызмет көрсету дүңгіршектері (киоски) бұл – жылдам тамақтану және жылдам кездейсоқ форматтар үшін тренд.

Бұлтты қызметтер (Облачные сервисы) бойынша мекемелерді мекемедегі өз серверінде емес, бұлтта сақтау үрдісі қарқын алуда. Рестораторлар бір жұмыс орнына тәуелді емес, әлемнің кез келген нүктесінен операциялық деректер мен аналитикаға толық қол жеткізгісі келеді. Бұлтта тек планшеттік жүйелер жұмыс істемейді, дәстүрлі стационарлық автоматтандыру жүйелері деректерді қауіпсіз қашықтағы серверлерде сақтай бастады.

QR-код бойынша мәзірді пайдалану ыңғайлы, себебі қосымша жабдық қажет емес. Мекемедегі үстелге стикер қойылады және қонақ смартфонмен мәзірді сканерлейді. Бұл технология қонақ смартфонның көмегімен тапсырыс үшін төлей алатындай етіп қолданылады. QR-кодта мәзір, жеткізу шарттары, мейрамхана тарихы немесе жеке адалдық карталарының деректері т.б. әртүрлі ақпаратты қамтуы мүмкін. Кодтың көмегімен, сондай-ақ мейрамхана акциямен немесе іс-шаралар туралы күнтізбе жасауға болады немесе жай ғана келушінің пікірлерін көруге және жазуға болады. Кодтардың тағы бір практикалық қолданылуы бар. Мысалы, Poster-дің қонақтарға даяшыны шақыруға немесе QR-кодын сканерлегеннен кейін шот-фактураны сұрауға көмектесетін қосымшамен соңғы интеграциясы. Әрбір үстелге тақтайша қою немесе стикерлерді мәзірге жабыстыру керек. Келушілер камераны пайдаланып, кодты сканерлеп, даяшыны шақыра алады немесе браузер терезесінде ашылған шотты сұрай алады.

CASUAL сегмент немесе дұрыс тамақтануды мақсат ететіндер үшін Fast-casual мейрамханалары көбірек ашылады, бұл – пайдалы тағамды жақсы көретіндер, бірақ ұзақ күткілері келмейтіндер үшін танымал формат. Мұндай мекемелерде қонақтар аз ақшаға қымбат мейрамханалардағыдай сапалы тамақ алады, онда қызмет көрсету фаст-фудқа қарағанда біршама жақсы.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дүңгіршектері де «ақылды» болуы мүмкін: қонақты тұлға бойынша анықтау, оған алдыңғы тапсырысты қайталауды ұсыну, содан кейін ақшаны карточкамен автоматты түрде есеп айырысу, мысалы, эксперименттік режимде Face ID Cali Burger желісінде жұмыс істейді.

Мемлекет тарапынан саламатты өмір салтын ұстану насихатталып отырған жағдайда әрбір жеке адамның ерекшелігін, сұранысын қанағаттандыра алатын жекелеген ас мәзірін дайындап ұсыну да кеңінен қолданысқа енгізілуде. Мысалы, Ресейде өткен жылы тамыз айында әркім өзінің тамақтану күнделігін жүргізе алатындай «4 сезона — тарелка здорового человека» деген жобаны іске қосқан екен [2]. Бұл платформа арқылы әркім өзінің мақсаты мен өмір сүру дағдысы, әдеті және денсаулығында қандай да аурудың болу, болмауына байланысты және т.б. көптеген факторларды есепке ала отырып, өзіне тиімді ас мәзірін дайындай алады. Яғни әркім өзінің дербес ас мәзірін жасақтай алады деген сөз.

Сонымен жоғарыда баяндаған заманауи қонақжайлылық пен мейрамхана ісіне, гастро индустрияға бүкіл әлемдік сипат алған пандемияның енгізген өзгерістері айтарлықтай болды. Адамдар өз денсаулығына көбірек қамқорлық жасай бастады, соның ішінде, адамдар тамақтану әдеттерін де біршама жүйеге келтіріп, денсаулыққа пайдалы тағамдарды және қызметтік сервисі жоғары әрі онлайн тапсырыс беру арқылы жедел жеткізіліп, төлемді де тікелей контакт жасамай карточкалар арқылы есеп айырысуға көшті. Коронавирус пандемиясы СӨС-тауарлар мен қызметтер нарығының драйверіне айналды, сондай-ақ азық-түлік тұтынудың негізгі әдеттерінің өзгеруіне әсер етті.

Бүгінгі таңда мейрамхана бизнесіндегі инновациялар әр мейрамхана үшін міндетті процесс болып табылады. Мейрамханалардағы жаңа технологиялар мен инновациялар – бұл барлық мәселелерді шешетін сиқырлы таблетка және панацея емес, бірақ ол салауатты өмір салтын насихаттау мен дұрыс тамақтанудың қырсырын, адам ағзасына қажетті дәрумендер

мен нәрлі заттардың пайдасын түсіндіруге мол мүмкіндік беретін жарнама құралы деп қарауға болады. Өйткені адамдар бетпе-бет кездесіп, әңгімелесіп отырып тамақтанған кезде берілген брошюралар мен жарнама парақтарына аса көп мән бере бермейді. Ал отбасымен ғана немесе өздері жеке тамақтанған кезде адамның көздері еріксіз «еріп келген қағазға» түсері сөзсіз. Және онда тағамның құрамы, дұрыс тамақтану тәсілдері тәрізді пайдалы ақыл-кеңестер жазылып тұрса, құба-құп болар еді. Яғни осындай мүмкіндікті пайдаланып мемлекеттік тілді насихаттауды жүзеге асыруға болады. Мысалы, шетелде пандемия жағдайында бизнес саласының кәсіпорындарын басқару шешімдерін сәтті орындауға арналған және ресторан бизнес саласын біріктіретін платформа-навигаторлар дайындалып, іске асырылды. Осындай платформаларды да дайындап, онда таңдау тілдерінің қатарына қазақ тілін де енгізіп, ас мәзірлерін төл тілімізде жазып қойса, тек қана елімізде ғана емес, тілімізді үйреніп жүрген шетелдік тұтынушылардың да қызығушылығын тудыраы сөзсіз. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 725 қаулысы бойынша «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қарар қабылданып, онда құжаттарда, жадынамаларда (қосалқы парақтарда), этикеткаларда, контрэтикеткаларда, кольераткаларда, құлақшаларда, жапсырмаларда (стикерлерде) және тұтынушының назарына тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) қоса берілетін құжаттамада, тұтыну ыдысында, затбелгілерде немесе тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жекелеген түрлері үшін қабылданған өзге де тәсілмен қазақ және орыс тілдерінде жеткізіледі [3] деген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Демек заңдық тұрғыдан әрбір тұтынушының немесе қызмет алушының тек қана жарнама мәтіні дайындалған тілдегі ақпаратпен танысып қана қоймай, оның мемлекеттік тілде жазылуына көңіл аударып, қадағалап, талап етуге құқығы бар.

Ал идиоэтникалық ерекшелік тұрғысынан келгенде, халқымызға тән негізгі құндылықтың бірі қонақжайлылық екені сөзсіз. Осыған байланысты «Қонақ келсе, құт келер», «Асына тойғызбасаң да, ақ ниетіңе тойғыз», «Құтты қонақ келсе, Қой егіз табады», «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал», «Қонақ келсе, есікке, Жүгіріп шық кешікпе» т.б. көптеген мақал-мәтел қазақ халқының ежелден қонаққа қызмет көрсету салтының жоғары деңгейде болғандығын, меймандостығын білдіреді. Ендеше осындай мақал-мәтелдерімізді де мейрамхана ісі болсын, қызмет көрсету орны болсын, тіпті брошюралар мен үнпарақтарға да жазып үлестірудің мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, ұлтымыздың игі қасиеттерін ұрпақ санасына сіңіруде маңызы зор деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
2. https://www.dp.ru/a/2021/09/10/Pandemija_proshlas_po_priv //Пандемия прошла по привычкам: тренд на здоровое питание диктует свои правила
3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000725>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

КОРРУПЦИЯ КАК ФАКТОР НАРУШЕНИЯ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

CORRUPTION AS A FACTOR OF HUMAN RIGHTS VIOLATIONS

Андатпа. Сыбайлас жемқорлықтың адам өміріндегі құқықбұзушылық ретінде қарастыру. Оның қазіргі қоғамдағы, қоғамдық қарым-қатынастардың бұзуы мен мемлекет ретінде дамуы. Адам құқықтарына қарсы келуі оны белгілі бір мөлшерде құқық бойынша бұзуы туралы.

Түйінді сөздер: Адам құқығы, Конституция, заң, сыбайлас-жемқорлық, таза сессия.

Аннотация. Рассмотрение коррупции как правонарушения в жизни человека. Его развитие как государства в современном обществе, нарушение общественных отношений. Оспаривание прав человека о нарушении им права в определенной мере.

Ключевые слова. Права человека, Конституция, закон, коррупция, чистая сессия.

Abstract. Consideration of corruption as an offense in a person's life. "I don't know," he said, " but I don't know, I don't know, I don't know, I don't know." It is a violation of human rights to a certain extent.

Key words. Human Rights, Constitution, law, corruption, clean session.

Неліктен бұл тақырыпты таңдадым, себебі сыбайлас-жемқорлық бірінші болып қоғамдық тәртіпті емес, дәл сол қоғамдағы халық, тұрғындардың құқығына кері әсер етеді деп ойлаймын. Міне осыған байланысты бұл қылмысқа қарсы тек қана тәртіптік жазалар емес, тәрбиелік жұмыстарда атқарылуы керек деп ойлаймын.

Бұл тақырыптағы материалдар уәкілетті органдар өкілдерімен сұхбат, мемлекеттік органдардағы паракорлық пен жебірлік фактілері туралы мақалалар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына түсінік беретін талдамалық материалдар түрінде беріледі, ақпараттық сипатта болады және олар халықтың, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне теріс қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Жұмыс нәтижелері республикалық және жергілікті «Астана», «Қазақстан» телеарналарында, «Литер», «Орталық Қазақстан», «Караван», «Взгляд на события», «Юридическая газета» және т.б. газеттерде жарияланады [1].

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында университетте тұрақты түрде «Таза сессия» штабы жұмыс істейді. Штаб қызметінің негізгі идеясы жастармен кездесулер өткізу және оларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру, студенттер арасында заңдылық пен

жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу.

Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!

Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында, сондықтан олардың білім алуында көптеген мәселерді қарастырып отырады. Болашақта білікті, мықты мамандар шығу үшін олардың білімі үшін көп жерде басты назарға алып отыр.

Адамдардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдайда да өздері үшін пайдалы немесе зияны жоқ құбылыс ретінде қарастырады:

«Дипломды сатып алдым да, ұлымды беделді жұмысқа орналастырдым. Бұдан кімге жаман болды?»

«Мұның несі жаман? Көбірек төледім, есесіне техникалық байқаудан ешбір қиындықсыз өттім, оған қоса уақытты да үнемдедім».

Ақыр аяғында бұл тек бәрі үшін «жаман» ғана емес, сондай-ақ әрбір адам үшін қауіпті. Өйткені заң билігі әділ болмаса, ол кез келген адамды бүлдіруі мүмкін және саруайымға түсіріп, жат етуі мүмкін.

Жете түсініп көруге тырысайық. Барлығымыз да түрлі салық төлейміз. Алайда табыстың бір бөлігін мемлекетке бере отырып, біз оның әлеуметтік қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететіндігін ескереміз: тегін білім алу, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Мұндай жағдайлар қоғамдық өмірде көп қайталанып жатқанын байқаймыз. Бұл нәрсе тек қана бір адамға емес бірнеше адамға кері әсер етеді. Мысалы медицина, немесе мұғалімдік мамандықтарда осындай мәселердің болуы, болашақтағы адамның денсаулығы мен өмір сүруіне кері әсер етеді, мұғалім дегеніміз оқушыларға бағыт бағдар беруші, және де оқушыларға тәрбие көрінісі болып табылатын. Ал дәрігер ол тікелей болашаққа керек адамдар, себебі тек қана білікті маманға ғана халық сенім артады. Егерде олар өздерінің білімділігін анықтайтын дипломды сатып алатын болса онда. Халық оларға деген сенімдері қала бастайды. Бірақ қазіргі таңда қандай мамандықты алмасақта сыбайлас-жемқорлық қарсы мәдениетті қалыптасыру мақсатында, осыған байланысты. «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Нұрлан Садықов ойымен «Таза сессия» атты акциялар жүзеге асырылып, көптеген оқу орындарындағы білім деңгейлерін қарады [3]. Яғни бұл жүйе әрі қарай жалғасса, оқушылар сатып лауға емес, білім алуға үйренетін еді.

Бұл қылмыс түсіну үшін, оның адамдар мен қатар, қоғамға қалай әсер ететінің білуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес;
- барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі;
- мемлекеттік органдардың қызметін анық құқықтық регламенттеуде, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын жеке және заңды тұлғалар құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық ұйымдық басқада жүйелерін қорғаудың басымдығы;
- Қазақстан Республикасы Конституциясы 39-бабының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқа да адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану;

- жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен Құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және олардың алдын алу.

- сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтын азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету жалақы (ақшалай үлес) мен жеңілдіктер белгілеу;

- осындай қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге өкілеттік берілуін болдырмау, сондай-ақ оған бақылау жасау;

- сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды анықтау, ашу, жолын кесу және олардың алдын алу мақсатында жедел іздестіру қызметі мен өзгеде қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен заңға қайшы тапқан ақша қаражаты мен өзге де мүлікті заңдастыруға жол бермеу мақсатында арнайы қаржылық бақылау шараларын қолдану [4].

Негізінен бұл қылмыс ең алдымен мемлекет қаржысын жымқырумен тығыз байланысты болғанымен, бұл жекелеген адамға тұлғаға да қатысты болады. Себебі Қылмыстық кодекстегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен оларға қатысты жазалар «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар» оның 15-тарауында сипатталған.

361-бап. Лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалану.

362-бап. Билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра қолдану.

364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қтысу.

365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіру.

368-бап. Парақорлықта делдал болу.

369-бап. Қызмет бабында жалған құжат жасау.

370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік.

371-бап. Немқұрайлылық [4].

Осы баптарда негізгі құқық бұзушылық көрінгенімен, ол ең алдымен адам құқығын бұзуға алып келеді. Себебі ол ақша қоры ең алдымен жеке лауазымды қызметкердің емес, жұмысшы халықты, қауіпті жұмыстармен айналысатын(шахтёр тағы да басқа) адамдарға тиесілі болуы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті. https://kuef.edu.kz/kz/stop_corruption/

2. Жемқорлық жайласа, жоғары білім жоғалады. 2014 ж. 30 қыркүйек. <https://qazaquni.kz/bilim/29481-zhem-orlyi-zhaylasa-zho-aryi-bilim-zho-aladyi>

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

**ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН: АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ****ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН: КАК ДРАЙВЕР РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННО-
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ****DIGITAL KAZAKHSTAN: AS A DRIVER OF THE DEVELOPMENT OF
INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

Аннотация. Осы ғылыми жұмыстың мақсаты - біздің Республикада цифрлық технологияларды әзірлеу және енгізу тәжірибесін талдау. Республиканың экономиканы цифрландырудағы белсенді ұстанымы оның элементтерін ішінара енгізудің өзі өндіріс тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және сатудың өсуіне нақты әсер беретіндігімен түсіндіріледі.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру - алға жасалған қадам, шығындарды қысқарту, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің жоғары сапасы, сондай – ақ әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру мүмкіндігі. Цифрлық қайта құрулар бірінші кезекте ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, көлік және логистика сияқты Қазақстан экономикасының маңызды және базалық салаларына әсер етеді.

Түйінді сөздер. Индустриаландыру, цифрландыру, технологиялық жаңғырту, инновациялар, мемлекеттік бағдарлама, бизнес, сала, экономикалық тиімділік.

Аннотация. Цель данной научной работы-анализ опыта разработки и внедрения цифровых технологий в нашей республике. Активная позиция республики в цифровизации экономики объясняется тем, что частичное внедрение ее элементов само по себе оказывает реальное влияние на повышение эффективности производства, снижение издержек и рост продаж.

Реализация государственной программы "Цифровой Казахстан" – шаг вперед, сокращение издержек, повышение производительности труда, высокое качество продукции, а также возможность вхождения в 30-ку развитых стран мира. Цифровые преобразования коснутся в первую очередь таких важных и базовых отраслей экономики Казахстана, как сельское хозяйство, горнодобывающая промышленность, транспорт и логистика.

Ключевые слова. Индустриализация, цифровизация, технологическая модернизация, инновации, госпрограмма, бизнес, отрасль, экономическая эффективность.

Abstract. The purpose of this scientific paper is to analyze the experience of developing and implementing digital technologies in our Republic. The active position of the Republic in the digitalization of the economy is explained by the fact that the partial introduction of its elements has a real impact on improving production efficiency, reducing costs and increasing sales.

The implementation of the state program "Digital Kazakhstan" is a step forward, reducing costs, increasing labor productivity, high quality of products, as well as an opportunity to enter the top 30 developed countries of the world. Digital transformations will primarily affect the most important and basic sectors of Kazakhstan's economy, such as agriculture, mining, transport and logistics.

Keywords. Industrialization, digitalization, technological modernization, innovation, State program, business, industry, economic efficiency.

Қазақстанның АКТ саласы Қазақстан экономикасының дербес секторына айналды. Ол телекоммуникация, пошта қызметтері, ақпараттық технологиялар және телерадио сигналын тарату салаларынан тұрады. Бұл тәсіл байланыс технологияларының, телерадио хабарларын тарату мен ақпараттық технологиялардың өзара енуіне негізделген, ол соңғы онжылдықтарда бүкіл әлемде байқалады.

ҚР Статистика агенттігі 2020 жылы Қазақстанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп дайындады. 2020 жылы 6-74 жас аралығындағы интернет пайдаланушылар саны (мобильді интернет пайдаланушыларын есепке алғанда) жалпы халық санының 63,3% — ын, ал компьютер пайдаланушылар саны - 63,2% - ды құрады.

Акт деңгейін бағалаудың бірқатар халықаралық рейтингтері бар, олардың арасында Халықаралық Электр байланысы одағы (ХЭО), БҰҰ мамандандырылған бөлімшесі бар. АКТ даму индексі бес жылдық кезең ішінде 154 елдегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудағы жетістіктерді салыстырады. Индекс 11 көрсеткішті жаһандық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде салыстырмалы талдау жүргізу құралы ретінде пайдалануға болатын бірыңғай өлшемге жинақтайды. Халықаралық Электр байланысы одағының соңғы жылдардағы рейтингіне сәйкес Қазақстан Орталық Азия елдері арасында Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан, Өзбекстан сияқты елдерден озып, 69-шы орында тұр. Ақпараттық технологиялар бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның есебінде АКТ даму деңгейі бойынша әлемнің дамыған және дамушы 127 елінің рейтингі ұсынылған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) біздің өмір салтымызды түбегейлі өзгертті. Ақпаратты енгізу, сақтау, өңдеу, талдау және ұсынуды қолдау үшін жаңа нарықтар мен бизнес-модельдер пайда болды және бұл процесс жедел қарқынмен дамып, кеңеюде. Өнеркәсіпке негізделген дәстүрлі экономика қазір білімге негізделген экономикаға айналууда. Ақпараттық технологиялар әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы оң өзгерістерді қамтамасыз ету құралы және Мыңжылдық Даму Мақсаттарына (МДМ) қол жеткізу құралы ретінде қарастырыла бастады.

Мемлекетімізде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды дамыту бағытында бірқатар айтулы жұмыстар жүргізілді. Мемлекет көлемінде арнайы жобалар, бағдарламалар қабылданып, халыққа үндеу тасталды. Осылардың ішіндегі бірі де бірегейі - "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы – замануи технологияларды пайдалану арқылы елдің әрбір тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған маңызды кешенді бағдарлама. Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстанның экономикасының дамуын жеделдетіп, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай – ақ экономиканың қағидатты жаңа траекториясы - болашақтың цифрлық экономикасына көшуі үшін жағдай жасау болды.

Негізгі мақсат екі бағыт бойынша жүреді: қолданыстағы экономиканы цифрландыру, яғни сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық стартты қамтамасыз ету, экономиканың қолданыстағы салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және технологиялық қайта жарақтандыру жөніндегі жобаларды іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту. Екінші бағыт – болашақтың цифрлық индустриясын құру. Сонымен қатар, тұрақтылықты қамтамасыз ету, адами капиталдың даму деңгейін арттыру, инновациялық даму институттарын құру және тұтастай алғанда цифрлық экожүйені прогрессивті дамыту есебінен елдің цифрлық трансформациясын іске қосу.

Бұл тұжырымдаманың негізінде бес негізгі бағыт бар. Атап айтқанда экономика салаларын цифрландыру – еңбек өнімділігін арттыратын және капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ететін технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, экономиканың дәстүрлі салаларын қайта құру; электрондық қызметтерді дамыту; цифрлық мемлекетке көшу - мемлекеттің функцияларын оның қажеттіліктерін алдын ала болжай отырып, қайта құру бағыты; цифрлық Жібек жолын іске асыру – яғни, деректерді беру, сақтау және өңдеудің жоғары жылдамдығын жасау және сақтау инфрақұрылымын дамыту; адами

капиталды дамыту – жаңа болмысқа - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатын қоғамды құруды қамтитын қайта құру жұмыстары.

Қазақстан үшін күтілетін цифрлық дивидендтер мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне сәйкес айқындалған және белгіленген. Бірінші кезекте, мемлекет үшін мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыру, халықты жұмыспен қамту, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыру, инвестициялық ахуалды жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру және ЖІӨ құрылымында шағын және орта бизнес үлесін арттыру сияқты маңызды және өзекті мәселелер туралы болып отыр.

"Цифрлық Қазақстан" МК іске асыру нәтижесінде интернет желісін пайдаланушылардың үлесі 2021 жылы – 81%; халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі 2021 жылы – 81,5%; АКТ – да еңбек өнімділігінің өсуі 2021 жылы – 5,9%; АКТ саласында жұмыспен қамтылған халықтың саны 2021 жылы - 110 адам; мемлекеттік қызметтердің жалпы көлемінен электрондық түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі - 80%.

Қазіргі цифрландыру - көпвекторлы жұмыс екені белгілі. Оның біздің елдегі шоғырланған нұсқасы – "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарлама мемлекет басшысының "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді шешу шеңберінде әзірленген. Онда: "Біз цифрлық технологияларды қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл -маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн - сауда, мобильді банкинг, цифрлық сервистер, оның ішінде денсаулық сақтау мен білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту қажет. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдер экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған байланысты Үкіметке "Цифрлық Қазақстан" жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын".

Осы үрдістерді ескере отырып, ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауының басты арқауы интернет, мобильді және сенсорлық желілер арқылы іске асырылатын экономикалық және әлеуметтік іс-шаралардың жаһандық желісін пайдалана отырып, елде цифрлық экономиканы дамыту қажеттілігі болып табылады.

Қазақстан үшін цифрландыру – шикізат экономикасының "шұңқырынан" шығудың нақты тәсілі екені сөзсіз. Мемлекет басшысының пікірінше, "мұнай молшылығы" дәуірі аяқталуға жақын. Республиканың даму қарқынын одан әрі сақтау және арттыру жаңа сапалы тәсілдерді талап етеді. Жолдаудың негізі цифрлық экономика болғандықтан, "Ақылды технологиялар" мен зияткерлік жүйелерді барлық салаларға автоматтандыру және енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылған. Қазақстанда цифрлық технологиялар ұлттық экономиканы әртараптандырудың негізгі жолы ретінде қарастырылатындықтан, цифрландыруды жеделдетіп енгізу үшін кейіннен "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаны іске асыру 2018-2022 жылдар кезеңіне жоспарланған, алайда нәтиже бірінші жылы-ақ өз жемісін көрсетті.

Ақпараттық технологиялардың жаңартылған нұсқасы болып табылатын цифрлық дәуір білім беру жүйесін жетілдіру мәселесінде де өзекті. Технологиялық революцияның басталуы аралас оқыту технологиясын (blendedlearning) қамтитын білім беру технологиясының бірдей өзгеруін талап етеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі қалыпты, базалық білім беріп қана қоймай, инновациялар туралы ойлануды қалыптастырып, неғұрлым сындарлы, креативті, жасампаз білім алушыларды да дайындауы тиіс. Аралас оқытудың модельдері, түрлері мен артықшылықтары алдын ала зерделеніп, Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің барлық буындарына енгізілді. Бұл біздің елімізге келе жатқан цифрлық дәуірдің сын-қатерлерін еңсеруге, "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасын орындауға және әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына табысты кіруге мүмкіндік береді десек қателеспеспіз.

"Цифрлық Қазақстан" бағдарламасында алғашқы Президент жоғары білікті кадрларды даярлаудың маңыздылығын айтып, бұл білім беру саласындағы саясатты қайта қарау

қажеттілігімен байланыстырды: "Барлық қазақстандықтар – оқушылардан бастап зейнеткерлерге дейін – қайтадан кітап оқып, жаңа технологияларды үйренулері керек. Өмір бойы білім алу қағидасы қажеттілікке, нормаға айналуы тиіс",- деді ол.

Мұндай жағдайда білім беру жүйесінің алдында үздіксіз заманауи оқыту технологияларын игеру және уақтылы енгізу міндеті тұр. Мұнда цифрландыру немесе диджитализация құралы ретінде аралас оқыту технологиясы бірінші орынға шығады. Жас буынды цифрлық дағдылармен қаруландыру өте маңызды, әсіресе мұндай дағдыларға деген сұраныс артып, кәсіптердің үлкен тобын тартып алатыны сөзсіз.

Педагогикалық практикада аралас оқыту мен бағдарлама негізіндегі технология принциптерін қолдану оқытушыға келесі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- білім берудің қолжетімділігі мен икемділігін арттыру, олардың жеке білім беру қажеттіліктерін, сондай-ақ оқу материалын игеру қарқыны мен ырғағы есебінен оқушылардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейту;
- білім алушының белсенді ұстанымын қалыптастыруды ынталандыру: оның уәждемесін, дербестігін, әлеуметтік белсенділігін арттыру, оның ішінде оқу материалын меңгеруде, рефлексия мен өзін-өзі талдауда және соның салдары ретінде жалпы білім беру процесінің тиімділігін арттыру;
- мұғалімнің стилін өзгерту: білімді таратудан оқушылардың өз білімдерін құрастыруға ықпал ететін студенттермен интерактивті өзара әрекеттесуге көшу;
- білім беру процесін жекелендіру, мұнда оқушы өзінің оқу мақсаттарын, білім беру қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, оларға қол жеткізу тәсілдерін дербес анықтайды, ал мұғалім көмекші және тәлімгер рөлін атқарады.

Көптеген артықшылықтарға қарамастан, аралас оқытудың қазіргі заманғы технологияларды енгізуге және қолдануға мүдделі білім беру жүйесінің барлық буындарының кемшіліктері де бар. Бұл әркелкі сауаттылық, техникаға, кең жолақты интернетке тәуелділік, онлайн режимнің және лимитсіз тарифтердің тұрақтылығы, технологияларды меңгерудің жеткіліксіз деңгейі және тағы да басқалары.

Қазір Қазақстан цифрлық даму бойынша әлемде 50-ші орында. "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасында көзделгендей, 2022 жылға қарай ол 90-100% - ға дейін өсуі үшін бүгінде барлығы, оның ішінде жеке сектор - білім беру жүйесінің барлық буындарын техникалық қолдауға белсенді қатысуы қажет. Тек осылай бірлескен күш-жігермен ғана шығармашылық қоғам құруға болады. Мұндай бірлестік Қазақстанға ортақ мақсаттарға қол жеткізуге – цифрлық дәуір басталған әлемнің озық елдеріне қосылуға, яғни Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру міндетін орындауға мүмкіндік береді. Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірінше, қазақстандықтар жаңалыққа оңай бейімделеді, сондықтан компаниялар өздерінің қазіргі және болашақ қызметкерлерінің білімі мен дайындығына инвестиция салуы үшін жағдай жасайды. Ал еліміздің білім беру жүйесі, өз кезегінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында артықшылыққа қол жеткізу үшін цифрлық дәуірді тезірек бастауға ұмтылатын болады.

«Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясында негізгі басымдықтардың бірі болашақта әлемнің дамыған елдерінің осындай инфрақұрылымдарымен бәсекеге қабілетті дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызметтер жүйесін құру болып белгіленгенін атап өттік. Осы басымдықты іске асыру мақсатында перспективаға арналған негізгі міндеттер айқындалды. Олардың бірі жаңа технологияларды енгізу және байланыс нарығын ырықтандыру негізінде саланы дамытуды қамтамасыз ету болды. Осылайша, телекоммуникациялық қызметтер нарығында нақты бәсекелестік ортаны дамыту үшін заң жүзінде жағдайлар жасалды. Мемлекет экономиканың жұмыс істеуі мен оны басқарудың тиімді тетігі ретінде АКТ саласын дамыту процестеріне белсенді қатысуды жалғастыруда.

Бұл тұрғыда "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту драйвері ретінде қызмет етіп, еліміздің жарқын болашағы мен кемел келешегі үшін жоспарлы түрде іске асуда.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Ақпараттық Қазақстан -2020» Мемлекеттік бағдарламасы. — Астана. — 8.03. 2013 ж.
2. Повседневная сетевая культура как решение классификационных задач // «Образовательные технологии и общество», 2007. http://ifets.ieee.org/russian/depositary/v10_i2/html/3.htm.
3. Жеткіншектердің әлеуметтік желілерге тәуелділігінің алдын алу. Астананың 20 жылдығына арналған «Ұлы Дала Астанасы (Астана великой степи)». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Семей, 2018. — 59–62 бб.
4. Библиотека «ИНФОУРОК» [Электронный ресурс]: <http://physics.herzen.spb.ru/teaching/materials/gosexam/b25.htm>
5. Бергер А. Видеть — значит верить. Введение в зрительную коммуникацию. — М.: Вильямс, 2008. — С. 43.
6. Бреслер М. Г. Социальные сети и сетевые сообщества. Информационное общество. — Уфа, 2014. [Электронный ресурс]: <http://www.academia.edu/7107751/>

УДК 8.81

Шашубай Серикбол
Диз-21-1/3 тобының студенті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к., доцент **Абдиқарим Н.**

ЖӘДІГЕРЛЕР АТАУЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СӨЗДІК ҚОРДЫ БАЙЫТУДЫҢ АРНАСЫ РЕТІНДЕ

НАИМЕНОВАНИЕ АРТЕФАКТЫ КАК ИСТОЧНИК ОБОГАЩЕНИЯ ВСЕМИРНОГО СЛОВАРНОГО ФОНДА

NAME ARTIFACTS AS A SOURCE OF ENRICHMENT OF THE WORLD VOCABULARY FUND

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының баспанасы киіз үйдің әлемдік сұранысқа ие болып отырғандығы және де киіз үй пішіндес ғимараттардың шетелдерде салынып жатқандығы сөз болады. Автор мұны ұлттық жәдігеріміздің атауларын әлем тілдерінің сөздік қорына енгізудің бір мүмкіндігі деп санайды.

Түйінді сөздер. Киіз үй, баспана, қазақ тілі, сәулет өнері.

Аннотация. В статье идет речь о том, что юрта, в настоящее время традиционное жилище казахского народа юрта, пользуется большим спросом во всем мире и строятся за рубежом юртообразные здания. Автор рассматривает это как возможность включения названий наших национальных артефактов в всемирный словарный фонд.

Ключевые слова. Юрта, жилище, казахский язык, архитектура.

Annotation. The article deals with the fact that the yurt, currently the traditional dwelling of the Kazakh people, the yurt, is in great demand all over the world and yurt-like buildings are being built abroad. The author considers this as an opportunity to include the names of our national artifacts in the world vocabulary.

Keywords. Yurt, dwelling, Kazakh language, architecture.

Киіз үй – қазақ халқының өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге келе жатқан заттық-тұрмыстық мәдениетінің бір көрінісі. Осындай асыл мұрамызды дәріптей отырып, келер ұрпаққа оның қасиеті мен пайдасын, салт-дәстүріміздің қайнар көзі ретінде насихаттау қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жапон, қытай халықтары үшін пагода, орыс халқы үшін избушкалары, сібір халықтары үшін күркелері қандай ыстық әрі қасиетті болса, қазақ халқының төл баспанасы да сондай қасиетке ие. Соңғы кездері мейрамхана, ресторан бизнесінде грузиннің дарбазасы, өзбектердің кишлағы, орыстардың избушкасы стилінде безендірілген дәмханалар мен кафелерді көптеп кездестіруге болады. Ал киіз үйіміздің барлық сән-салтанаты үндескен, қазақы дәмнің буы бұрқыраған мұндай орындардың саусақпен санарлық екені белгілі. Біз осылай ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз – киіз үйді құнды жәдігер ретінде дәріптей алмай, салғырттық танытып жүргенде, мұхиттың арғы жағында, Жапон аралдарында киіз үйдің сәулеттік шешімдері басшылыққа алынған үйлер мен ғимараттар салынып, кафелер есігін айқара ашуда. Ендеше сәулет өнерінің ғажайып туындыларының бірі болып табылатын киіз үйді қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің мойнымыздағы міндет дей отырып, сол шетелде салынып жатқан киіз үй пішіндес ғимараттардың әр бөлшегі ана тіліміздегі атауын сақтап қалуы тиіс деп есептейміз. Негізінен «Әр түрлі мәдениеттер анағұрлым күрделі тұтастыққа ене отырып, мәдениетаралық қарым-қатынас механизмін қалыптастырып, өз араларындағы біртұтастық белгілерін күшейтеді» [1, 570]. Қазіргідей ақпараттар шекарасы жойылып, жаһандану үдерісі жүріліп жатқан кезде, өзіндік ерекшелігі болмайтын оқшауланған мәдениеттің өмір сүруі мүмкін болмай бара жатқан заманда мәдениеттер бетбұрысы бір арнаға тоғысқан сияқты көрінгенімен, оларды ерекшелеп тұратын ұлттық кодтар бәрібір сырт көзге айқын сезіліп тұрады. Мұндай жағдайда шетелдік сөздер мәдениеттер тоғысын іске асырушы элемент ретінде әрекет етеді.

АҚШ-тың «Colorado Yort Company» компаниясы 30 жылдан астам уақыт бойы қала сыртына арнайы киіз үйлер соғумен айналысады екен. Компания қожайындары ашқан киіз үй пішіндес дәмханалары мен қонақүйлер тұрғындардың демалып, көңіл көтеріп қайтуға жиі баратын орындарының біріне айналған. «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» дейтін халықтың тұрақ-мекеніне айналған киіз үйдің қаңқасынан бастап бау-басқұрына дейін, ішкі-сыртқы жабдықтарына дейін барлық бұйым атаулары тек қана сол баспананы ғасырлар бойы тұтынып келген халықтың төл атаулары екені белгілі. Ендеше ғылым мен техниканы, өндірістік өркендеуді қабылдау барысында біз латын-грек, француз-орыс, ағылшын-неміс, парсы-араб сияқты халықтардан қанша терминдер мен атаулар қабылдадық, ендігі кезекте біз де өз мәдениетіміздегі өзгелерде жоқ құндылықтарды өзіміз қалыптастырған атаулармен, яғни экзотикалық сөздермен тұрақтандыруға тиістіміз. Әрине бір-бірімен тікелей қарым-қатынаста болған тілдердің аралас-құралас болуы, ақпараттарымен алмасуы нәтижесінде идеялар, ұғымдар мен заттық алмасулар орын алып, тілдердің лексикалық қабатын өзгертуге айтарлықтай әсер ететіндігін [2] білеміз. Ал қазіргі интернет технологиялары жағдайында мұндай әсерлердің әрі тез жүрілетіндігі әрі кім жылдамырақ әрекет ете алады, сол табысқа жететіндігі белгілі. Ғасырлар бойы шөлімізді қандырып, дертке дауа болып келген сусынымыз қымызды неміс кәсіпкерлерінің патенттеп алғаны – соның айғағы. Осындай жағдай орын алмас үшін, біріншіден, қазіргі кезде киіз үйдің адам денсаулығына пайдасы және экологиялық әрі экономикалық тұрғыдан тиімділігін бағалап, Еуропа мен Азияның бірқатар мемлекеттері киіз үй архитектурасы негізіндегі үйлерді салып, пайдаланып жатыр. Екіншіден, киіз үйді баспанамыз деп санайтын басқа да көшпелі халықтардың да өздері қалыптастырған атаулары бар. Сондықтан Интернет мүмкіндіктерін пайдаланып, киіз үйді материалдық-заттық тұрғыдан болмаса да, оның артықшылықтары мен пайдасын жарнамалап, аталымдарының мән-мағынасын түсіндіріп, әлем тілдерінде насихаттауды тездетіп қолға алу қажеттілігі туындап отыр. Сонда ғана біз тіліміз арқылы әлемдік руханиятқа өз үлесімізді қоса отырып, одан әрі дамытудың нәтижелі бір жолын бастайтын боламыз. Өйткені киіз үй – қазақтың тұрағы, құтты мекен-жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы, сәулет өнерінің көнеден

келе жатқан мұраларының бірі. Мындаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс-салты, талғамы еш халықтан кем емес екендігін, олардың математика-геометриялық қана емес, астрономиялық білімдерінің де бар болғандығын осы киіз үй арқылы да дәлелдеуге болады. Белгілі ғұламалар айтып кеткендей, киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы – жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал Ш.Уәлиханов еңбектерінде XII-XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екендігі баяндалады.

Ғылым мен техникасы дамыған, сәулет өнерінің дәстүрлі және заманауи үлгілері шарықтау шегіне жетіп, теңіз түбіне де қала орнатуды жобалап жатқан жапондықтар да киіз үйлерден тұратын «ауылдарды» сала бастады. International Dome House компаниясы жер қозғалысы қаупі жоғары аймақтар үшін ағашсыз, тассыз, кірпішсіз, тек қана пенопласт пайдалану арқылы киіз үй пішіндес үйлерді салып жатыр [3]. Жер қозғалысынан зардап шеккен елдерге Қазақстан шатыр орнына киіз үй жеткізгендігін де білеміз.

Бельгиядағы киіз үй өндіруші Ве Yurt фирмасының негізін қалаушы Стефан Климовский болып табылады. Бір қызығы, шетелдік кәсіпкер ешқашан Орталық Азияға бармаған, ол көшпенділердің баспанасын Интернет арқылы танып-білген екен. Өзінің досы Янн Берлемонтпен бірге суретке қарап отырып, киіз үйдің сызбасын салып, алғашқы прототипін жасаған. Ол қысқа уақыттың ішінде сатылып кеткен. Бельгияда барлық ғимараттар төртбұрышты пішінде болғандықтан, олар өздерін құрылысқа жаңа серпін әкелген архитекторлар деп санайды. Сонымен киіз үйді пайдалантын елдің ауа-райын да зерттеп, жаңбыр көп жауатын климаты бар елге киіз үйдің тағанын биік етіп жасау керек деген шешімге келген. Еуропалықтардың оқшаулық пен ыңғайлылықты қалайтындықтарын және мұндағы адамдардың ашық түсті аса ұнатпайтындығын ескере отырып, оны да өзгерткен. Осылайша киіз үй мәдениеттер тоғысы мен мәдениеттердің алмасуында белгілі бір рөл атқаруда. Ал енді оның барлық құрал-жабдықтарының атауларын шетелдіктер немесе өздері тұтынатын заттарына ұқсатып бір атаулар ойлап табады немесе байырғы атауларын қолданады. Осы жағдайда біз де Интернет желісін пайдаланып, киіз үй атауларын олардың лингвосемантикалық кеңістігіне енгізуіміз қажет.

Айталық, киіз үйдің керегесінің өзі «кең көзді» немесе «жел көзді кереге», «тар көзді» немесе «тор көзді» кереге деп бөлінсе, киіз үйдің сүйегі болып табылатын кереге, сықырлауық, уық, шаңырақ; киіз үйдің сыртқы жабынтықтары түндік, үзік, туырлық, орама ши; ішкі әшекейлері – басқұр, таңғыш, басбау, желбау, шалма т.б.; ішкі жиһаздары – адалбақан, асадыл, жүкаяқ т.б. – осының барлығы заттық мұрамызды қабылдап жатқан шетелдіктер тілінде осы бір ғажайып мәдени мұраларды тұтынып келген халықтың байырғы атауларымен аталуы тарихи тұрғыдан әділ болар еді. «Бұл – кез келген мәдениеттің өмір сүруінің міндетті шарты әрі өзін-өзі тануға жасаған алғашқы қадамы» [1, 574] деуге болады. Сонда ғана халықтар өз мәдениеті мен өзгенің мәдениетін ажыратып қана қоймайды, мәдениеттер тоғысынан пайда болған материалдық және рухани құндылықтарды бағалай отырып, бірін-бірі зор ықылас, құрметпен қарайды.

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтарымыздың қадіріне жетіп, асыл жәдігерлерімізді заманға сай жаңғыртумен қатар, оны ХХІ ғасырға лайық түсініктер тұрғысынан қабылдап, заттық қана емес, руханият жаршысы ретінде де жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әлемдік лингвистика кеңістігіне киіз үйдің байырғы атауларын енгізіп, қалыптастыру аудармашылар мен туризм, бизнес саласында қызмет ететін кез келген отансүйгіш жас буынның қасиетті парызы деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Лотман Ю. Семиосфера. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.
2. Валеева Г.М. Экзотическая лексика и ее лингвистические возможности // Ученые записи Казанского университета: Гуманитарные науки. Т.-152, кн. 6. – 2010. – С. 116-122.
<https://novate.ru/blogs/260309/11714/>

ӘӨЖ 328

Нурланова Дамира Ержанқызы

«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер кафедрасының студенті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

Турганбекова Адина Асылбековна

«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер кафедрасының студенті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: филол.ғ.к., доцент Шнайдер В.А.

ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ МЕН ШӨГІНДІЛЕР АТАУЛАРЫ: «АЯЗ», «МҰЗ» СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКА- ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

НАЗВАНИЯ ПРИРОДНЫХ ЯВЛЕНИЙ И ОТЛОЖЕНИЙ В СОВРЕМЕННЫХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ: СЕМАНТИЧЕСКИЕ И ГРАММАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОВА «МОРОЗ», «ЛЕД»

NAMES OF NATURAL PHENOMENA AND DEPOSITS IN MODERN TURKIC LANGUAGES: SEMANTIC AND GRAMMATICAL FEATURES OF THE WORD "FROST", "ICE"

Аннотация. Мақалада қазақ тілінде, сол сияқты түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылып жүрген кейбір атмосфералық шөгінділер мен құбылыстар, олардың семантикалық тұтастығы, лексикалану процесі, этнолингвистикалық мәні сипатталып, тілдік тұрғыдан ғылыми тұжырымдар мен талдау мәселесі қарастырылады.

Түйінді сөздер. Метеоқұбылыс, этнолингвистика, шөгінділер, лексика, семантика

Аннотация. В статье описываются некоторые атмосферные отложения и явления, употребляемые в казахском языке, так и в большинстве тюркских языков, их семантическая целостность, рассматривается процесс лексикализации, этнолингвистическое значение, лингвистические научные выводы и анализ.

Ключевые слова. Метеорология, этнолингвистика, осадки, лексика, семантика

Annotation. The article describes some atmospheric deposits and phenomena used in the Kazakh language, as in most Turkic languages, their semantic integrity, the process of lexicalization, ethnolinguistic meaning, linguistic scientific findings and analysis.

Key words. Meteorology, ethnolinguistics, precipitation, vocabulary, semantics

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы ауа-райы, табиғат құбылысымен байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер тек лексикалық сөздік қорды ғана байытып қоймай, сонымен қатар халықтың тұрмыс-тіршілігінде амал атаулары, уақыт, мезгіл ұғымды мәнге де ие болып, бүгінгі этнолингвистиканың ажырамас бөлегіне айналып отыр. Ұрпақтан ұрпаққа

тарап, ғасырлар қойнауынан келе жатқан бұл атаулар мен ұғымдар семантикалық және грамматикалық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап, бір тұлғалардың мағынасы лексикалану процесінен өтсе, енді бірі делексикалану процесіне ұшырап, тарихи сөздер қатарынан көрініс тауып, лексика қорынан аластатыла бастағандығын аңғару қиын емес.

Тіл-тілде лексика көне тілді (праязык) реконструкциялаудың ең күрделі деңгейі болып табылады. Сонымен қатар, тілдің семантикалық тұрғыдан өзгеруі фонетика және морфологиялық тұрғыдан да өзгеруімен қабаттасып, мағына ауысудың сөз тұлғасының ауысуымен де байланысты болып келетінін жоққа шығармауымыз керек. Сондықтан мақаламыздың басты мақсаты қазіргі түркі тілдеріндегі табиғат құбылыстарына қатысты қолданылып жүрген атаулардың бірі «аяз» және «мұз» сөздерінің әр түркі тілінде қолданылауындағы семантикалық айырмашылығын, фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін талдау болып табылады.

Түркі әлемінде белгілі бір құбылыс, зат атауларына ат қоюда сол заттың не болмаса құбылыстың түрлі формалы, түрлі мазмұнды болып келуіне байланысты жалпы атауымен қатар ішкі мазмұнын ескеріп берілетін атауларды көптеп кездесуі заңды құбылыс. Сол себепті де түркі тілдерінде бір құбылыс, я болмаса бір зат атауына қатысты бірнеше атаулар қалыптасқан. Және де, ол сонау көне замандардан орхон-енесей, орта ғасыр мұраларында қолданылып, бүгінгі түркі тілдерінде еш өзгеріссіз немесе кей фонетикалық түрленімге ғана ұшыраған, алайда негізгі мағынасын сақтап қалған күйінде жеткен. Сондай атаулар қатарына ауа-райы, табиғат құбылыстарына қатысты заттық ұғымдағы сөздерді енгізуге болады.

Түркі тілдерінде қолданылатын белгілі бір құбылыс атаулары негізінен тіл-тілде кейбір фонетикалық, азын-аулақ мағыналық ерекшелігі арқылы байқалғанмен білдіретін мағынасы арасында үлкен айырмашылығы жоқ сөздер қатарына жатқызуға болады. Мысалы,

Атмосфералық құбылысқа қатысты қолданылатын «аяз» (*ajaz*) (*қыстың ашық бұлтсыз күндері болатын қатты суығы* мағынасында) сөзі көне түркі тілінен келе жатқан байырғы сөздің бірі болып табылады. Қысқы мезгілде әдеттегіден ерекше қатаң сипатта танылатын ауа-райының ерекше құбылысы – аяз болып табылады. Табиғаттың бұл құбылысы еліміздің кең-байтақ жерінде, әртүрлі, өңірдің табиғат құбылыстарының әрбасқа танылуы салдарынан «аяз» ұғымы да түрліше атауларға ие болған. Дәлел ретінде қазіргі қазақ тілінде «аяз» сөзімен байланысты қалыптасқан тіркестердің семантикаларын ашып, кесте ретінде ұсынуды жөн көріп отырмыз (кесте №1).

Аяздың түрлері	Семантикасы
Ақ аяз	жылы ауамен, бумен араласқан, аппақ, будақ- будақ аяз
Көк аяз	күрғақ аяз.
Қақаған аяз	бет қаратпайтын қатты аяз.
	ылғалсыз, шытынаған, суық аяз.
Қызыл шұнақ аяз	шұнақ сары аяз – қатты күрғақ, бет қаритын, шыңылтыр аяз.
Қытымыр аяз	қатты, шымшыма аяз.
Сақылдаған сары аяз // сақырлаған аяз	қаңтардың аяғы, ақпанның басында болатын сары аяздың күшіне мінген, күшейген кезі, шағы.
Сары аяз	а) ұзаққа созылған қатты аяз; ә) ұзақ жылдарға созылған қиыншылық, ауыртпашылық.
Түкірік жерге түспейтін аяз	ауа-райының суықтығы соншалық, адамның түкірген түкірігі жерге мұз боп түсетін, өте қатты аяз
Тымырсық аяз	желсіз күнгі шақпа аяз
Үскірік аяз	боранды, желді ая
Шымшыма ая	бетті қарып өтетін, шытқыл, шақпа аяз
Шыңылтыр аяз // шаңылтақ	күрғақ, қатты аяз

аяз // шақпа аяз	
Шытқыл аяз // шытынаған аяз	сақырлаған қатты аяз
Шытымыр аяз	қалың қар түскеннен кейінгі құрғақ, шыңылтыр аяз
Аңызак аяз	сақырлаған қатты аяз

Көріп отырғанымыздай қазақ тілінде аяз түрлеріне қатысты әрқилы атаулар қолданылады. Бүгінгі күні қазақ тілінен басқа да түркі тілінде аяздың түріне қатысты әрқилы атаулар қолданылатындығын атап кетуге болады. Мысалы. Қырғыз тілінде «темір аяз» деп қар түскеннен кейін екінші күні орнығатын аязды айтса, «мүйіз аяз» деп орташа 15-20° температура шамасын айтса, «киіз аяз» деп әлсіз аяз түрін айту кездеседі. Өзбек тілінің диалектілерінде «бұйығ аяз» қатты аяз мағынасында, ал қазақ, қарақалпақ, алтай тілдерінде оның орнына «үсу» етістігінен жасалған «үсік (үсүк) үскірік аяз» тіркесі, ұйғыр тілінде «тоң аяз», әзірбайжан және түрік тілінде «дон аяз» тіркестері қолданылады. Сол сияқты қазақ тіліндегі «аңызак аяз» тіркесі түрікмен тілінде «аңзақ аяз» түрінде айтылуы ұшырасады.

Сонымен қатар қазақ тілінде «аяз» сөзінің қатысуы арқылы жасалған тілдік бірліктер де мол екендігін байқауға болады. Мысалы, «**Аяздай қысу** – қатыгездік таныту, қинау. **Қаңтардың аязындай** – адуынды, қаһарлы, ызғарлы, айбынды **Көк аяздану** – сіресіп қатып қалу. **Аязсыз кезең** – көктемдегі соңғы аяз (үсік) болған күндердің орташа мерзімі мен күздегі бірінші аяз болған күндердің орташа мерзімі арасындағы кезең. **Аяз мүйізді қысса, Мүйіз тұқымды қысады** – 1) қатты аяздың әсері ең алдымен сыртқа шығып тұрған мүйізге түсетіні белгілі. Бірақ мүйіз малдың басымен тұқымы арқылы жалғасатындықтан, суық зардабын бастан бұрын алдымен тұқым көреді; 2. ауыс. өмірде: ел билеушілердің өзінен жоғары тұрған ұлықтар келіп қысқанда, ол келіп, әрине, өзінен ең төмен тұрған халықты қысады» /2, 7-8/.

Көнеден келе жатқан бұл сөз М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде» «*ajas*» түрінде берілген, орта қыпшақ тілінде «*ajaz*»; түрік, әзірбайжан тілдерінде «*ajaz*»; қарақалпақ «*ajas*»; құмық, татар, башқұрт, қазақ, қырғыз «*ajaz*»; хақас, тува тілдерінде «*ajas*»; чуваш тілінде «*ujar*» түрінде ұшырасады.

Сыртқы тұлғасындағы өзгеріс негізінен сөз басындағы **а-и** сәйкессіздігі, сөз соңында **z-s-r**, сөз ортасындағы **а-у** сәйкессіздігі арқылы көрінетін ұқсастықтары мен ерекшеліктерін атап кетуге болады.

Э.В. Севортянның пікіріне сүйенсек, «*ajaz*» сөзі «*aj*» түбірі мен «-az» жұрнағының қосындысынан тұратын туынды түбір. Яғни, бүгінгі тіл тұрғысынан алып қарағанда «-az» қосымша морфемасын сөзжасам процесіне араласпайтын өлі жұрнақ қатарына жатқызуға болады» /1,13/. Ғалым бұл сөздің түбірі «aj» екендігін қырғыз, қазақ тілдеріндегі «*alyq*» - *ашық, ашылу (статья ясным, проясниться, прояснившийся)*, қарақалпақ тіліндегі «*ajyq*» сөзі және башқұрт тіліндегі «ajat», татар тіліндегі «ajəq» - (ясно) сөздерін салыстыру қажет екенін айта кетеді.

Бұл көрсетілген мағынасынан басқа «*ajaz*» сөзі түрік, гагауыз, әзірбайжан түркмен, құмық, ноғай, қырым татарлары, ноғай, қарақалпақ, қазақ өзбек тәрізді түркі тілдерінде «*қыстың қатты суығы*» (*мороз, стужа*) деген ұғымда, түркмен тілінде «*ашық, бұлтсыз аспан кезіндегі түнгі суық*», орта ғасырларда қараханид ұйғырлары тілінде «*бұлтсыз күнгі қатты суық*» /3. 231/ деген мағынада да қолданылған.

Түркі тілдерінің кейбірінде сонымен қатар орта ғасырдан бері келе жатқан «аяз» мағынасында қолданылатын «*um, tom*» тұлғаларының да осы күні қолданыста жүргенін айта кеткіміз келеді. Бұл сөз алғаш рет қараханид ұйғырларының тілінде қолданылғаны туралы факті М.Қашқаридің сөздігінде кездеседі. Еңбекте «суық» деген мағынада көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің мағынасы кеңейіп, жалпы «салқын, суық» мағынасымен байланысты құбылыстарды атауда жұмсалады. Чуваш тілінің маманы В.Егоров «*tom*» сөзі чуваш тілінде **аяз, ызғар, қырау** мағыналарында /4,22/ қолданылатынын айтып, қараханит

кезеңіндегі ұйғыр жазуында кездесетін «tumlyu» (суық) және тоң (мұз, аяз) сөздерімен түбірлес екендігін айтады. Бұдан басқа түрік диалектісінде «tum» сөзі «шық» мағынасында /5,321/, ұйғыр тілінде tumly (салқындау) /5,321/ мағынасында қолданылуы кездеседі. М. Рясянен қазіргі түркі тіліндегі «тұман» сөзі де осы «tum» сөзінен қалыптасқан деген жорамалды алға тартады да «tum» сөзінен *tuman, tumaryq* «тұман), *tumala* (орай), *tumau* «тұмау» сөздері қалыптасқан /1,15/ деп қорытындылайды.

Түркі тілдерінде «тон, тоң» сөздері басқа да мағыналарда қолданылатыны белгілі. Э.Севортянның пікірінше, М.Қашқари заманынан келе жатқан бұл сөз о баста-ақ «tum» сөзінен қалыптасып, «қатқан, қатқақ» мағыналарында қолданылған, және де біздің заманымызға дейін еш өзгеріссіз жеткен /1,17/. Осы мағынасындағы қолданысын қараханид түркітеріне тән мұралардан («(тоң), қазіргі ұйғыр, саха, хақас тілдерінде (тоң), түрік тілінде (ton), гагауыз, әзірбайжан тілдерінде (don), қазақ және қарақалпақ тілдерінде (тоң), татар, башқұрт тілдерінде (tuң), тува, тофа тілдерінде (doң), шор тілінде (toу) бір мағынада қолданылады» /5, 266/.

Түркі тілінде кең жайылған аталмыш сөз қазіргі қазақ тілінде жаңа атаулардың қалыптасуына ұйтқы болады. «Тоң» сөзінен өрбіген тілімізде *тоңғақ, тоңазыту, тоңғақтық* тәрізді туынды түбірлер қолданыс тапты. Басқа түркі тілдерінде де ұшырасады. Сол сияқты «мәңгі тон» тіркесінде құрлықта немесе астында орналасқан екі немесе одан да көп жыл бойы 0 ° С-ден (32 ° F) төменде пайда болатын мұз мағынасында жұмсалады.

Атмосфералық құбылыстың атауларының бірі «аяз» сөзі мағынасымен байланысты болып келетін «салқын» тұлғасы (Э.Тенишевтің пікірінше, моңғол тілінен түркі тіліне ауысқан атау). Көптеген түркі тілдерінде бірді-екілі фонетикалық айырмашылығын ескермегенде ортақ мағынада қолданылатын сөз болып табылады. Мысалы, орта ғасырлық шағатай тілінде «salqin», түрік диалектісінде «salkyn», түркмен тілінде «salqyn», балқар тілінде «salqyn», қырғыз тілінде «salqyn», алтай тілдерінде «salуyn», өзбек және ұйғыр тілдерінде «salqin», чуваш тілінде «salуin». Ал татар және башқұрт тілдерінде суық және аяз мағынасында да қолданылу жайы бар /1,16 /. Соңғы қолданысы қазіргі қазақ тілінде ұшырасады, яғни «салқын» сөзі «суық» сөзінің орнына жұмсалады.

Көріп отырғанымыздай «sogyk» және «doң сөздерінің өзіндік қолданысында белгілі бір шек байқалады. Қазіргі түркі тілдерінде, ататүркі тілінде де «doң» - аяз, аяз, қыста болатын қатты суық деген ұғымда жұмсалған, ал «sogyk» сөзі суықтың жалпы белгісі болған.

Семантикалық тұрғыдан ортақ мән беретін «мұз» сөзі барлық түркі түркі тілдерінде де ұшырасады, айырмасы тек фонетикалық формасындағы өзгерістердің болуында ғана. Мысалы, көне түркі тілінде «buz» және орта ғасырлық қыпшақ, оғыз, хорезм түріктері, шағатай тілдерінде «buz», қараханид ұйғырларының тілінде «buz»//«muz» сөзі қазіргі түркі тілдерінде келесі тұлғаларда байқалады:

muz	Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, қырым татарлары, қарайым, құмық, өзбек, ұйғыр тілдері
buz	Түрік, гагауыз, әзірбайжан, татар тілдері
mös	Татар диалектісі,
böz	Татар тілі
mus	Алтай тілдері
bu:s,	Саха тілі
mu:s	
pus	Тува, хақас тілдері
pär	Чуваш тілі

Көрсетілген тұлғалар ішінде А.Щербак қазіргі якут тіліндегі «созылыңқы түрде айтылатын bu:s, mu:s тұлғалары көне түркі тілінен келе жатқан нұсқасы болып табылады»

/6, 196/ деген пікірді ұсынады. Э.Севортян бұл екеуінің ішінде «bi:s» бастапқы форма» /5, 239/ екенін баса айтады.

Көптеген түркі тілдерінде «мұз» мағынасындағы қолданылатын тұлғалар туынды сөздердің қалыптасуына ұйтқы болғанын қазіргі тіл фактілерін байқай аламыз. Мысалы, қазақ тілінде аналитика-синтетикалық тәсіл арқылы қалыптасқан «балмұздақ» сөзінің екінші компоненті мұздық (ледник) және «мұздақ, мұздауық» сөзі «тайғақ тайғанақ» мағыналарында қолданылады. Сол сияқты осы соңғы мағынасында басқа түркі тілдерінде *bözüq*, *bözlawəq* (татар тілі), *buzlawuq* (қарашай-балқар, құмық тілі), *buzlawuq* (ноғай тілі), *pärlaq* (чуваш тілі) туынды түбірлері қалыптасқан. Кейбір түркі тілдерінде бұл атаудың орнына келесі тілдік бірліктер қолданылады. Мысалы, *kök muz* – ұйғыр тілі, *kük böz* – башқұрт тілі, *qara toñuoloq* – қырғыз тілі, *doñaqlyq* – түрікмен, *toñnaх* - хақас, *toñdoq* - алтай, *tuñqoq* – татар диалектісі, *dozoñ* - тува, *tozoñ* – алтай тілі.

Қорыта айтқанда о баста түркі әлемінде бір мағынада қолданылған табиғат құбылыстары атаулары, тілдің даму барысында ішкі, не болмаса сыртқы факторлардың әсерінен кейбір түркі тілдерінде мағына тұрғысынан сараланып, негізгі мағынадан алшақтай бастағанын байқаймыз. Сонымен қатар табиғат. Ондағы құбылыстардың түркі халқының ғасырлар бойы тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтында маңызды орынға ие болған, амал, уақыт атаулары ретінде қалыптасқан тілдік бірліктер соңғы уақытта қолданыстан ығыстырылып, сөздік қорға кері әсер ету фактілері де жоқ емес.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Э.Р.Тенишев, Г.Ф.Благова, И.Г.Добродомов, А.В.Дыбо, И.В.Кормушин, Л.С.Левитская, О.А.Мудрак, К.М.Мусаев. Сравнительно-Историческая грамматика тюркских языков. Лексика. Москва.: Наука, 1997. – 800с.

2. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. 217-б.

3. Қашқари, Махмұт Түрік сөздігі. 2 том; ауд. Егеубай А. Қ: - Алматы: Сөздік-Словарь, 2006 ..– 376 б.

4. Егоров В.Г. Современный чувашский литературный язык в сравнительно-историческом освещении: Автореф.дис. на соиск. Учен. Степ. Д-ра филологических наук. – Чебоксары, 1949. – 29 с.

5. Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные/ АН СССР.Ин-т языкознания.-М.:Наука,1974.-768с

6. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Ленинград: Наука, Ленинградское отделение, 1970. - 204 с.

КОМПЬЮТЕРНАЯ РЕВОЛЮЦИЯ: СОЦИАЛЬНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ

КОМПЬЮТЕРЛІК РЕВОЛЮЦИЯ:ӘЛЕУМЕТТІК ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН САЛДАРЛАР

THE COMPUTER REVOLUTION: SOCIAL PERSPECTIVES AND CONSEQUENCES

Аннотация. Мақалада компьютерлік революцияның ерекшеліктері және олардың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер. Компьютер, компьютерлік революция, перспектива, салдарлар, компьютерлендіру, технология

Аннотация. В статье рассматриваются особенности компьютерной революции, ее социальные перспективы и последствия.

Ключевые слова. Компьютер, компьютерная революция, перспектива, последствия, компьютеризация, технология

Abstract. The article discusses the features of the computer revolution, its social prospects and consequences.

Keywords. Computer, computer revolution, perspective, implications, computerization, technology

Начало компьютерной революции было положено примерно чуть более сорока лет тому назад. Сконструированные в то время первые электронные вычислительные машины имели очень большие размеры и огромное количество электровакуумных ламп и механических элементов. Если сравнивать их с современными компьютерами, то они очень медленно работали, потребляли немислимое количество энергии и отличались низкой надёжностью. Но, тем не менее, построение этих машин явилось прорывом в совершенно новую сферу познания. Уже в то время учёные осознавали громадные потенциальные возможности, заложенные в эти машины, а также они предвидели, что это ведёт к кардинальным переменам в общественной жизни. Но в течение длительного времени эти потенциальные возможности оставались невидимыми для обычных людей, поскольку находились внутри научно-исследовательских организаций. И лишь когда были реализованы компьютеры разнообразных областей применения и разных типов, это оборудование проникло на промышленные предприятия, лаборатории, образовательные учреждения, магазины и даже уличное городское оснащение.

В восьмидесятые годы прошлого века компьютерная техника стала общественным достоянием, и этим обусловлены некоторые важные моменты, характеризующие сегодняшний период всеобщей компьютеризации. Многие области человеческой жизни принципиально меняются под воздействием компьютерного оборудования, которое оказывает помощь в решении поставленных задач, уменьшают затраты времени. Сегодня уже никто не считает фантастикой безбумажную технологию управления или даже полностью автоматические заводы. Компьютеры обладают очень высокой продуктивностью труда по сравнению с людьми, что ведёт к ликвидации многих профессий и формированию новых.

Произошедшая компьютерная революция уже давно считается свершившимся фактом. И когда компьютер стал общественным достоянием, многие люди стали воспринимать это как чудо, способное кардинально поменять их жизнь. Одни люди увидели в компьютерах помощь в решении насущных проблем, но другие с самого начала проклинали компьютеры, потому, что считали их источниками неисчислимых бедствий и несчастья. Увидев, что многие люди неадекватно воспринимают вторжение в их жизнь персональных компьютеров, специалисты стали пропагандировать своё видение ситуации и выдвигать разные теории. К примеру, Карл Хессинг написал работу «Страх перед компьютером, где привёл список позитивного и негативного влияния общественной компьютеризации.

Но нужно признать, что большая часть приведённых в списке негативных последствий, достаточно хорошо изучалась и прорабатывалась. Но есть и такие глобальные проблемы, которых вовсе нет в этом реестре. Некоторые из них на первый взгляд кажутся фантастическими, столь значительны для людей сопряжённые с ними изменения. Изменение социальных структур в наши дни неуклонно сокращается количество людей, которые заняты в материальном производстве. Ни одно государство в мире не способно жить, не воспроизводя материальные блага, такие как обувь, одежда, жильё и так далее. А ещё оно перестанет существовать без воспроизводства продовольственных товаров. По этой причине на заре общественной индустриализации и вплоть до промышленного капитализма существовало понятие, что люди занимающиеся производством материальных продуктов, всегда будут являться большей частью работающих граждан и всегда будут главной общественной движущей силой. Но жизнь доказала, что такое мнение является ошибочным. В странах, вступивших на тропу научного и технического прогресса, начатого компьютерной революцией, количество работников в добывающей и промышленной сферах постоянно уменьшается. Причиной этого является постоянно растущий уровень автоматизации производственных процессов, освобождающий человека от участия в них. Из-за этого в сегодняшней действительности заметен непрерывный рост количества работников в области информационных услуг, что и ведёт к перемене численных соотношений в социальной структуре передовых стран.

Компьютерные технологические процессы сейчас стали необходимой составляющей нашей жизни. Компьютеризация в силах спровоцировать равно как положительные, так и отрицательные последствия. Их возможно относительно распределить в функциональные, онтогенетические и исторические. Образцом функциональных последствий может являться изменение шаблонных и творческих частей компьютеризированной интеллектуальной работы согласно сопоставлению с традиционной работой.

Онтогенетические последствия появляются в изменении пути личного становления. Компьютеризация тут содержит противоречивый и разноплановый нрав. Она влияет на познавательную, мотивационную, эмоциональную сферу личности, ее самосознание; содействует формированию положительных личных черт. Она воздействует на становление восприятия, мышления, памяти. Происходит высококачественное изменение интеллектуальной работы человека (Б.Ф.Ломов, 1985). Компьютерные технологии при их верном применении удовлетворяют потребности человека в познании, самоутверждении, самореализации.

Компьютер стал играть огромную роль в ходе социализации и общественной адаптации человека, открыл новейший путь межличностного познания и взаимодействия. Становление детей нового поколения уже следует по этому пути. Оно находится в зависимости от устойчивых психологических свойств ребенка, типа работы и типа компьютеризации.

В историческом плане компьютер - новое трудоемкое орудие, опосредствующее интеллектуальную работу людей. Его внедрение сможет иметь как прогрессивные, но и регрессивные результаты. Основную роль тут играет то, кто и как использует компьютер и информацию о нем. Компьютеризация занесла в общество свежие страхи: о дегуманизации изучения и общения, спаде психологических функций, ослаблении волевой и смещении в

худшую сторону эмоциональной сфер. Эти все "легенды" теснее опровергнуты специалистами по психологии (О.К.Тихомиров, 1986; Е.И.Бондарчук, 1989). Решается и проблема компьютерной тревожности - чувства незнания, неумения, тревоги за свое самочувствие (О.В.Дороница, 1993).

Хотя, помимо всего этого, компьютеризация дала новейший метод общения - при помощи электронных сетей, который изменяет образ мира взрослого человека и в особенности ребенка. Для него это легкий доступ к истории становления человечества и программированию собственного будущего. Основное ведь - это возможность тесной взаимосвязи с современностью, которой не давала ни 1 популярная технология. Фактически в любом возрасте и при любых физических и психологических свойствах человек сможет разговаривать со множеством разных людей, производить совместную деятельность с ними на любом расстоянии.

Компьютер никогда не заменит человека, живого общения, игры, обучения, хотя компьютеризация изменяет психологические характеристики человека и сообщества. Ей принадлежит и будет принадлежать главная роль в развитии средств труда, познания и общения. Практически любой современный человек чувствует, что мастерство работать на компьютере так же нужно, как умение читать и писать.

Использование достижений компьютеризации, в случае если оно опирается на познание психологических законов, раскрывает большие возможности для психологического становления человека на протяжении всей его жизни.

Необходимо ясно понимать следующее: информационно-компьютерная революция охватывает довольно широкий диапазон предметной и социальной работы. В разных странах темпы распространения и охвата данных сфер деятельности средствами и системами современной информационной технологии различны. Во-первых это определяется тем, каков уровень площадки, с которой стартует ИКР в данной стране, каково условие ее реального становления.

Во вторую очередь характер результатов находится в зависимости от этноисторических особенностей каждого социума, от состояния культуры и цивилизации. Известно, что различные народы и сообщества разнообразно относятся к научно-технологическому прогрессу, к технике труда, к прогрессивной форме и требованиям организации производственной деятельности.

Эти различия обретают объяснение в истории любого народа, в том, как формировался его нрав, его культура, его способ жизнедеятельности. Конкретно с данной позиции в понимании действительности и перспективы стоит обсуждать в этой главе последствия современной социально-технологической революции, имея в виду не четкие проявления в каждой данной стране, а общее и глубокое содержание, которое по-разному реализуется там, где эта революция происходит.

Конкретным следствием компьютерной революции повсюду, где она происходит, являет радикальное изменение общественных структур. В этом детально появляются ее социогенные функции. Опыт государств, уже сделавших 1-ые шаги на пути создания информационного сообщества и вступивших на его изначальную стадию, которую можно бы было именовать индустриально-информационным сообществом, разрешает очень точно охарактеризовать ключевые направления и содержание данных изменений.

Сначала они касаются соотношения так именуемых классических промышленных и сельскохозяйственных отраслей и отраслей, относимых к сфере информации и услуг. Никакое сообщество не имеет возможности обойтись без производства материальных благ: одежды, обуви, домов, медикаментов, транспортных средств, машин, агрегатов, устройств и т. д. Оно не имеет возможности существовать без производства продовольствия.

На всех стадиях становления человечества материально-производственная работа имела необходимость в развитии информации и услуг. Мощнейшим потребителем информации и услуг считается также сфера управления, в которой вырабатываются и

принимаются решения, исполняются контроль за их исполнением и все виды деятельности, обеспечивающей и поддерживающей их реализацию.

Внедрение роботов или же “железных воротничков”, гибких автоматизированных производств и автоматических линий в добывающей индустрии, на транспорте, такелажных и дорожных работах, в строительстве и в хозяйстве существенно увеличивает производительность труда. В том числе и при сохранении идущих в ногу со временем темпов модернизации научно-технической базы производящих отраслей промышленности для обеспечения всех материальных потребностей жителей Земли на уровне передовых требований (за которые я понимаю средний уровень пользования западных стран) к началу грядущего века понадобятся старания максимум 1/4 трудозанятых если соблюдать условие, что любая держава сообщества станет располагать такой технологией.

Вместе с тем автоматизация, роботизация и компьютеризация традиционных производств создает несколько незатухающих, по крайней мере для ближайшего будущего, проблем. Первая из них — это так называемая компьютерная безработица, вызываемая сокращением штата работающих вследствие введения новых компьютеризированных и информатизированных технологий. Бесспорно, данный неизбежный шаг на ранних стадиях компьютеризации и автоматизации производства. Навык стран, далеко ушедших по этому пути, демонстрирует, что на следующих шагах возникает компенсирующий эффект - острая нехватка высококвалифицированных профессионалов, связанных с созданием, программированием и эксплуатацией, переналадкой и модернизацией прогрессивных гибких технологий. Это выдвигает вторую общественно важную дилемму, грозящую быть хронической на многие десятилетия. Она состоит в необходимости стремительной, постоянной и массовой переквалификации работников средней и даже высшей квалификации. В дальнейшем постоянное ученичество от школьной скамьи и конца трудовой деятельности будет, по-видимому, всепригодным всеобъемлющим явлением. Оно включит в общий образовательный процесс повышения и смены квалификации почти все работающее население — от предпринимателей до наладчиков, от политических деятелей до пилота авиалайнера. Речь имеет возможность идти только о том, что прогрессивные информационные, интеллектуальные технологии имеют все шансы увеличить уровень профессиональной политической информированности, расширить кругозор гуманизировать либо профессионализировать личность. Непосредственно в следствии этого сообщество, не владеющее структурной гибкостью, а тем более осознанно консервирующее собственные структуры, сможет оказать деструктивное воздействие на прогресс информационной технологии, сдержат ее становление и даже отторгнуть ее благодаря особенному социальному иммунитету. В следствии этого исследование трансформаций соцструктур в условиях информационно-компьютерной революции дает солидную социально-философскую проблему, от понимания и обсуждения которой во многом находится в зависимости укрепление или же ослабление “отвергающего” ее общественного иммунитета.

Естественно, что мышление, сознание, деятельность, межличностные и групповые отношения, формирующиеся в информационно интенсивной среде, во всем мире компьютеров, видеофонов, супертелевизоров и т. д., а также поведение людей серьезно трансформируются. Данные трансформации получают высококачественный характер, при этом действие прогрессивной ИТ на разные находится в зависимости от значения информационной восприимчивости, который так же ориентируется всей системой предшествовавшего ИКР воспитания, профессиональной подготовки. образования и житейского опыта.

Понятно, что для различных поколений эти системы разны, и новейшие информационные семена произрастают на всевозможных, ежели возможно сказать, социально-культурных почвах. В данном случае, как скоро идет речь о до компьютерных поколениях, данные почвы владеют высочайшим социокультурным иммунитетом, в случае ведь современных разработок ситуация радикально изменяется.

В информационных сообществах компьютеры на работе, в учебных заведениях и в хозяйственных условиях фактически общедоступны. В соединении с безграничным доступом к любой научной и учебной литературе, научной периодике, к библиотекам программ и базам знаний, дополненные множительной техникой и аудиовизуальными системами изучения, они преобразуются в самостоятельную и сильную инфраструктуру действительно многостороннего интеллектуального становления. Выход в свет свежих информационно-технологических возможностей не значит в то же время, что все они станут реализованы. Одна из этих возможностей - концептуальная, общеинтеллектуальная, образовательная однородность общества. В действительности же такая возможность, хотя и в меньшем масштабе, возникла уже с изобретением книгопечатания и резко усилилась с появлением таких средств связи, как радио и телевидение. В современной литературе много рассказывается о компьютерном одиночестве, об информационно-технологической самоизоляции индивида. Замыкаясь в масштабах передового радиовещания, телематики, в компьютеризированных системах связи и обработки данных, человек сможет со временем изолироваться от непосредственного и живого общения с иными членами сообщества. Наверяд ли серьезно может идти речь, что это приведет к распаду социальных взаимосвязей. Хотя несомненно, что похожие процессы уже на данный момент становятся некой, хоть и не полностью прорисованной, реальностью. Их возможно расценивать как положительные и отрицательные результаты ИКТ. Хотя они, бесспорно, обязаны учитываться как мощные причины формирования новейших личностных ориентаций, духовно-культурных ценностей, установок и форм поведения.

Последствия информатизации общества, как и последствия предшествовавших великих социотехнологических революций, будут различными для разных регионов, стран и народов. Свободное движение и производство информации и информационных услуг, неограниченный доступ к информации и использование ее для стремительного научно-технологического и социального прогресса, для научных инноваций, развития знаний, решения экологических и демографических проблем возможны лишь в свободных обществах, обществах демократических, обществах, признающих права человека и предоставляющих каждому индивиду возможности для свободы социальной и экономической инициативы и деятельности. Естественно, при всем этом необходимо ясно понимать, что демократия, свобода и т. д. варьируются от одной общественной системы к другой. Информатизация и медиатизация сообщества сами есть продукт конкретной социально-экономической системы и плохо прививаются в отсутствие рыночной экономики, демократического социального строя, гарантированного законом независимого доступа к любой информации, важной для жизнедеятельности и свободного развития человека. С этой точки зрения перспективы информации и медиатизации нашей страны выглядят на сегодняшний день совсем не так, как перспективы развитых стран Европы, Америки и Юго-Восточной Азии, и даже не так, как перспективы некоторых латиноамериканских стран. Несколько лет назад была одобрена обобщенная концепция информатизации российского общества. Но данная концепция не имеет ни конкретных целей, ни ясных механизмов, которые дали возможность бы перейти нашему сообществу на стадию информационного.

Узаконение различных форм собственности, проведенное разгосударствление экономики и некоторые другие мероприятия дали возможность развиваться индивидуальной, групповой и корпоративной инициативе и на проведение демонополизации. В сфере информационных технологий, средств и систем связи, в сфере исследований по искусственному интеллекту и т. д. наше отставание от современных западных стран продолжает очень быстро возрастать.

На данный момент несомненно одно: отказ от создания и выполнения продуманной программы информатизации и медиатизации сообщества, опирающейся на рыночную экономику, дерегуляцию и индивидуальную инициативу, сможет привести к тяжким результатам и необратимому социально-историческому регрессу.

Список использованной литературы:

1. Гуда, А. Н. Информатика. Общий курс [Текст] : учебник / А. Н. Гуда и др.; под ред. В. И. Колесникова. – 4-е изд. – М. : Дашков и К, 2014. – 400 с. – ISBN 978-5-394-01088-0.
2. Демидов, И. В. Логика [Текст] / И. В. Демидов; под ред. Б. И. Каверина. – 7-е изд. – М. : Дашков и К, 2012. – 348 с. – ISBN 978-5-394-01624-0.
3. Калабухова, Г. В. Компьютерный практикум по информатике. Офисные технологии [Текст] : учеб. пособие / Г. В. Калабухова, В. М. Титов. – М. : Форум- Инфра-М, 2013. – 336 с. – ISBN 978-5-8199-0321-6.
4. Косиненко, Н. С. Информационные системы и технологии в экономике [Текст] : учеб. пособие / Н. С. Косиненко, И. Г. Фризен. – М. : Дашков и К, 2020. – 304 с. - ISBN 978-5-394-01730-8.
5. Пауэлл Т. Web-дизайн. - 2-е изд., перераб. и доп.: Пер. с англ. - СПб.: БХВ-Петербург, 2017. – 1072 с.

УДК 328

Базарбаева Нургуль Калдыбековна

М.Мақатаев атындағы № 74

мектеп – гимназиясы

Нұр – Сұлтан қаласы

БАЛАНЫҢ ІШКІ МОТИВАЦИЯСЫН ОЯТУ ЖОЛДАРЫ

СПОСОБЫ ПРОБУЖДЕНИЯ ВНУТРЕННЕЙ МОТИВАЦИИ РЕБЕНКА

WAYS TO AWAKEN THE CHILD'S INNER MOTIVATION

Аннотация: Білім негізі – бастауышта. Дәл осы кезеңде бүлдіршіндер өмірлік дағдылардың бәрін бойларына сіңіріп, болашақта сол күнделікті тұрмыста көрініс табатын болады. Сол себепті «баланы жастан» деген қазақтың мақалына сүйене отыра, білім мен тәрбиені шәкірттердің бойына сіңіру аса маңызды.

Түйінді сөздер: Білім, болашақ, күнделік, себеп, тұрмыс.

Аннотация: Основа знаний на начальном этапе. Именно в этот период малыши усваивают все жизненные навыки, которые в дальнейшем будут отражаться в повседневной жизни. Поэтому, исходя из казахской поговорки "От детства к возрасту", важно прививать знания и воспитание ученикам.

Ключевые слова: Образование, будущее, дневник, причина, быт.

Abstract: The basis of knowledge is primary. It is during this period that children learn all the life skills that will be reflected in everyday life in the future. Therefore, based on the Kazakh proverb "from the age of the child", it is very important to instill knowledge and upbringing in students.

Keywords: Education, Future, Diary, reason, everyday life.

Ол үшін үнемі мотивация беріп, қолтықтарынан демеп, қолдау көрсету қажет. Себебі балалар мақтағанды сүйеді. Еңбектің бағаланғанын ұнатады. Оқуға деген ынталары артып, өзін маңызды тұлға ретінде сезінеді.

Мотивация-бұл адамның таңдаған бағыты бойынша жетістікке жетуі және бойын сәтсіздіктерден аулақ салу қажеттілігі [1]. Баланың ішкі мотивациясын оятудың маңыздылығы орасаң зор. Себебі, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, бүлдіршіндердің бойында қорқыныш пен қобалжу сезімдері қатар арпалысып, өн бойын үрей билейтіні жасырын емес. Сол сәтте алдынан күлімсірей шығып, жылы жүзі, жұмсақ тілімен

шәкірттердің жүрегіне жол таба білетін, мейірімі бойынан төгіліп тұратын мұғалімдердің бейнесін көріп, балалар ұстазын екінші анасы тәрізді қабылдап, сабаққа баруға ынталары артып, оқуға ден қояды. Дәл солай бастауышты тәмамдағанша олардың отты жанарларын сөндіріп алмау қажет. Айта кетейік, оқудың алғашқы төрт жылында олардың бойында ерекше ынта, іс – шараға деген белсенділік, бойдағы дарын ұшқын атып, ештеңеден қорықпайтын, тайсалмайтын қасиетке ие болады. Әрине, әр баланың даму ерекшелігі әр – түрлі екенін ескерсек, бәрі бірдей үздіктер қатарынан табылмайтыны анық. Сол себепті, сыныптастары ішінде ағаттық жіберген балаға жекіп, оны басқалардың көзінше төмендетпеген абзал. Бұл оның өзіне деген сенімсіздігін жоғалтып, оқуға деген ынтасын төмендетеді. Бір пәннен үлгерімі төмен болса да, өзге сала оған қызық болуы мүмкін. Бірақ, ол өз ойын жеткізе алмай қаламын ба, қателік жасаймын ба деген қорқынышпен өз білімін байқатпауы мүмкін. Сондықтан, оқушылар қандай да бір қателік жасаған жағдайда, бірден дүрсе қоя бермей, керісінше қолдау көрсеткен дұрыс. Мотивацияны оятудың түрлі әдіс – тәсілі бар. Мақтау, жылы сөз, танымал тұлғаларды сабақ барысында үлгі ретінде көрсету, қызықты мәліметтер оқып беру, болашақты көз алдыларына елестетуге мүмкіндік беру. Әр сабақта оқушылардың жетістігін елеп, оны өздеріне жеткізіп, жігерлерін одан әрі тасытып отыру қажет. Бірақ, бір – бірімен салыстырып, өз – ара бәсекелестік тудырмау керек. Бұл сынып ішінде алауыздықтың туындауына әсер етіп, оқушылар білімді өздері үшін емес, біреуге мықтылығын дәлелдеу мақсатында ғана игеретін болады. Оған қоса, баланы бағамен қорқыту да дұрыс емес. Нашар баға алған балаға, алдағы уақытта жақсы оқитын болсаң, бұл бестікке айналады деп ынталандырып қою қажет. Себебі, алға қойған мақсаты жоқ оқушы сабаққа да, басқа дүниеге де қызықпай, сол күйі уақытын тек мектеп пен үйдің ортасында өткізумен ғана шектелетін болады. Бұл қағиданы ата – аналармен жүргізілген жұмыстар барысында да дұрыстап түсіндірген абзал.

Оқу мотивациясы - бұл оқу іс – әрекетін жүзеге асыруға бағытталған күш-жігерді бір арнаға бағыттайтын және қолдайтын процесс. Бұл олардың мотивтерінен, мақсаттарынан, сәтсіздіктерге реакцияларынан және оқушының жаңа білім алу қажеттіліктерінен тұратын күрделі жүйе. [2, 44].

Баланың ішкі мотивациясын оятудың артықшылықтары өте мол. Ол бастауыш сынып оқушыларына оң ықпал етеді.

- Өз – өзіне деген сенімділіктері қалыптасады;
- Білімге деген қызығушылықтары артады;
- Бойдағы дарындары сыртқа шығып, қоршаған ортадан қысылмауға бейімделеді;
- Қателік жасаған жағдайда, оны түзетуге тырысып, сағы сынбайды;
- Жауапкершіліктері артып, алға мақсат қоюға дағдыланады.

Жоғарыдағы қасиеттердің оқушылардың бойында көрініс табуы үшін мұғалімдердің іс – әрекеті аса үлкен маңызға ие. Жақсы ұстаз әр шәкіртін жекелей жақсы көріп, олардың әрқайсысының дамуы үшін бар күш – жігерін сарп етуі тиіс. Ұстаздар балалардың бойында біліктілікті сіңіруден бөлек, олардың өмірге деген көзқарастарын қалыптастырып, өздеріне деген сенімдерін дамыту қажет.

Оқушылардың ынтасы олардың табыстылығына, білім деңгейіне, өмір бойы оқуға деген ықыласына байланысты. Заманауи зерттеулерге сәйкес, адам қызметінің нәтижелері тек 20% туа біткен интеллектке, ал 70-80% мотивацияға байланысты екенін естен шығармаған абзал. [3]

Бала кезде қабылдаған ақпарат, кез - келген әрекет өмір бойы естен кетпейтін қасиетке ие. Бастауыш сынып оқушылары өте сезімтал, барлық дүниеге мән беріп қарап, оны жүрекпен сезініп, уайым жеп, терең мән береді. Сондықтан, жай айтылған сын – ескертпенің өзіне аса мұқият болған жөн. Баланың жүрегін жаралап алмауды басшылыққа алу қажет. Бұл олардың тұйықталуына, өз ойларын ашып айта алмау жағдайына жеткізуі мүмкін. Сол себепті, керісінше барынша қолдау көрсетіп, мотивация беруді ұмыт қалдырмаған дұрыс.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын тиімді дамыту үшін білім беруді ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану маңызды (жеке, жұптық, ұжымдық, топтық) және оларды кезек – кезек алмастырып отыру қажет. Практикалық іс - тәжірибе көрсеткендей, ұжымдық және топтық сабақтағы іс-әрекет формалары жақсы мотивацияны тудырады, өйткені бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасқа деген үлкен қажеттілігін қанағаттандырады [4].

Бастауыш сынып оқушылары – жас шыбық тәрізді. Діңгегі әлі қатаймаған, кез – келген желдің өтіне төтеп бере алмай, морт сынуы мүмкін. Сондықтан, оның тамырын тереңге тартып, жайқалып өсуі үшін барынша күтім жасап, жағдай жасау біздің басты міндетіміз.

Балалар біздің болашағымыз. Ел ертеңі бүгінгі мектеп парталарында отырған оқушыларға байланысты. Сондықтан, дұрыс білім беріп, тағылымды тәрбиені бойларына сіңіру, мотивация беріп, өздеріне сенімді ұрпақ қалыптастыру аса үлкен қажеттілік. Мен болашақтың жарқын боларына толықтай сенемін. Жігері жасымаған, бойларында ұшқын оты шарпып, білімі тасыған ұлт ұландары көп болсын!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бадмаева Н.Ц. Влияние мотивационного фактора на развитие умственных способностей: Монография. – Улан-Удэ, 2014. – С.149-150.
2. Ширинкина О. А. Формирование положительной мотивации к учебной деятельности у младших школьников // Начальная школа. — № 7. С. 44.
3. Горохова, Ю. В. Повышение мотивации младших школьников к обучению на уроках и занятиях внеурочной деятельности / Ю. В. Горохова, И. В. Горохова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 3 (137). — С. 540-543. — URL: <https://moluch.ru/archive/137/38549/> (дата обращения: 22.02.2022).
4. Особенности развития детей младшего школьного возраста [Электронный ресурс] Режим доступа: http://ciot-anapa.ru/parents/16_psycholog/29-osobrazv-kids.html (дата обращения: 11.02.2019)

УДК 328

Базарбаева Нургуль Калдыбековна
М.Мақатаев атындағы № 74
мектеп – гимназиясы
Нұр – Сұлтан қаласы

ЖЫЛДАМ ОҚУ АРҚЫЛЫ ЖАДЫНЫ ДАМЫТУ

РАЗВИТИЕ ПАМЯТИ ПОСРЕДСТВОМ СКОРОЧТЕНИЯ

MEMORY DEVELOPMENT THROUGH FAST READING

Аннотация. Оқу – білімнің ажырамас бөлшегі. Оқу – айтылыммен де, сөйлемді түсінумен де тығыз байланысты сөйлеу әрекетінің маңызды түрлерінің бірі. Адам сауат ашу үшін ауызша білген жеткіліксіз, міндетті түрде әріп танып, мәтінді оқи алу қабілетіне жастайынан бейімделуі қажет.

Түйінді сөздер: Оқу, білім, міндет, адам, мәтін.

Аннотация. Чтение-неотъемлемая часть знаний. Чтение-один из важнейших видов речевой деятельности, тесно связанный как с произношением, так и с пониманием

предложения. Человеку недостаточно устного знания, чтобы быть грамотным, он должен с раннего возраста адаптироваться к умению распознавать буквы и читать текст.

Ключевые слова: чтение, образование, задача, Человек, текст.

Abstract. Reading is an integral part of knowledge. Reading is one of the most important types of speech activity that is closely related to both pronunciation and sentence understanding. In order to learn literacy, it is not enough to have oral knowledge, it is necessary to learn letters and adapt to the ability to read text from an early age.

Keywords: reading, knowledge, task, person, text.

Бұл дағдылардың бәрі бастауыш сыныпта қалыптасатынын ескерсек, оқушылардың таным – түйсігін арттыру барысында барынша жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор. [1]. Оқу процесінің негізгі буыны мәтін болып табылады. Мәтін (лат. textus - байланыс, комбинация") - жалпы мағынада белгілердің үйлесімді және толық тізбегі деген мағынаны білдіреді [2].

Мектеп табалдырығын енді аттаған бүлдіршіндер ештеңеден хабары болмаса да, уақыт өте келе олар алфавиттегі барлық қаріппен танысып, олардың басын құрап оқи бастайды. Дәл осы сәтте буынға дұрыс бөлуге баулу, дауыс ырғағы, қатесіз оқу тәрізді дүниелерге жіті мән беріп, оқу шапшаңдығын арттырудың маңызы зор. Шапшаң оқудың өзіндік артықшылықтары да жоқ емес. Ғалымдардың пайымдауынша, жылдам оқитын адамның қабілет – қарымы өзгелерге қарағанда жоғары болып, есте сақтау барысы да жақсы дамиды. Сол себепті шәкірттердің оқу шапшаңдығын дамытудың тиімді әдіс – тәсілдеріне сүйеніп, сабақ барысында дамытуды көздеген абзал. Мәселен, минутқа оқу барысында сынып ішінде арнайы кесте қойып, тізім бойынша айырмашылықты аңғаруға болады. Бұл балалардың ілгері жылжуы немесе үлгерімінің төмендеуін байқатып, оқушыларды қамшылап, жақсы нәтиже шығаруға ұмтылдырады. Оған қоса, оқушыларды ынталандырып, мәтін оқу бойынша жүлделі орындар тағайындап, жеңімпаздарды марапаттауға да болады. Бастауыш сынып оқушылары жарыс ұйымдастырғанды жақсы көреді. Алғашқы орыннан көрінуі үшін намысқа тырысып, бар ерік жігерлерін сарп етіп, ерекше қызығушылықпен тапсырманы орындайды. Сол себептен бұл әдіс өзінің оң нәтижесін байқатпақ. Бұл жылдам оқу арқылы оқушылардың жадын қалыптастыруға да өз септігін тигізбек. Себебі, шапшаңдығы жоғары жанның есте сақтау қабілеті де біршама жоғары екендігі практика барысында дәлелденген. Атақты ғалымдар, басшылар, тұлғалардың жеке бас қасиетіне зер салып қарайтын болсақ, олардың басым көпшілігі жылдам оқу қасиетімен өзгелерден ерекшеленетін болған. Мысалы, тарихта аты қалған, атақшы көшбасшы Наполеон Бонапарт та жылдам оқу бойынша алдына дес бермеген жандардың бірі. Тіпті, арнайы деректерге сүйенетін болсақ, ол минутына 2000 сөз оқи алатын болған. Ал, француз жазушысы Оноре де Бальзак қалың том романдарды небәрі жарты сағатта оқып шыққан. Максим Горький болса бір минутта төрт мың сөз оқи алатын болған. Бұл атақты адамдарды мысалға бекер алғаным жоқ. Олар тек жылдам оқу қасиетіне ғана ие болмай, сонымен қатар мықты жады арқылы да ерекшеленіп, бойдағы дарындарын игі мақсатта қолдануға септігін тигізіп отырған. Кез – келген оқушы дәл осы тұлғалар тәрізді кейін атағы жер жарып, биіктерді бағындыруы ғажап емес. Ол үшін бастауыштан берілетін білімнің іргетасы берік қалануы тиіс.

Оқытудағы дағдылар – бірнеше мәрте қайталау нәтижесінде автоматтандырылған сипатқа ие болған оқу әрекеті. Ол оқушылардың білім мен білікті игеру мөлшеріне қарай олардың ауызша және жазбаша сөйлеу кезінде, оқу міндеттерін орындауда т.б. көрінеді. [3,162 б.]

Айта кетейік, 1 сыныпты тәмамдаған сәтте оқушылар 35 сөз оқи алуы тиіс. Қазақстан Республикасының білім беру стандартына сай 2 – сыныпты аяқтаған оқушылар 55 – 60 сөз, ал 3 сыныпта 75-80 сөз, 4 сыныптың жыл аяғында минутына 95 – 100 сөз оқи алулары қажет. Байқап отырғанымыздай оқушылар сыныптан сыныпқа ауысқан сайын оқу шапшаңдығы артып, оқу дағдылары анағұрлым жақсара түседі. Тиісінше есте сақтау қабілеттері де солай дамып, қоршаған ортаны қабылдау түйсігі қалыптаса бастайды.

Психологтар адам кітап қаншалықты көп оқыса, соншалықты жады жақсы қалыптасып, ойлау қабілеті дамитындығын дәлелдеген. Сол себепті, әр сыныпқа бекітілген талапқа сай жүйелі түрде оқу шапшаңдығын арттыру бойынша іс – әрекеттерді жүргізу қажет.

Жад-кез-келген шығармашылық іс-әрекеттің қажетті шарты, әрқашан адам алған және игерген ақпарат негізінде жүзеге асырылады [4].

Дегенмен әр бала жеке тұлға екенін ескерсек, кейде жылдам оқу барысында өзіндік кедергілерге тап болатын бүлдіршіндер де жоқ емес. Оған психологиялық, физикалық ерекшеліктер себеп болуы мүмкін. Мәселен, көздің нашар көруі, тіл кемістігі, мәтінді түсініп оқымау, қосымша жұмыстарды сыныптан тыс уақытта орындамауы себеп болуы мүмкін. Қосымша тапсырма дегеніміз, бала сана көп, ал сабақта уақыт тапшы болғандықтан, мұғалім әр балаға жекелей тапсырма беріп, бос уақытында түрлі кітаптар, журналдар мен мәтіндер оқуға кеңес беріп, оқу шапшаңдығын арттыруды көздейді. Дегенмен, бұған немқұрайлы қарап, сыныптан тыс жұмысты назардан тыс қалдырып жататын жандар да жоқ емес.

Оқушылардың жадын дамыту барысында оқумен қатар жақсы жазудың да маңызы бар. Сол себепті екі тәсілді біріктіріп, оқушылардың есте сақтау қабілетін анағұрлым арттыруға болады. Ол үшін атақты профессор И.Т.Федоренко «көру диктантын» жүзеге асыруды ұсынған. Яғни, мұғалім тақтаға сөйлемдер жазып, оны іштей оқуға тапсырма береді. Араған уақыт салып тақтадағы сөздер өшіріледі де, балалар ойларына сақтап қалған мәтінді қағаз бетіне түсірулері қажет. Бұл сөйлемдердің орналасу тәртібі, белгілі бір дүниеге тереңінен мән беріп, мұқият назар аударуға, ой елегінен өткізіп, есте сақтауға өзінің көп көмегін тигізбек.

Шапшаң оқу шәкірттерге келесідей машықтардың артуына септігін тигізеді:

- Мәнерлеп оқу. Яғни, берілген мәтінге мән беріп, мазмұнынан үніліп, дауыс ырғағын дұрыс қоюды қалыптастырады;
- Мәтінді оқи отыра елестету барысы артып, ойша жағдайды көз алдына келтіріп, танымдық түйсігі артады;
- Толық көлемде оқып, түсінігі артқан соң, мәтін соңындағы тапсырмаларды тез орындауға дағдыланады;
- Үйге берілген тапсырманы орындау үшін уақыттарын үнемдейді.

Оқу шапшаңдығын арттыра отыра оқушылардың білім көкжиегін кеңейтіп, жадын жақсартуға болады.

Есте сақтау қабілетінің жоғары болғаны кез – келген адам үшін аса маңызды. Алайда, көбісі бұл жылдам оқумен байлынысты екенінен бейхабар. Сондықтан, ерте кезден оқуға баулу, дұрыс техникалар қолдану аса үлкен қажеттілік. Шебер маман бұл талаптарды өз шәкірттерінің бойына сіңіріп, ойы жүйрік, тілі шапшаң, қабілеті қарымды ұлт ұландарын тәрбиелеп шығады.

Бастауыш сынып – әр баланың өмірінде ең маңызды кезеңді қамтиды. Себебі, бұл – ең алғашқы білім, ең алғашқы – орта, ең алғашқы ұстаз. Қай кезде де ең алғашқы алған әсер ерекше есте қалатыны сөзсіз. Сондықтан, дәл осы кезеңде оқушыларды қалай қалыптастыратын болсақ, өмір бойы сол дағды бойынша өрбитіні анық. Білікті маман әр сабағын қызықты етіп ұйымдастыруды басшылыққа алып, оқушылардың білімге деген ынталарын бәсеңдетіп алмауы тиіс. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді, дана қазақ. Олай болса, білгір маман, білікті шәкірттер қатары арта берсін! Болашақтың кілті – бүгінгі жас буынның қолында. Бойларында жігері мол, жылдамдығы ерекше, біліммен толысқан тұлғалар қатары көп болсын!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Галактионова Т.Г. «Открытое чтение» - концептуальная характеристика чтения как социально-педагогического феномена открытого образования // Известия Российского

государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. - 2007. - Т. 9. - № 42. - С. 122-132.

2. Гураль С.К. Язык и мышление. Феномен «сложного» мышления // Язык и культура. - 2008. - № 3. - С. 5-12.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология». – Алматы, «Мектеп», 2002, 257 бет.

4. Истомина З.М. Развитие памяти. – М., 1978.

УДК 333

Курманова Айман Салтыкпаевна
магистрант кафедры «Педагогика и психология»
Университет «Туран-Астана»
Научный руководитель:
Жантiekеев Серик Крыкбаевич
кандидат психологических наук
профессор

КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩАЯ РАБОТА С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫЖӘНЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН

CORRECTIONAL AND DEVELOPMENTAL WORK AND WITH CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Аннотация. В данной статье приводится описание современных методик диагностики для детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями. Автор рассматривает психолого-педагогическую диагностику, отталкиваясь от знаний, умений и навыков нормативно-развивающихся детей. Отдельно освещается методика диагностики детей с задержкой эмоционально-коммуникативного развития и аутизма. В качестве диагностики детей первых лет жизни представлены шкалы KID и RCDI – 2000.

Современный подход к коррекционно-развивающей работе с детьми с особыми образовательными потребностями значительно расширился и представляет интерес как для специалистов, так и для родителей, вовлеченных в этот процесс.

Ключевые слова. Коррекция, диагностика, особые образовательные потребности, аутизм, раннее вмешательство.

Аннотация. Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған заманауи диагностикалық әдістердің сипаттамасы берілген. Автор психологиялық-педагогикалық диагностиканы нормативті түрде дамып келе жатқан балалардың білім, білік, дағдыларынан бастап қарастырады. Сондай-ақ эмоционалдық-коммуникативтік дамуы тежелген және аутизмі бар балаларды диагностикалау әдістемесі бөлек көрсетілген. KID және RCDI-2000 шкалалары өмірдің алғашқы жылдарындағы балалар үшін диагностика ретінде ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарына заманауи көзқарас айтарлықтай кеңейді және осы процеске қатысатын мамандарды да, ата-аналарды да қызықтырады.

Түйінді сөздер. Түзету, диагностика, арнайы білім беру қажеттіліктері, аутизм, ерте араласу.

Annotation. This article provides a description of modern diagnostic methods for preschool children with special educational needs. The author considers psychological and pedagogical

diagnostics, starting from the knowledge, skills and abilities of normatively developing children. Separately, the methodology for diagnosing children with delayed emotional and communicative development and autism is highlighted. The KID and RCDI-2000 scales are presented as diagnostics for children of the first years of life.

The modern approach to correctional and developmental work with children with special educational needs has expanded significantly and is of interest to both specialists and parents involved in this process.

Keywords. Correction, diagnostics, special educational needs, autism, early intervention.

Процесс развития идет неравномерным образом, то вяло тянется, то наблюдаются скачки, накапливаются знания, случается потрясающий взлет культуры, искусства и потом, почему-то, начинается период деградации, упадка, гниения. Подобные явления историки и этнографы обозначают термином «вторичная дикость». Такой культурный регресс наблюдался в ходе исторического развития у многих народов. Современная действительность переживает значительные, порой молниеносные изменения. Всплывает самое темное, грязное, агрессивное, гибнет самое лучшее, тонко организованное, соответственно появляются незрелые идеи, эксперименты, от которых страдают самые беззащитные и самые ценные в нашем обществе – дети.

По данным ежегодных опросов, ежегодных срезов изучения здоровья 85% детей рождаются с недостатками развития и неблагоприятным состоянием соматического и нервно-психического здоровья, 30-40% детей нуждаются в помощи дефектолога и логопеда (задержка общего и речевого развития, трудности формирования ВПФ), свыше 50% детей относятся к группе риска негармоничного развития (пограничные психические нарушения и нарушения поведения, другими словами, с расстройствами аутистического спектра).

Таким образом, у современных детей, у всех, есть специфические образовательные потребности, которые мы обязаны удовлетворить. И современная система образования путем обновления и введения новых реформ лихорадочно ищет пути решения данной задачи.

Одним из вариантов является повсеместное открытие кабинетов психолого-педагогической коррекции, охвативших, в основном, дошкольную группу детей. Сейчас, в качестве эксперимента, в трех регионах страны на государственном уровне открыты центры раннего вмешательства, оказывающие помощь детям от рождения. Современный подход к коррекционно-развивающей работе с детьми с особыми образовательными потребностями значительно расширился и представляет интерес как для специалистов, так и для родителей, вовлеченных в этот процесс.

